



ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-КӨПШІЛІК ЖУРНАЛ

3 (17) 2013



БАС РЕДАКТОР

С.Ж. ПІРӘЛИЕВ

Абай атындағы ҚазҰПУ ректоры, педагогика ғылымдарының докторы, профессор,
ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Нуриев М.А. – Абай ат. ҚазҰПУ, Интеллектуалды ұлт қалыптастыру ҒЗИ директоры, ҚР Жоғары мектебіне еңбегі сіңген қызметкер, профессор, бас редактордың бірінші орынбасары;

Сейсенбаева Ж.А. – Абай ат. ҚазҰПУ, Интеллектуалды ұлт қалыптастыру ҒЗИ директорының орынбасары, ф.ғ.к., жауапты редактор;

Айдемір Окай – Ыстамбұл университетінің байланыс факультетінің деканы, профессор;

Әлмұхамбетов Б.А. – Абай ат. ҚазҰПУ, көркем-сурет факультетінің деканы, пед.ғ.д., профессор;

Байсабаев Б.А. – ф.ғ.к., Ж.Баласағұн атындағы Қырғыз Ұлттық университетінің доценті;

Бейсенова Ә.С. – Абай ат. ҚазҰПУ-дың «География және экологиядан ғылыми-әдістемелік орталығының» меңгерушісі, геогр.ғ.д., профессор, ҚР ҰҒА академигі;

Бөлеев Қ. – Тараз мемлекеттік педагогикалық институтының «Педагогика және этнопедагогика» кафедрасының меңгерушісі, пед.ғ.д., профессор;

Ғаббасов С. – жазушы, КСРО Денсаулық сақтау ісінің үздігі, медицина және педагогика ғылымдарының докторы, профессор;

Есполов Т.И. – Қазақ ұлттық аграрлық университетінің ректоры, э.ғ.д., профессор, ҚР ҰҒА академигі;

Исамидинов И.Ч. – Жүсіп Баласағұн ат. Қырғыз ұлттық университетінің ректоры, пед.ғ.д., профессор;

Иманбаева С.Т. – Абай ат. ҚазҰПУ, «Ұлттық тәрбие және өзін-өзі тану» кафедрасының меңгерушісі, пед.ғ.д., профессор;

Қирабаев С.С. – ф.ғ.д., профессор, ҚР ҰҒА академигі;

Мардахаев Л.В. – Ресей Мемлекеттік әлеуметтік университетінің «Әлеуметтік және отбасы педагогикасы» кафедрасының меңгерушісі, пед.ғ.д., профессор;

Михайлова Н.Б. – пс.ғ.к., доцент, Халықаралық білім және ғылыми ақпараттандыру орталығының директоры (Германия);

Молдабеков Ж.Ж. – филос.ғ.д., әл-Фараби ат. ҚазҰУ «Мәдени-антропология» кафедрасының профессоры;

Мұтанов Ғ.М. – әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің ректоры, тех.ғ.д., профессор, ҚР ҰҒА құрметті мүшесі;

Нәрібаев К.Н. – ҚР ҰҒА қоғамдық және гуманитарлық бөлімше төрағасының орынбасары, э.ғ.д., профессор, ҚР ҰҒА академигі;

Нөкетаева Д.Ж. – Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің ректоры, пед.ғ.к.;

Сманов Б.Ө. – аппарат жетекшісі, Абай ат. ҚазҰПУ профессоры, пед.ғ.д., ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі, Халықаралық педагогикалық білім беру (Ресей) және Халықаралық Айтматов (Қырғызстан) академияларының академигі;

Шаханова Р.Ә. – Абай ат. ҚазҰПУ-дың Магистратура және PhD докторантура институтының филология мамандықтары кафедрасының меңгерушісі, пед.ғ.д., профессор, ХПБҒА мүше-корреспонденті.

ГЛАВНЫЙ РЕДАКТОР

С.Ж. ПРАЛИЕВ

Ректор КазНПУ имени Абая, доктор педагогических наук, профессор,
член-корреспондент НАН РК

СОСТАВ РЕДАКЦИОННОГО СОВЕТА:

Нуриев М.А. – директор НИИ по Формированию интеллектуальной нации КазНПУ им. Абая, Заслуженный работник высшей школы РК, профессор, первый заместитель главного редактора;

Сейсенбаева Ж.А. – зам. директора НИИ по Формированию интеллектуальной нации КазНПУ им. Абая, к.ф.н., ответственный редактор;

Айдемир Окай – декан факультета связи университета Стамбул, профессор;

Альмухамбетов Б.А. – декан художественно-графического факультета КазНПУ им. Абая, д.пед.н., профессор;

Байсабаев Б.А. – к.ф.н., доцент Кыргызского Национального университета им. Ж.Баласагына;

Бейсенова А.С. – руководитель научно-методического центра по географии и экологии КазНПУ им. Абая, д.пед.н., профессор, академик НАН РК;

Болеев К. – зав. кафедрой “Педагогика и этнопедагогика” Таразского государственного педагогического института, д.пед.н., профессор;

Габбасов С. – писатель, Заслуженный работник здравоохранения КСРО, доктор медицинских и педагогических наук, профессор;

Есполов Т.И. – ректор Казахского национального аграрного университета, д.э.н., профессор, академик НАН РК;

Исамидинов И.Ч. – ректор Кыргызского национального университета имени Ж.Баласагына, д.пед.н., профессор;

Иманбаева С.Т. – зав. кафедрой национального воспитания и самопознания КазНПУ им. Абая, д.пед.н., профессор;

Кирабаев С.С. – д.ф.н., профессор, академик НАН РК;

Мардахаев Л.В. – заведующий кафедрой социальной и семейной педагогики Российского государственного социального университета, д.пед.н., профессор;

Михайлова Н.Б. – директор центра международного образования и научной информатизации (Германия), к.пс.н., доцент;

Молдабеков Ж.Ж. – профессор кафедры культурной антропологии КазНУ им. Аль-Фараби, д.филос.н.;

Мутанов Г.М. – ректор Казахского Национального университета имени аль-Фараби, д.тех.н., профессор, почетный член НАН РК;

Нарибаев К.Н. – зам.председателя отделения общественных и гуманитарных наук НАН РК, д.э.н., профессор, академик НАН РК;

Нукетаева Д.Ж. – ректор Казахского Государственного женского педагогического университета, к.пед.н.;

Сманов Б.О. – руководитель аппарата Казахского национального педагогического университета имени Абая, д.пед.н., профессор КазНПУ имени Абая, член-корреспондент НАН РК, академик Международной академии наук педагогического образования (Россия), Международной Айтматовской академии (Кыргызская Республика);

Шаханова Р.А. – зав. кафедрой филологических специальностей Института Магистратуры и PhD докторантуры КазНПУ им. Абая, д.пед.н., профессор, член-корреспондент МАН-ПО.

EDITOR-IN-CHIEF

S.ZH. PRALIEV

the rector of KazNPU named after Abai, the doctor of pedagogical sciences, the professor,
corresponding-member of the NAS RK

EDITORIAL STAFF:

Nuriev M.A. – the director of scientific research institute of Intellectual Formation nation of KazNPU named after Abai, the deserved worker of the higher school of the RK, the professor, first deputy chief editor;

Seysenbaeva Zh.A. – the deputy director of scientific research institute of Intellectual Formation Nation of KazNPU named after Abai, the candidate of philological science, the managing editor;

Aydemir Okay – dean of the Faculty of Communications Istanbul University, the professor;

Almukhambetov B.A. – the dean of art-graphic faculty KazNPU named after Abai, the doctor of pedagogical sciences, the professor, the academician of the National Knowledge Academy named after Y.Altynsarina;

Baisabaev B.A. – the candidate of philological science, the docent Kyrgyz National University named by Zh. Balasagyn;

Beysenova A.S. – the chair of sud department «the scientifically-methodical centre on geography and ecology» the doctor of pedagogical sciences, the professor, academician of the NAS RK;

Boleev K. – the university chair of “Pedagogics and ethnopedagogics” of Taraz State Pedagogical Institute, the doctor of pedagogical science, professor;

Gabbasov C. – the writer, the deserved worker of public health services KSRO, the doctor of medical and pedagogical sciences, the professor;

Espolov T.I. – the rector of Kazakh national agrarian university, the doctor of economical sciences, the professor, the academician of the NAS RK;

Isamidinov I.Ch. – rektor of Kyrgyz National University named by Zh.Balasagyn, doctor of pedagogical sciences;

Imanbaeva S.T – Head of the Department of “national education and samoponaniya” KazNPU them. Abaya, the doctor of pedagogical sciences, the professor;

Kirabaev S.S. – the doctor of philology, the academician of the NAS RK;

Mardahaev L.V. – Head of the Department of Social and Family Pedagogy of the Russian State Social University, doctor of pedagogical sciences, professor;

Mikhailova N.B. – Ph.D., Associate Professor, Director, Center for International Education and Information Science (Germany);

Moldabekov Zh.Zh. – the academician of social academy, the academician of Academy International acmyology, the doctor of philosophic sciences, the professor of the chair “Cultural anthropology” of KazNU named after Al-Farabi;

Mutanov G.M. – the rector of the Kazakh National University named after Al-Farabi, the doctor of technical science, the professor, honorary member of the NAS RK;

Naribaev K.N. – vice-chairman of separation of social and humanitarian sciences of NAS RK, the doctor of economics, the professor, academician of the NAS RK;

Nuketaeva D.Zh. – rector of Kazakh State Female Pedagogical University, the candidate of pedagogical sciences;

Smanov B.U. – head of the office of the Kazakh national pedagogical university of a name of Abay, doctor of pedagogical sciences, professor KazNPU of a name of Abay, corresponding member of National Academy of sciences of the Republic of Kazakhstan, academician of the International academy of Sciences of pedagogical education (Russia), International Aytmatovsky academy (Kyrgyz Republic);

Shahanova R.A – the university chair of philological specialties of PhD studies and magistracy Institute of KazNPU named after Abai, the doctor of pedagogical sciences, the professor, corresponding-member of the IASPE.

Меншік иесі: Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

Журнал Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінде 2010 жылдың
4-ші ақпанында тіркеліп, №10674-Ж кәулігі берілді.

© Абай атындағы ҚазҰПУ, 2012



«Қазақстан патриотизмінің іргетасы – барлық азаматтардың тең құқылығы және олардың Отан намысы алдындағы жалпы жауапкершілігі»

Н.Ә.Назарбаев
«Қазақстан – 2050» – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты»
атты Қазақстан халқына Жолдауынан
2012 жыл 14 желтоқсан.



ҚҰТТЫҚТАУ!

Бүгінде Қазақстанға аты белгілі экономист-ғалым, мемлекет және қоғам қайраткері, Нәрібаев Көпжасар Нәрібайұлы 2013 жылдың маусым айының 3 жұлдызында 75 жасқа толып отыр.

Адамның бойындағы ізгі қасиеттер туралы айтқанда қай жағынан қарасаң да алуан құбылып, ғажап нұр шашып тұратын асыл алмаз сияқты абзал азаматтар ойға оралады. Осы сынды «алмаздың сынығы» – қадірменді ұстаз, экономист-ғалым, мемлекет және қоғам қайраткері Көпжасар Нәрібайұлын өмірден тоқығаны мол, кемел ойлы тұлға ретінде жақсы білеміз. Саналы ғұмырында күрделі жұмыстармен қатар, ғылыммен айналысуға да уақыт тауып, экономика ғылыми докторы, профессор, Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясының академигі, сонымен қатар, Халықаралық және Қазақстан Жоғары мектеп ғылым академиясының, Халықаралық

Еуразия экономикалық академиясының, Украинаның экономикалық академиясының толық мүшесі, Қазақстанның еңбек сіңірген ғылым және техника қайраткері дәрежесіне көтеріле білді. Көпжасар Нәрібайұлының қабілеті де жоғары бағаланып, үнемі басшылық жұмыстарды абыроймен атқарып келеді. Осы орайда Көпжасар Нәрібайұлының басшы ұстаз, ғалым ұстаз қасиеті көзге түседі. Ортасына сыйлы.

Қашанда қызығы мен қиындығы қатар жүретін бұл өмірдің бұлтарысы көп, бұралаң ұзақ жолында таңдаған ғылым жолыңыздың қыры мен сырын шебер меңгеріп, бүгінде Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетіндегі басшылық лауазымында қалтқысыз қызмет атқарып келесіз. Өзіңіз еңбек етіп жүрген ұжым Сізді үлкенге ілтипатты іні, кішіге қамқор аға, қатарластарына адал дос бола білген ізгі жүректі азамат, еңбекте беделді

маман, абыройлы жетекші, қаталдығы мен әділдігі жарасқан білікті басшы ретінде үлгі тұтады.

Өзіңізге қонар бақтың баяндысын, бітер дәулеттің көл-көсірлігін, келер ырыстың

ысырап болмауын, жүрек гүлінің мәңгі солмауын, шаңырағыңызға шаттықтың орнауын, Тәңірдің шексіз қолдауын тілейміз! Әрқашан осы жігерлі, қуатты қалпыңыздан таймай, әлі де талай асулардан аса беріңіз!

**Ізгі ниетпен,
Интеллектуалды ұлт қалыптастыру
ҒЗИ және Республикалық ғылыми-
көпшілік бағыттағы «Ұлттық тәрбие»
журналының ұжымы**



Мен үшін жақсы мұғалім бәрінен де артық,
өйткені, мұғалім – мектептің жүрегі

Ы.Алтынсарин.

Адамның адамгершілігі ұстаздан болады

А.Құнанбаев.

ӘОЖ: 92193:37.01

Б.Ө.Сманов

*ҚР Ұлттық ғылым академиясының корреспондент-мүшесі,
п.ғ.д., профессор, Абай атындағы ҚазҰПУ*

ҰЛТЫН СҮЙГЕН АЗАМАТ

Бұл мақалада ұлттын сүйген азамат – Көпжасар Нәрібайұлы жайлы және жастарымызды ұлтымыздың ірі тұлғаларға бай, тарихы терең, мәдениеті жоғары екенін танып, сол тұлғалардың өмірі, ұлтын-халқын сүюі, елі үшін жасаған ерліктері өздеріне үлгі болатынына көздерін жеткізеді.

Түйінді сөздер: *ұлт қайраткері, ғалым, ұстаз, ұлтын сүйген азамат, білім, ғылым.*

В этой статье написано о К.Нарибаеве, который любил свой народ, ценил высокую культуру страны. К.Нарибаев замечательный руководитель, талантливый ведущий, опытный наставник, талантливый ученый, благородный гражданин, который суммировала сильный деятель прекрасная нравственность качества вдоль него.

Ключевые слова: *деятель, ученый, наставник, личности любящей свою родину, знание, наука.*

In this article was written about K. Naribaev, loved his people, appreciated the high culture of the country. K. Naribaev a wonderful leader, a gifted presenter, an experienced coach, a gifted scientist, noble citizen who joined the strong figure of great moral qualities along it.

Keywords: *personality, scientist, mentor, identity loving their homeland, knowledge, science.*

Бүгін есімі елімізге кеңінен таны- мал көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, жоғары мектептің білікті ұйымдастырушысы, экономика ғылым- дарының докторы, профессор, ҚР Ұлттық ғылым академиясының академигі Көпжасар Нәрібайұлы Нәрібаев 75 жасқа толып отыр.

«Ғылым таппай мақтанба, орын таппай баптанба, құмарланып шаттанба, ойнап – босқа күлуге», – деп ұлы Абай айтқандай, ақын өсиетін жастайынан көкейіне түйіп, оқу-білім, ғылымға ұмтылған Көпжасар Нәрібайұлы – есейе келе өмірден өз орнын тауып, бүкіл саналы ғұмырын білім-ғылым саласына, Жоғары мектеп пен мемлекет ісіне арнаған, сөйтіп көрнекті қайраткерлік дәрежеге көтерілген бірегей тұлға. Оның өмірі мен атқарған ісі жас буынға да, тіпті өзімен қатарласа қызмет етіп жүрген

біздерге де үлкен өнеге. Бұл мақалада ол кісінің ғалым, қайраткер, азамат ретіндегі қырларына аз-кем тоқталсам деп отырмын.

Көпжасар Нәрібайұлы 1938 жылы 3 маусымда Жамбыл облысының Жамбыл ауданындағы Бектөбе ауылында дүниеге келген. Ауылда жетіжылдықты, одан Жамбыл қаласында орта мектеп бітіріп, С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетіне түскен ол 1960 жылы аталған оқу орнын экономист мамандығы бойынша бітіреді. Одан соң Мәскеу Қаржы институтының аспирантурасында оқиды. Бұдан кейін су жаңа ғылым кандидатының қызу еңбек жолы басталады. Бұл – 1964 жыл еді. Алматы халық шаруашылығы институтында аға оқытушы, доцент, кафедра меңгерушісі, факультет деканы, ғылыми жұмыстар жөніндегі проректор болып,

өмір жолының жаңа парақтарын бастаған Көбекең өзінің барлық саналы ғұмырында жоғары білім беру жүйесін жетілдіру ісімен айналысып, министрдің орынбасары, Министр деңгейіне дейін көтерілді. Оған қоса шет елдердің озық тәжірибесін терең зерттеп, біздің өмірімізге енгізді. Сондықтан да ғалымның еліміздегі білім беру ісінің болашақ даму бағыттары мен олардың ғылыми негіздерін қалыптастыруға байланысты айтары аз емес деп ойлаймыз. «Білімді болудың мақсаты – мансап емес, қоғам мен халқыңа қызмет ету» – дейді ол. Рас сөз. Көпжасар Нәрібайұлы өзінің – барлық ақыл-ойын, күш-қайратын, іс-тәжірибесін, бүкіл ғұмырын осы ұстанымға бағындырған жан [1, 98].

Көбекең білім саласындағы қай қызметте, қандай мәселемен айналысса да, ол оны тыңғылықты түрде аяғына дейін жеткізуге тырысқан азамат.

Тынымсыз еңбек, үлкен ақыл-ой, биік парасаттылық, өмірлік бай тәжірибе-тәлім, жоғары мәдениеттілік пен адамдармен іскерлік қарым-қатынас, өзінің атқарар міндетіне деген адалдықтың арқасында Көбекең республикадағы абыройлы, беделді басшылардың бірі болғанын бәріміз білеміз. Айталық, ЮНЕСКО-ның 1985 жылы өткізілген халықаралық симпозиумында, бұрынғы СОКП Орталық Комитеті Саяси бюросы мүшелерінің қатысуымен өткен жиында сөз сөйлеу үшін Мәскеуде барлық одақтас республикалар ішінен таңдау біздің министріміз Көпжасар Нәрібайұлына түскені әлі жадымызда.

Сол кезде республикаға ауадай қажет болған зәру мамандықтар мен жаңа оқу орындарын ашуға Көбекеңнің өзі тікелей жетекшілік жасап, Алматы мемлекеттік театр және көркемөнер институты, Рудный индустриалды институты, Қостанай ауылшаруашылығы институты, Семей ет және сүт өнімдері технологиялық институты секілді т.б. ондаған жоғары және арнаулы орта оқу орындары жаңадан ашылған еді.

Көбекең жайлы әңгіме қозғағанда, 1986

жылғы әйгілі «Желтоқсан оқиғасын» айтпай кетуге болмайды. Ол оқиға халқымыздың басына түскен азалы ауыртпалық, үлкен нәубет болғанын бүкіл әлем біледі. К.Н.Нәрібаев «ұлтшыл» деп айыпталып, министр қызметінен босатылды. Негізгі тағылған айып – министрлік лауазымды асыра пайдаланып, жоғары оқу орындарында қазақ жастарын шектен тыс көбірек оқытты; басқа ұлттардың өкілдеріне, әсіресе, орыс халқының мүддесіне орасан зор зиян келтірді дегенге сайды. Осылайша жоғарыдағылар министр ағамызға «өз еркімен кетуге» өтініш жазғызды. Біз сонда:

Мен көрдім ұзын қайың құлағанын,

Бас ұрып қара жерге сұлағанын, –

деп ұлы Абай айтқандай, атпал азаматын қадірлемеген өзіміздің арамыздағы жандайшаптарды көріп, куәсі болдық.

Алайда, уақыт деген Ұлы Таразы бүгінгі күнде бар нәрсені өз орнына қойды. Осы жерде мен ағамыздың тұла бойынан кешегі ұлтын сүйгендігі үшін «ұлтшыл» деген жаламен бастарын бәйгеге тіккен алып тұлғалар Ахмет Байтұрсыновтың, Міржақып Дулатовтың, Мағжан Жұмабаевпен Жүсіпбек Аймауытовтардың өршіл де сыршыл, тұңғыық та терең тылсым жан дүниесін көргендей боламын. «Ел – бүгіншіл, менікі – ертеңгі үшін» деп Ахаң айтқандай, кешегі «шаш ал десе, бас алатын» – басшысымақтар өткен күнге қызмет етсе, ал ағамыз болашақ үшін – бүгінгі егемен еліміздің келешегі үшін өлшеусіз қызмет еткенін, біртуар үлкен тұлға екенін Уақыт дәлелдеді. Сондықтан да ел басына сын сағаты туған сәтте ұлт басына түскен нәубетке қаймықпай қарсы тұра білген азаматқа болашақ ұрпақтың айтар алғысы шексіз деп ойлаймын. Бұндай азаматқа артық мақтаудан гөрі бас ию, іштей тағзым ету лайық секілді...

Көбей ағамыздың одан кейінгі қызметтік өмірбаянын жалпы жұрт біледі.

Әсіресе, ҚазМУ-де ректорлық қызмет еткен кезеңдері Көпжасар Нәрібайұлының өмір жолындағы ең бір жемісті жылдары, айрықша аталатын кезеңдер еді. Ол

жөнінде әл-Фараби университетінде өткен жиында баяндама жасаған университет ректоры, академик Ғ.Мұтанов мырза өте мазмұнды баяндап, ол жылдарды қыруар жаңалықтардың, соны серпілістердің «алтын кезеңі» деп жоғары бағалады. Мұны жиынға жиналған жұрт, сөйлеушілер шынайы ризашылықпен, үлкен алғыспен атап өтті [2, 34].

Ол жылдардағы Көбекеңнің еселі еңбегі жайлы әл-Фараби университетінде жасалған баяндама мен жарыссөздерде, мерзімді баспасөз беттеріндегі сан түрлі мерейтойлық мақалаларда молынан, жан-жақты айтылып келеді. Сондықтан, бұған ел қанық әрі қайталау болмасы үшін мен назарларыңызды басқа жайттарға аударсам. Ол қандай мәселе еді?

Қазақта «жақсының жақсылығын айт – нұры тасысын» деген ұлағатты сөзді барлығы мәлім. Сол себептен ағамыздың күнде айтыла бермейтін қандай қырына тоқталсақ та, артықтық етпес. Құрметті ғалым-ұстаздың оқу-білім мен ғылымдағы, педагогикалық-ұйымдастырушылық қызметтегі ерен еңбектерін, оның жақсы нәтижелерін таңды таңға асырып баяндауға болатындай. Ол жалпы жұртқа жақсы таныс. Бізде «Қамшының сабындай қысқа ғұмырда» адами игі қасиеттер – адалдық, адамгершілік, кісілік, кішілік, қарапайымдылық пен қайырымдылық сынды сапалық белгілердің орны ерекше екені белгілі. Сондықтан, жақсы қызмет, жоғары амал, үлкен жұмыс, биік мәнсап – бәрі өткінші; бүгін – бар, ертең – жоқ дүниелер. Ал бізге керегі, кейінгі ұрпаққа өнеге боларлық – адамгершілік, адами қасиет, кісілік келбет, бітім-болмыс. Ол адамның өзімен бірге мәңгі жүретін асыл белгілер. Осыны ойлай отырып, аталған асыл қасиеттер мен одан ғалым ағамыздың алатын орны жайына тоқталсақ. Өйткені, бұл – қызмет бабындағы атқарылған шаруалардың баршасы – Көбекеңнің көпшілік байқап, көріп, куәсі болып жүрген қырлары. Ал біздің айтайын дегеніміз – адами келбеті. Сондықтан енді қалың жұрт біле бермейтін, осы күнге дейін өте құпия

болып келген қыры, елден жасырып жүрген сыры жөніне ауысалық. Мұны мен өз басым да жақында байқадым. Көпшілігіміз сондай халде болдық деп ойлаймын.

Ол не құпия сыр еді? Бұл қандай жасырын жайт болатын? Жалпы, ғалым-ағамыздың екінші әлемі – рухани дүниесі бай екені сырттай сезілетін. Алайда, Көбекеңнің жарты ғасырдан астам (60 жылға тарта) уақыттағы оңашадағы сырлары – ол қағазға түскен жырлары екенін, басқаны қайдам, бірге қызметте жүрген біздің өзіміздің білгенімізге бары-жоғы 10-15 күн ғана болды [3].

Сөйтсек, К.Нәрібайұлының ақындық өнермен де байланысы бар екен. Мұны да күні кеше Көбей Нарбайұлы деген атпен, «Жасырын жатқан жырларым» дейтін өлеңдер жинағын мамыр айының соңына таман баспаға ұсынған кезде ғана аңғардық.

Тарихы сонау 1956 жылдан – автордың жастық шағынан бастау алатын қолжазбаны оқи отырып, өзіміздің де жастық шағымыз, бала күндеріміз еске түскендей болды.

Оқырманға арнауында:

Әрине, маржан емес мұның бәрі,

Болса да жүрегіме менің дәрі.

Керегін, оқырманым, өзің таңда,

Болса егер сөздің мәні, ойдың нәрі, –

дейді автор. Өте орынды орам, парасатты пайым, байыпты байлам.

Әрине, бәріміз де жас болдық, сол жастық шақтың қызығына мас болдық. Бүгінде ол заман, өткен дәуір туралы айтылар ой, ақтарар сыр әрқайсымызда жетерлік.

Жинақтағы жырлар оқырманына ой саларлық, қиялына қанат бітірерлік өршіл, өміршең өлеңдер. Онда табиғат көріністері, көктемсуреттері, адамның сыршыл сезімдері, ұнату, ғашықтық, махаббат, сүйіспеншілік, құрбы-құрдас, жора-жолдас, достық қарым-қатынас мәселесі, дағыстандық авар халқының көрнекті ақын қызы Фазу Әлиева өлеңдерінің аудармалары т.т. көрініс тапқан. Мәселен, «Күлімде көктем» атты өлең 1957 жылы наурызда жазылыпты. Ол кезде автор 19 жаста екен.

Күлімде көктем, күлімде,
Шаттық бар сенің үнінде.
Аямай төк шуақты,
Күлімдей түс бүгін де! – деп жазыпты
Көбекең сол кезде.

Көріп отырсыздар, құрметті оқырман, төрт аяғын тең басқан өлең шумағы екенінде дау жоқ. Мұндай сәтті шумақтар, тәтті қиялдан туған шынайы жырлар көп-ақ. Желтоқсан оқиғасына, ел, жер, қиял мен үміт, ауыл жайына байланысты жазылған өлеңдер мән-мазмұны терең, әсерлі туындылар дейміз.

Қазіргі академик ағамыздың кей өлең жолдарына қарап отырып, езуімізге еріксіз күлкі, жүрегімізге жылу ұялайды. Жастықтың жалын тартып мінген қайран, махаббат, қызық мол жылдарға еріксіз елітесің. Әрі қарай, қадірлі оқырман, өздеріңіздің патша көңілдеріңіздің назарына ұсынып, жұмбақ жылдардағы жасырын жатқан жырларды, тылсым сырларды оқып шығуға кеңес береміз. «Өлеңге әркімнің-ақ бар таласы» демекші, ағамыздың ақжарма ақындық сырларына, өміршең жырларына қанығып, ол жырлардан өзін танимыз. Жоғарыда айтып кеткеніміздей, ол кісінің адами тұлғасын, бітім-болмысын байқаймыз. Сол арқылы жақсы әсер, лайықты ләззат аламыз.

Кейде тұтастары, замандастары ағамыздың жасына келгенде әлі жас, 60-тағыдай көрінетінін, осындай танымал тұлғамен қызметтес болғанын мақтаныш ететінін атап жатады. Басқасы басқа, «Сырлы аяқтың...» деген секілді ғалым ағамыздың сынының да, ойының да, бойының да, жүрісі мен тұрғысының да қаз-қалпында көріну сырын мен енді білдім. Ол не сыр деп ойлауыңыз мүмкін? ...Ол – жүрек сыры, өмірге деген іңкәрлік, жақсылыққа деген ынтызарлық жыры.

Жалпы, Көбекеңнің сөз өнеріне, әдебиет пен мәдениетке жақындығын, ол қасиеттің тегін еместігін баяғыда КазГУ-ге ректорлыққа тағайындалғанда 1991 жылы 4 сәуірде байқағанбыз. Онда ағамыз жаңа тағайындалған ректор ретінде Білім министрлігінің алқа мәжілісінде сөз

сөйледі. Сонда бұл кісіні алғаш көруім. Қазақ тілінде де, орысша да ағып тұрды. Нағыз тарпаң жорғаның өзі екен. Өте шешен сөйледі. Мәжілісте отырғандардың барлығының жанын жадыратып, көңілдерін қанаттандырды. Экономист емес, дөп бір тіл-әдебиет маманы секілді өз ана тілінде де, қайын жұртының тілінде де (орыс тілінде) өте әдемі сөйлеп шықты. Бұл да бізге үлгі алатын өнеге.

Кейіннен 1992 жылы Өзекең ағамыз (Қазақстанның халық жазушысы Әзілхан Нұршайықов) өзінің 70 жылдық мерейтойын ҚазМУ-де дүркіретіп атап өтіп, сол мәжілісте ректор К.Нәрібаев терең мазмұнды баяндама жасағанда айтқан: «Қазақтың үлкенді-кішілі зиялылары тегіс ана тілін, ана тілінің әдебиетін мамандығы экономист Көпжасар бауырымдай білсе, ұлтымыздың мұртын балта шаппас еді-ау!», – деп армандап таңқалғаны әлі есімізде.

Қазіргі таңда профессор К.Нәрібаев – экономиканы басқару мен экономикалық білім беру, жоғары білім жүйесін зерттеу салаларында республикадағы аса көрнекті ғалымдардың бірі. Жалпы көлемі 600 баспа табақтан асатын 350-ден астам ғылыми еңбектердің авторы. Оның 30-ы – монография, оқулық, оқу құралдары сияқты ірі де іргелі туындылар. 154-і шағын кітапшалар.

Көбекеңнің таяу және алыс шетелдерде 4 кітабы және 15 ғылыми мақалалары жарық көрді; екі еңбегі Америкада, біраз жұмыстары Германия, Франция және Ұлыбританияда шетел тілдерінде басылып шықты. Ғалымның жетекшілігімен экономика ғылымдарының жаңа салалары бойынша 5 докторлық және 15 кандидаттық диссертациялар жазылып, сәтті қорғалды.

Көпжасар ағамыз 2008 жылдан бері Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті ректорының кеңесшісі қызметін абыроймен атқарды. Абай университетіндегі үлкен еңбегінің бірі – Ұлттық тәрбие туралы ректор С.Ж.Пірәлиевтің тың идеясын ойдағыдай іске асыруда басшымызға шын

мәніндегі көмекші, жәрдемші, ақылшы бола білгені. Университетте «Ұлттық тәрбие» атты арнайы пән оқу жоспарына енгізіліп, барлық мамандықтарда оқытылып жатыр. «Ұлттық тәрбие» кафедрасы ашылды; оған жетекші мамандар, білікті ғалымдар тартылды. «Ұлттық тәрбие» журналы шыға бастады.

Сондай-ақ, академик К.Нәрібаевтың ұсынысымен 2010 жылы университетте «Тұлғатану» орталығы құрылды. Бұл орталық қазірде ұлттық тәрбиені іске асырудың ең тиімді түрі ретінде ойдағыдай қызмет атқарып келеді. Соның нәтижесінде студент-жастар халқымыздың көптеген ірі тұлғаларымен танысты. Мұнда шәкірттер қазақтың көрнекті ғалымдары, ақын-жазушылары, атақты билері мен батырлары, талантты өнер қайраткерлері туралы дәрістер тыңдап, қызықты мәліметтермен қанықты. Сөйтіп, жастарымыз ұлтымыздың ірі тұлғаларға бай, тарихы терең, мәдениеті жоғары екенін танып, сол тұлғалардың

өмірі, ұлтын-халқын сүюі, елі үшін жасаған ерліктері өздеріне үлгі болатынына көздерін жеткізді.

Академик К.Нәрібаев соңғы жылдары ҚР Ұлттық ғылым академиясы Қоғамдық және гуманитарлық ғылымдар бөлімшесі төрағасының орынбасары қызметінде. Ғалым-ұстаз академияның, оның аталған бөлімшесінің өркендеп дамуына барынша үлес қосып келеді.

Қысқасы, қандай қызметте болсын К.Н.Нәрібаев білікті басшы, талантты жетекші, тәжірибелі ұстаз, дарынды ғалым, қарымды қайраткер секілді тамаша адамгершілік қасиеттерді бойына жинақтаған абзал азамат.

Сөз соңында айтарымыз, қадірлі Көпжасар Нәрібайұлы, 70-80 жастың арасындағы өткел іспетті 75 жылдық мерейтойыңыз тағы да құтты болсын дейміз. Академик-ғалым ағамызға зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, отбасыңызға амандық, мол береке тілейміз.

Әдебиеттер

- 1 Қазақстан Баспагері мен полиграфистері. Анықтамалық. – Алматы: Білім, 2005. – 576 б.
- 2 Қазақстанның болашағы – жастар. – Алматы: «Қазақ университеті», 2009.
- 3 Мұхтар Әуезов энциклопедиясы. – Алматы: «Атамұра» баспасы, 2011.



«Тегінде адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озады»

Абай Құнанбаев.

ӘОЖ 37.015.311

М.А.Нуриев

т.ғ.к., профессор,

Интеллектуалды ұлт қалыптастыру ФЗИ директоры,

ҚР Жоғары мектебіне еңбегі сіңген қызметкер,

Абай атындағы ҚазҰПУ

КӨРЕГЕНДІК ПЕН КЕМЕҢГЕРЛІК ИЕСІ – КӨБЕКЕҢ

Бұл мақалада көрегендік пен кемеңгерлік иесі – Көпжасар Нәрібайұлы жайында жазылған.

Түйінді сөздер: *модернизация, интеллектуалды тұлға, ұстаз, ғалым, профессор, академик.*

В данной статье написано о гениальности и зоркости – К.Нарибаевиче.

Ключевые слова: *модернизация, интеллектуальная личность, наставник, ученый, профессор, академик.*

This article is written about the genius and vigilance – K.Naribaev's.

Keywords: *modernization, intelligence personality, mentor, scientist, professor, academician.*

Жақсы адам күннің жарық сәулесі секілді, мейірім-шапағаты жан-жағына ортақ шашылып тұрады. Мен үшін сондай теңеуге тұрарлық жақсы адам – экономика ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстанның еңбек сіңірген ғылым және техника қайраткері, Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясының академигі, сонымен қатар Халықаралық және Қазақстан Жоғары мектеп ғылым академиясының, Халықаралық Еуразия экономикалық академиясының, Украинаның экономикалық академиясының толық мүшесі Көпжасар Нәрібайұлы. Біз өзіміз түйдей құрдаспыз, сондықтан да, мен ол кісіні Көбеке деймін.

Адам баласы туа салып бірден ақыл-есі толысқан, білімді, білікті тұлғаға айнала салмайды. Адамның кемеңгер тұлғаға айналуына ең алдымен ата-анасы, одан соң мектеп, оқу орындарының ұстаздары көп еңбек сіңірді, бір сөзбен айтқанда өскен ортасы зор әсерін тигізеді. Әрине, бұлардан да бұрын адамның өмірінде қандай да жетістіктерге жетуіне оның шыққан тегі, негізі әсер етеді. Өмірде өзінің орнын тапқан,

бүгінде елімізге белгілі ғалым, білікті ұстаз ретінде айқындалып отырған, бүкіл ғұмыры артындағы жастарға үлгі болып қалған кемеңгер тұлғаның қалыптасуына, әрине, оның көрегендігі үлкен әсерін тигізген. Яғни, бірінші кезекте саналы білім алуына, көреген басшы, атақты ғалым болуына қолдау көрсетіп, озық тәрбие берген, шыққан тегі, әжесі, әке-шешесі.

Мұны өзінің «Тұлғаларға тағзым» атты естелік кітабынан байқасақ болады. Жанұясын уысына ұстап отыратын Қалдығыз әжесінің, арнайы білімі болмаса да көзі ашық, көкірегі ояу, айтқан сөзін екі етпей орындатқызатын, бірақ өзі үшін үнемі мейірімді әкесінің, текті жердің қызы болса да Қалдығыз әжесінің тәрбиесінен өткен парасатты ана болмысының бала тәрбиелеудегі рөлі өте әсерлі жазылған. Болашақ ел азаматы, ғалым-ұстаздың осындай өнегелі жанұядан қанат қағып, түлеп ұшқаны тәнті етеді. Осыдан қарап, Көбекеңнің көргенді жерден шыққан көреген азамат екеніне көз жеткіземіз.

1955 жылы онжылдық мектепті бітіріп

Алматыға оқуға түсуден бастаған ғылым жолы әлі де жалғасын табуда. Сол аралықта атқарған еңбектері қаншама. 1960 жылы университетті бітіре салысымен Мәскеу қаласына аспирантураға жолдама алған. Ал 1973 жылы ауыл баласы Алматыға оқуға түсуді армандап жүргенде Көбекең Америка Құрама Штаттарына бір жылдық стажировкаға барған. Ол кезде қазақ баласы Америкаға бару деген үлкен сенім, үлкен абырой болған.

Дана халқымыздың «Жігітті талап жетелеп, арман өсіреді» дейді. Бала күнінен болашаққа талаптандырған ата-анасынан кейін, арман қуып Алматыда, одан Мәскеу, мұхит асып Америкада мол тәжірибе жинақтады. Алматы халық шаруашылығы институтында аға оқытушылықтан бастаған ғылым жолы, кафедра меңгерушісі, декан, проректор болуға дейін үздіксіз жалғасын тапқан. Одан жоғары қызметтерге ауысып Қазақстанның жоғары және арнаулы орта білім беру министрінің орынбасары, одан бері министрі қызметтерін атқарды. Он жылдан аса әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің ректоры болды. 1991 жылы ректор болып тағайындалғанда университет С.М.Киров атында болатын. Тәуелсіздіктің желі есіп, егемендік табалдырықтан аттаған мезетте ең алғаш университетке Әл-Фараби бабамыздың атын беруге ұсыныс жасаған кісі. Сол кездегі Өкімет төрағасы С.А.Терещенконың: «Шымкентте Фараби атында мәдениет институты бар, ол кісіге сол жетеді» деген қарсы сөзіне Көпжасар Нәрібайұлы: «Бабамыздың тұлғасы бір кішкентай институтқа емес, біздің университет сияқты үлкен жоғары оқу орнына лайық, ол кісі ғұлама ғалым – энциклопедист» деген сөздермен жауап қайырып, елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлының қолдауымен қазіргі Қазақстанның абыройлы, ең ірі оқу орнына Әл-Фараби есімін алып берген. Одан өзге де ұстаз-ғалымдардың жағдайын жақсартатын, университеттің оқыту және ғылыми зерттеу базаларын нығайтатын іс-шараларды

көптеп жасады. Атап айтсақ, 1993 жылы университетке өзін-өзі басқаратын автономиялық мәртебе де алып берген Көпжасар Нәрібайұлының ерен еңбегі.

Сырт қарағанда жақсы адамдарға берілетін мінез-құлық, ой-пікір ұқсас, кейде тіпті бірдей сияқты көрінуі де мүмкін. Бірақ, үңіле байыптап қараған адамға әр адамның өзіндік орны бір-бірінен ерекшеленіп тұрады. Көбекеңнің бойында жақсы адамға, ұлттық тұлғаға тән қасиеттер көп. Жақсы қасиеттер әрбір адамның бойында бары хақ, бірақ соны факті арқылы таныта білуі екінің бірінің қолынан келе беретін іс деп айта алмаймын. Адамды ерекшелендіретін де, халық қалаулысы қылатын да осы фактор дер едім. Көпжасар Нәрібайұлы әсіресе жақсыға тән адамгершілік, қарапайымдылық, кішіпейілділік, адалдық, бауырмалдық сынды қасиеттер ерекше көрініп тұрады. Ол кісі министр болып тұрғанның өзінде үлкен-кішіге бірдей қарайтын, әрі ешкімді жасына бөлмей, соған сай сый-құрмет көрсете отырып, алдына келген жанның жан дүниесіне үңіле білетін. Өте еңбекқор, ізденімпаздығынан да болар нағыз азаматқа тән ірілікті, алғырлықты, жан тазалығы мен келбеті үйлескен адам екеніне сүйсінесіз.

Көпжасар Нәрібайұлы қай жұмыста болмасын өзінің біліктілігімен, іске деген жауапкершілігімен, жоғары адами қасиеттерімен көзге түсіп келеді. Ол өз мүддесінен гөрі ұлттық мүддені жоғары қойып отыратын қайраткер. Қайтсек қазақ мектебін қалыптастырамыз, жастарымызды елін, жерін сүйетін ұлтжанды патриот етіп тәрбиелейміз, ал мұның алғышарты қайсы, жоғары оқу орындарын ұлттық сипатқа көшірудің жолдары қалай болады деп он ойланып, жүз толғанған Көбекең бұл ойларын ашық айтып, ел-жұртты елең еткізген кездері де болды. 2009-2010 оқу жылында Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің ректоры, профессор Серік Пірәлиевтің жобасымен оқу орнында «Ұлттық тәрбие» пәні оқу үдерісіне енгізіліп, осы аттас кафедра,

ғылыми-теориялық журнал ашылып, жақсы іс қолға алынғанда оның басы-қасында болғандардың бірі осы Көпжасар Нәрібаев еді.

Академиктің мұрындық болуымен университетте ұлттық тәрбие жөніндегі республикалық үйлестіру кеңесі құрылды.

Осындай игі істерінің жалғасы ретінде профессор Көпжасар Нәрібаев бүгінде университетте жаңа ашылған «Тұлғатану» орталығына да (директоры Д.Мұқатова) басшылық жасап, оның жұмысына бағыт-бағдар беріп келеді. Бұл орталық еліміздің мемлекеттігінің қалыптасуына, ғылымы мен мәдениетінің, өнері мен әдебиетінің дамуына өлшеусіз үлес қосқан тұлғалардың өмірі мен қызмет жолын, елге сіңірген еңбектерін зерттейді, студенттерге таныстырады.

Қызмет жолын аяқтап, зейнетке шыққан күннің өзінде еңбектенуді доғармаған ол кісінің ісі мансап қуғаннан емес, жұмысқа жан-тәнімен берілген жанның қалпында. Барша қызметкерлерге қойылған талаппен таңның атысы, кештің батысына дейін жұмыста еңбектенуіне қарап онан сайын құрметіміз арта түскендей болады. Ешқашан ол кісінің жасаған жақсылығы мен істеген ісін міндет етіп отырғанын байқаған емеспін. Олай дейтінім мен Көбекеңмен бір мекемеде бұдан бұрын да қызметтес болдым. 1984 жылы жоғары және арнаулы орта білім министрлігінің аппаратына қызметке шақырылдым. Ол кезде осы министрліктің бір жетекшісі – Көпжасар Нәрібаев еді. Мен министрліктің ең маңызды бөлімі – Жоғары оқу орындары бойынша Бас басқармасының бастығы және коллегия мүшесі етіп тағайындады. Бұл қызметте жоғары оқу орындарының жағдайын терең

талдап, оқу-тәрбие және ғылыми-әдісемелік жұмыстарының жетілуіне тікелей ықпал жасады. Осы министрлікте бірге істеп жүрген кезде К.Нәрібаевтің жаңашыл жетекші екеніне көзім жетті. Өз тәжірибемізді жетілдірумен қатыр, басқа елдердің озық тәжірибесін жинауға және оларды білім жүйесіне ендіруге көп көңіл бөлетін. Осы қызметте істей жүріп ол өзінің басшылық, ұйымдастырушылық қабілеттерін дамытып, жоғарыда айтып кеткендей Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректоры болып та басшылық қырынан үлкен жетістіктерін көрсетті [1].

Осының бәрі Көпжасар Нәрібайұлының қайда жүрсе де, қандай қызмет атқарса да, жаңалық жолында ұйымдастырушы, қабілеті мол, кез келген қызметті дөңгелетіп әкететін, білімді, іскер азамат екенін көрсетеді. Жасы 75-ке келсе де ой-пікірі тың, үнемі ізденіс үстінде отырады. Қоғамдық құбылыстарға терең түсінікпен, шәкірттеріне, мейлі алдына келген басқа жандарға болсын үлкен кеңшілдікпен, әкелік, ағалық, замандастық қамқорлықпен қарайтын тұлға. Өйткені, өзін де осы қоғамның белсенді азаматы, белді қайраткері санайды. Ол кісіге қарап кез келген шәкірттері ұлылықты бір ғана ұстаз бейнесіне тоғыстырған адамдықтың биік үлгісін көретіні рас.

Тек шәкірттері ғана емес, «ұлың – ізің, қызың – өрісің» демекші, ұяда көрген тәрбие балаларына да қанат болып, барлығы да түрлі салада абыройлы еңбек етуде. Парасатына пайымы сай, салиқалы да зерделі, сыпайы сый мен үлкен абырой иесі – Көбекең көргенді жердің кемеңгер тұлғасы деуге әбден лайық жан.

Әдебиеттер

1 Нарибаев К.Н. Тұлғаларға тағзым. – Алматы: «Ұлағат», 2012. - 480 б.

УДК 37 8:33

К.Н.Нарибаев
Академик НАН РК
КазНПУ им.Абая

ВОСПИТАНИЕ ЭКОНОМИЧЕСКОЙ КУЛЬТУРЫ СПЕЦИАЛИСТА

В данной статье рассматривались основные анализы экономической культуры, а так же и формирование будущих специалистов экономической культуры.

Ключевые слова: *воспитание, личность, культура, экономическая культура, государство, общество, образование.*

Мақалада экономикалық мәдениет түсінігіне анықтама беріліп, оны құрайтын элементтері талданады. Болашақ мамандардың экономикалық мәдениетін тәрбиелеп қалыптастыру жолдары қарастырылады.

Түйінді сөздер: *тәрбие, тұлға, мәдениет, экономикалық мәдениет, мемлекет, қоғам, білім.*

This article discusses the basic analyzes of economic culture, as well as the development of future professionals and economic culture.

Keywords: *training, personality, culture, economic culture, state, society, education.*

Радикальная экономическая реформа все шире и смелее реализуется во многих сферах народного хозяйства страны и дала весьма положительные результаты. Экономика растет высокими темпами и характеризуется крупными достижениями во всех ее отраслях.

Вместе с тем на пути реформы возникают немало трудностей как объективного, так и субъективного порядка. Это остатки старого хозяйственного механизма, не полностью преодолены затратный принцип хозяйствования, административно-командные методы управления. Немалый вред реформе нанесла экономическая неподготовленность кадров, экономическая безграмотность не только рядовых работников, но и руководителей среднего и высшего звена. В этой связи создалась реальная трудность при разработке и внедрении на предприятиях элементов нового хозяйственного механизма, переводе их на рыночные отношения.

Пробелы в экономических знаниях сыграли свою отрицательную роль еще в годы застоя, что привело к игнорированию действий объективных экономических законов развития общества, усилению диктата административно-командных методов управления экономикой. Сейчас, когда осуществлен переход от административных к экономическим, от экстенсивных к интенсивным, от затратных к противозатратным методам хозяйствования, дефицит в экономическом образовании и воспитании просто не допустим. Успех радикальной экономической реформы наряду с другими факторами во многом зависит от уровня экономической культуры всех, от рядового рабочего до высшего руководителя. Все это требует коренного совершенствования экономического обучения всех слоев трудящихся, особенно работающей молодежи. Не только потому, что она многочисленна, но и потому,

что настроена прогрессивно ко всем радикальным изменениям и очень нуждается в новом экономическом мышлении, новом экономическом поведении в условиях реформы, в условиях рыночных отношений.

Экономическая культура в новых условиях хозяйствования приобретает особо важное значение. Только высокий уровень экономической культуры позволяет грамотно анализировать происходящие общественные процессы с позиции экономической теории, осмысливать экономические явления и познавать их закономерности и тенденции, видеть взаимную связь и взаимодействие экономических категорий и законов с хозяйственной практикой. Именно уровень экономической культуры определяет степень необходимого и возможного совершенствования организации управления производством, привлечения широкого круга людей в управлении производственным коллективом. Научное обоснование экономической, хозяйственной политики, решение крупномасштабных экономических проблем как радикальная экономическая реформа также зависит от экономической культуры.

Она нужна не только в сфере производства, но и не в меньшей степени в сфере распределения и потребления. Проблемы обеспечения социальной справедливости, формирования рациональной структуры потребления, усиления контроля за мерой труда и потребления, искоренения возможности нетрудовых доходов являются не только политическими, но и важными экономическими проблемами, успешное решение которых находятся в прямой зависимости от состояния экономической культуры.

Экономическая культура – понятие емкое, комплексное и включает ряд элементов как экономические знания, экономическое мышление и убеждение, экономические навыки и поведения и т.д.

Фундаментом экономической культуры, как и впрочем любой культуры (политической, нравственной, эстетической и т.д.)

являются знания. **Экономические знания** – это систематизированная совокупность сведений и данных об экономической теории и хозяйственной жизни в обществе, в отраслях и регионах, на конкретных предприятиях. Теоретическая часть знаний представляет собой экономические понятия и категории, законы и закономерности, тенденции и другие теоретические обобщения, сведения о характере и свойствах материальных благ, способах их производства, обмене, распределении и потреблении. Экономические знания, кроме того, включают сведения реальной экономической жизни, о результатах производства на конкретных предприятиях [1, 34].

На базе экономических знаний формируются экономическое сознание и убеждение, которые также являются важными компонентами экономической культуры. **Экономическое сознание** помимо знаний включает еще экономические идеи, взгляды, суждения и чувства, что в большей степени зависит от индивидуальных особенностей каждой личности. Через экономическое сознание каждый выражает свое отношение к различным явлениям экономической жизни общества в конкретный момент.

На экономическое сознание действуют внешние факторы, окружающая среда, мнение трудового коллектива, в результате чего формируется **экономическое убеждение**. Оно проявляется в готовности человека действовать в определенных экономических условиях определенным способом.

Важной составной частью экономической культуры является **экономическое мышление**, с помощью которого познается сущность экономических процессов и явлений, анализируются конкретные экономические ситуации. Иначе говоря, это творческий процесс, мысленно отражающий экономическую действительность в самых различных формах и связях. Благодаря именно этому активному элементу

экономической культуры, вырабатываются новые идеи и подходы, прогнозируется новое состояние экономических отношений.

Взаимодействие всех вышеназванных элементов экономической культуры как результат материализуется в экономических навыках, экономическом поведении человека, которые непосредственно влияют на уровень всей экономической деятельности людей. Навыки, умения, опыт обогащают экономическую культуру, способствуют выполнить экономическую деятельность более организованно, эффективно и грамотно.

Как важные элементы экономической культуры формируются предприимчивость и экономическая ответственность, которые уже больше имеет практическое значение в деятельности и поведении людей. Деловая предприимчивость – это активная экономическая деятельность, совершаемая на базе глубоких экономических знаний и убеждений, творческого экономического мышления с целью достижения наилучших результатов производства. Это умение совершить своевременный маневр материальными и трудовыми ресурсами, принять самое верное в данной ситуации решение без директив и указаний сверху, добиваться выполнения поставленных задач наиболее оптимальным образом [2, 56].

Экономическая ответственность – это предвидение конечных результатов хозяйственной деятельности и обеспечение их достижения наиболее выгодным и эффективным путем. Это ощущение ответственности не только за себя и свое рабочее место, но за весь коллектив и за все общество. Это наиболее высокий уровень развития экономической культуры, когда за состояние экономики несут ответственность не только специальные органы, не только руководители, а все без исключения работники. Поэтому уровень и совершенство экономической культуры общества измеряется уровнем экономической ответственности всех его членов.

Формирование экономической культуры это длительный, сложный и многоплановый процесс. Начиная с семейного воспитания, этот процесс продолжается до последних дней трудовой деятельности человека. Развивается и обогащается новыми данными в экономической жизни, новыми явлениями общественного развития, поднимая тем самым все выше и выше уровень экономической культуры людей.

Весь этот сложный процесс становления и развития экономической культуры условно можно разделить на три этапа. Первый этап – это воспитание в семье, в дошкольных учреждениях и общеобразовательной школе. Второй этап – экономическая подготовка и воспитание в средних специальных и высших учебных заведениях. Третий этап – это экономическое обучение и систематическое повышение квалификации во время трудовой деятельности.

Воспитание в семье имеет большое значение поскольку здесь закладывается фундамент всякой культуры будущего человека, в т.ч. экономической культуры. Но, к сожалению, у нас в этом вопросе большие упущения. В лучшем случае экономическое воспитание сводят на трудовое. Не всегда дети ощущают значение трудового процесса, особенно конечные его результаты. Они оторваны от домашней экономики, не знают каким образом складываются семейный бюджет, каковы принципы его формирования и расходования (очередность и приоритетность затрат). Это осложняется еще и тем, что в нашей стране домашнее хозяйство не стало объектом и предметом исследования экономической науки. В ряде западных стран домашняя экономика также как экономика отраслей (промышленности, связи, торговли и т.д.) является официальной частью экономической науки и по этой отрасли готовятся специалисты, разрабатывающие различные аспекты семейной экономики, с целью совершенствования ведения домашнего хозяйства, семейного бюджета и т.д.

Коренному совершенствованию подлежит дошкольное и школьное экономическое воспитание. Необходимо вырабатывать у подрастающего поколения объективные и правильные взгляды на экономическую действительность, творческое экономическое мышление. Для улучшения экономического образования учащихся помимо специального предмета надо полнее использовать возможности уроков по обществоведению, географии, истории, природоведения и т.д. необходимо постоянно информировать учащихся об экономическом положении, о результатах хозяйственной деятельности предприятий, района и города, где находится школа. Именно в школьные годы должна знакомиться молодежь с такими важными понятиями как себестоимость, цена, зарплата, режим экономии и т.д. причем эти теоретические положения должны органически сочетаться с воспитанием будущих рачительных хозяев, бережного их отношения к общественному достоянию, школьному имуществу, личным вещам, продуктам питания и т.д.

Важным и определяющим этапом формирования экономической культуры является экономическое образование в средних специальных и высших учебных заведениях. От того какую экономическую подготовку в вузах и техникумах получает молодые специалисты, во многом зависит их вклад в производство. Происходящая сейчас перестройка высшего и среднего специального образования в стране создает наилучшие условия для усиления роли экономического обучения и воспитания. Вузы, колледжи и лицеи должны формировать у будущих специалистов хозяйски заинтересованное, экономически ответственное и сознательное отношение к собственности, глубокие знания экономических законов развития общества. Молодые специалисты должны обладать широким экономическим кругозором, современным экономическим мышлением, которые очень необходимы в условиях

радикальной экономической реформы. При этом это касается не только выпускников специальных экономических вузов, но и всех отраслевых инженерно-технических учебных заведений. Инженеры, технологи, конструкторы и др. специалисты должны владеть языком экономического, организационно-управленческого, производственно-технического анализа. Уметь оценивать конструкторские и технологические решения, вопросы их оптимизации с помощью экономических критериев, грамотно рассчитывать экономическую эффективность новых типов конструкций и изделий [3, 67].

Будущим специалистам, независимо в какой бы отрасли народного хозяйства они не работали, помимо профессиональной культуры необходима широкая экономическая культура. Формирование научно-экономического мышления, экономической грамотности – составная часть обучения и подготовки специалиста любого профиля. Только экономически образованный и грамотный специалист, правильно понимающий экономическую политику государства, умеющий мыслить экономическими категориями и применять теоретические знания на практике, может реально ощущать потребности и перспективы общественного развития и всемерно способствовать этому процессу.

Основополагающую роль в экономическом образовании играет экономическая теория, которая, как стройная система теоретических знаний, является фундаментом экономической культуры. Сейчас коренным образом переработаны структура и содержание этого курса, устранены существенные его недостатки и он стал более совершенным и действенным элементом экономического образования. В расширении экономического кругозора важное место занимает изучение специальных экономических дисциплин, в т.ч. экономики отраслей народного хозяйства.

Вместе с тем, сейчас экономические идеи должны быть пронизаны все другие предметы (общеинженерные, технические, специальные и т.д.). желательно дополнительное введение в учебные планы специальных курсов по современным экономическим проблемам, которые не изучаются в учебных дисциплинах. Будущие специалисты должны уделять большое внимание экономическим вопросам в своих научно-исследовательских, курсовых и дипломных работах. Словом, во всех учебных заведениях в течение всего периода обучения должна быть создана самая действенная, реальная экономическая обстановка.

Экономическое образование должно быть непрерывным и продолжаться в течение всей трудовой деятельности людей. В этой связи и в условиях радикальной экономической реформы особое значение приобретает экономическое обучение всех категории работников на предприятиях, организациях и учреждениях. Главная цель экономической учебы на производстве –

формирование у трудящихся современного экономического мышления, воспитание деловой предприимчивости и действенности, экономической ответственности, вооружение их научными методами экономического анализа, навыками управления производством. Сейчас в трудовых коллективах необходимо создавать школы хозяйствования, производственно-экономические семинары, университеты научно-экономических знаний, группы и кружки качества, общественные экономические лаборатории и лектории.

Экономическое обучение необходимо рассматривать как важную форму повышения квалификации работников, как составную часть социально-экономического развития трудового коллектива. Это вполне обоснованно, ибо от действенности экономического обучения зависит уровень экономического мышления широта экономического кругозора и соответственно грамотное и правильное решение многих производственных вопросов, отдача от каждого члена трудового коллектива.

Литература

- 1 Аленичев В., Аленичева Т. Финансово Экономическая литература: прошлое и настоящее. // Высшее образование в России. – 1996. - №03. - С. 147.
- 2 Андреев Г. Обучение и воспитание в вузе неразделимы. // Высшее образование в России. – 1996. - №03. - С. 61.
- 3 Борисов Е. Т. Основы экономики: Учебник. – М.: Юрист, 1999. - С. 122 -147.



«Халықтың кемеліне келіп өркендеп, өсуі үшін ең алдымен азаттық пен білім қажет»

Ш.Уәлиханов.

УДК 37.35:355

С.С.Тауланов

*Фонд образования Нурсултана Назарбаева Специализированный лицей «Арыстан»,
Алматинская область*

БЫТЬ ПАТРИОТОМ – ЦЕННОСТЬ ВО ВСЕ ВРЕМЕНА

Идея патриотизма во все времена занимала особое место не только в духовной жизни общества, но и во всех важнейших сферах его деятельности – в культурной, идеологической, политической и других. Само понятие патриотизма имеет очень глубокое значение.

Ключевые слова: патриотизм, защищать родину, интересы страны, военно-патриотическое воспитание, духовно-нравственное воспитание, воспитание.

Мақалада оқушылардың әскери – патриоттық тәрбиесі мен оның лицейдегі оқу-тәрбие ісінде жүзеге асырылу жолы қарастырылады.

Түйінді сөздер: тәрбие, отанышылдық, елді қорғау, әскери-патриоттық тәрбие, рухани-адамгершілік тәрбие.

This article is devoted to the issue of military- patriotic upbringing of students and the ways of its implementation and actualization into the educational and pastoral process of the lyceum life.

Keywords: patriotism, to protect a motherland, interests of country, military-patriotic education, spiritually-moral education, education.

*«Патриотизм, нормы морали и нравственности,
межнациональное согласие и толерантность,
физическое и духовное развитие, законопослу-
шание. Эти ценности должны прививаться во
всех учебных заведениях»*

(Послание Президента народу Казахстана
14декабря 2012 г.).

В энциклопедии Республики Казахстан патриотизм определяется как нравственный и политический принцип, социальное чувство, содержанием которого является любовь к своему Отечеству, гордость за его прошлое и настоящее, готовность подчинить свои личные и групповые интересы общим интересам страны, стремление служить родине, защитить её [1]. Патриотизм предполагает гордость достижениями и культурой своей Родины. Желание сохранять ее характер и культурные особенности, идентификация себя с другими членами нации, готовность подчинить свои интересы

интересам страны, стремление защищать интересы Родины и своего народа.

Казахстанский патриотизм – это веское основание гордиться своей Республикой, которая одна из первых на постсоветском пространстве вырвалась вперед и строит новое государство, удивляя своими масштабными преобразованиями мировое сообщество. Выступая с Посланием народу Казахстана «Стратегия Казахстан 2050», Президент страны призвал казахстанцев воспитывать в себе и наших детях новый казахстанский патриотизм, гордость за страну и ее достижения [2].

Обретение Казахстаном государственного суверенитета поставило перед обществом задачу воспитания патриотизма у подрастающего поколения. Ведь патриотизм не заложен в генах, это не наследственное, а социальное качество, которое формируется всей окружающей действительностью. Это одно из наиболее глубоких человеческих чувств, являющихся духовным фундаментом общественного и государственного развития, опорой жизнестойкости страны и залогом ее конкурентоспособности в глобализованном современном мире.

Для нашего многонационального государства идея патриотизма особенно важна, она объединяет людей, помогает строить единую, устремленную в будущее страну. Обращаясь к детям на «Новогодней ёлке» 29 декабря 2012 года, президент страны Назарбаев Н.А. сказал: « У всех у нас общая Родина – Республика Казахстан. Это большой отеческий дом, где о вас заботятся. Здесь вы найдете применение своим силам и талантам. Нашему государству всегда будут нужны ваши знания. Но особенно нужны ваши сердца, наполненные беззаветной любовью к Родине. Только настоящему патриоту по плечу сделать наш Казахстан более сильной, благополучной и уважаемой в мире страной» [3].

В январе 2011 года Фондом образования Нурсултана Назарбаева был открыт Специализированный лицей «Арыстан». Центральной идеей создания лицея стала подготовка элиты армии и силовых структур – их офицерского корпуса, духовная и физическая зрелость выпускников



Одним из основных направлений учебно-

воспитательной работы в лицее является военно-патриотическое воспитание.

Военно-патриотическое воспитание лицеистов – это многоплановая, систематическая, целенаправленная и скоординированная деятельность педагогического коллектива по формированию высокого патриотического сознания.

Военно-патриотическая работа в лицее строится по следующим *основным направлениям*:

- духовно-нравственное воспитание;
- воспитание на воинских традициях;
- профессионально - деятельностное воспитание;
- психологическое воспитание



Духовно-нравственное воспитание в своей основе направлено на развитие таких социально-значимых качеств личности как долг, честь, совесть, достоинство, толерантность, милосердие. Решение проблем духовно-нравственного воспитания в лицее осуществляется через такие формы воспитательного воздействия как беседы, политическое информирование, проведение праздников, круглых столов, встреч, экскурсий и т.п.

Стали традиционными встречи с представителями культурной и военной элиты Алматы и Республики Казахстан, проведение мероприятий к празднику «Курбан-байрам», проведение единых классных часов по теме: «Нравственные основы торжественной клятвы лицеиста» и др.

Эффективным средством нравственного и духовного воспитания является коллективная творческая деятельность, она ставит лицеиста перед необходимостью прислушиваться к мнению товарищей, понимать и чувствовать их настроение, вырабатывает умение терпимо относиться к ошибкам других.

Воспитание на воинских традициях неотъемлемая часть патриотического воспитания. Традиции - это устойчивые, социально - психологические образования, являющиеся регуляторами определенного индивидуального и группового поведения в стереотипных, периодически повторяющихся в коллективной жизни обстоятельствах.

Традиции лицея условно можно разделить на общие и собственные. К общим воинским традициям относятся:

- выполнение лицеистами распорядка дня;
- приветствие преподавателей, командиров подразделений и др. в соответствии с требованиями устава внутренней службы;
- несение внутренней службы в подразделениях;
- уставные взаимоотношения между лицеистами;
- развод на учебные занятия командирами подразделений.

Большое значение, в свете патриотического воспитания, занимает приобщение лицеистов к воинским ритуалам. К особо значимым мероприятиям относятся: несение почетного караула в Парке 28-ми панфиловцев у памятников героев Великой Отечественной войны



и воинов-интернационалистов; возложение венков к Вечному Огню в День Победы. Проводятся уроки мужества, встречи с

ветеранами Великой Отечественной войны. Неизгладимое впечатление на лицеистов оказала встреча с Героем Советского Союза, Героем Казахстана, первым министром независимого Казахстана генералом армии Нурмагамбетовым С.К., который является для многих лицеистов образцом для подражания.

Несмотря на небольшой срок своего существования в лицее сформировались и развиваются собственные традиции. Гордостью каждого лицеиста являются флаг, эмблема, а также, специально разработанная форма одежды. Кодекс чести, гимн, клятва определяют моральный облик лицеиста, его права и обязанности. Главным праздником года является «День лицея», который по традиции отмечается в конце апреля. На нем перед многочисленными гостями и родителями лицеисты 9 класса дают клятву безаветному служению Родине, постижению азов науки и военного дела, добросовестному выполнению приказов командиров и т.д. В 2013 году этот праздник стал еще более знаменательным, так как в церемонии принятия клятвы принял участие президент РК Нурсултан Абишевич Назарбаев, который дал высокую оценку деятельности лицея «Арыстан».



Профессионально - деятельностное направление патриотического воспитания формирует у лицеистов добросовестное и ответственное отношение к учебе и будущей профессии, связанной со служением Отечеству. В лицее существует определенная система приобщения лицеистов к будущей военной службе. Создана экспериментальная учебная программа по

начальной военной подготовке, которая отличается от стандартной программы увеличением количества учебного времени с 68 до 168 часов. Обучение лицеистов начинается в 9 классе на кружковых занятиях. Они знакомятся со структурой Вооруженных сил РК, общевоинскими уставами, основами тактической и огневой подготовки. Практические навыки основ начальной военной подготовки лицеисты получают в ходе учебно-полевых сборов на учебном полигоне Военного института Сухопутных войск. Всё это помогает лицеисту правильно осознать сущность,

особенности воинской службы и определить свои возможности, способности овладения азами военного дела.

Свой вклад в формирование патриотического сознания лицеистов вносят командиры подразделений. На них возлагается главная обязанность: с момента поступления подростка в лицей и до его окончания помогать им в решении проблем адаптации, становлении и определении ценностной ориентации будущей военной специальности. Они занимаются формированием командирских и методических навыков лицеистов. С лицеистами проводятся различные мероприятия по выполнению

установленных правил поведения, укреплению дисциплины, созданию и совершенствованию материально-бытовых условий. Организуется соревнование между взводами и ротами на право получения вымпела «Лучшая рота», «Лучший взвод». Регулярно проводится подведение итогов состояния дисциплины, внутренней службы, учебы за неделю, месяц, учебный период, постановка новых задач командирами взводов и рот. Практикуется проведение стажировок лицеистов на различных должностях.

Система военно-патриотического воспитания, созданная в лицее «Арыстан», реально помогает управлять процессом подготовки лицеистов к защите Родины, придает всей проводимой работе последовательность и целенаправленность, обеспечивает преемственность в организации и развитии военно-патриотической деятельности лицеистов.

Патриотическое сознание наших граждан остается важнейшей ценностью, одной из основ духовно – нравственного единства общества. Воспитать человека любящим свою землю, свой народ, быть готовым к защите своей Родины – очень непростая задача. Но она, безусловно, осуществима, если ее выполнять с любовью.

Литература

- 1 «Казахстан» национальная энциклопедия // Гл. редакция «Казак энциклопедиясы» - Алматы: 2006. - Т.4.- 291 с.
- 2 Назарбаев Н.А. «Стратегия Казахстан - 2050» // Казахстанская правда. - 2013, декабрь - 15.
- 3 Назарбаев Н.А. «Обращение к детям на Новогодней ёлке 29 декабря 2012 года» // Казахстанская правда. - 2013, декабрь - 29.
- 4 Концепция воспитания в системе непрерывного образования Республики Казахстан / Приказ Министра образования и науки РК // № 521 от 16 ноября 2009.
- 5 Вырщиков А.Н., Кусмарцев М.Б., Лутовинов В.И. Военно-патриотическое воспитание молодежи. - Волгоград: Издательский дом «ПринТерра», 2008. - 15-20 с.

ӘОЖ 37.01:39

Ж.Ж.Наурызбай

п.ғ.д., профессор

Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы

ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ – МӘДЕНИЕТТІ ТҰЛҒАНЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ НЕГІЗІ

Мақалада ұлттық тәрбие дегеніміз не, оны қалай түсініп жүрміз деген мәселелер қарастырылып, ұлттық тәрбие берудегі маңызы мен мәдениетті тұлғаны қалыптастыру туралы ой-тұжырымдар айтылған.

Түйінді сөздер: *ұлттық тәрбие, мәдениетті тұлға, зияткер тұлға, мәдениет, этнос, тарих.*

В статье рассматриваются понятия национального воспитания, значимость национальных ценностей в воспитании культуры личности.

Ключевые слова: *национальное воспитание, культурная личность, интеллектуальная личность, культура, этнос, история.*

The problems of interpretation of the term «patriotism», proved the importance of national values in patriotic education.

Keywords: *national training, cultural personality, intellectual personality, culture, ethnos, history.*

Зияткер тұлғаға, ең алдымен, төл мәдениетін игеру шарт. Ол ұлттық тәрбие арқылы беріледі. Адамзаттық құндылықтарға, әлемдік мәдениетке құштарланғанда табан тірер тұғыр – төл мәдениеттің, өзгелердің өркениетіне тәнті болғанда – мақтаныш ететінің де ұлттық рухани қазына.

Ұлт мәдениетсіз өмір сүре алмайды. Мәдениет те ұлтсыз болмайды. Жойылып кеткісі келмеген қай ұлт болмасын ең алдымен мәдениетін сақтап, дамытып, туындатып отыруы керек. Төл мәдениетін қорғамайтын ұлт – ертеңін ойламайтын ұлт.

Мәдениеттің де басты қызметі – этносты қорғау, сақтап қалу. Себебі мәдениет – этностың қуат өрісі, панасы, бар болмысы, тыныс-тіршілігі. Айналып келгенде, этносты қанша көп болса да адамдар емес, мәдениет қана сақтай алады. Мәдениет арқылы халық өзінің тарихи тағдырынан тамырын үзбейді. Ұлттық мәдениет – этностық құндылықтар, рәміздер мен наным-сенімдердің, мінез-құлық үлгілерінің құр әшейін жиынтығы емес, сол ұлттың рухани өмірінің басқаларға ұқсамайтын кескін-келбеті.

Зияткер, мәдениетті болу үшін тілдік сана қажет. Ана тілін, мемлекеттік және шетел тілдерін білу ғана дүниенің бар құбылысын, бояуын, әуенін санаға құюға мүмкіндік береді. Тілдік сана негізінен әдебиет арқылы қалыптасады. Әуелі қазақ әдебиетін, сонымен қатар әлемдік әдебиетті білудің маңызы ерекше болмақ. Әлемдік әдебиет қазақ тіліне толық аударылып болмағаны белгілі. Ол қазынамен таныс болу үшін алдымен орыс тіліне жүгінетініміз сондықтан. Соңғы жылдары классикалық әдебиетті, дәуір қаламгерлерінің шоқтығы биік шығармаларын қазақ тілінде меңгеруімізге қажетті жағдайлар жеткілікті дегенмен, жасалып келеді. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың бастамасымен өмірге келген «Мәдени мұра» Мемлекеттік бағдарламасы бойынша әлем әдебиетіндегі көркем шығармалардың жүзге жуық озық үлгілері қазақ тілінде жарыққа шықты [1]. Егер әлем әдебиетімен таныс болу парасатты, мәдениетті, тәлімді адамды

тәрбиелеуге ықпал етсе, қазақ әдебиетін білу мұның сыртында ұлтжандылық пен ұлттық мақтаныш сезімін асқақтататынын ұмытпауымыз керек.

Анасының әлдиімен айтылған бесік жыры – жас сәбидің құлағына шалынатын алғашқы әдеби нұсқа. Әжесі айтатын ертегіарқылы балдырғанауыз әдебиетінің үлгілерін санасына сіңіреді. Сол бесік жыры, сол ғажайып ертегі ұл-қызымызға қай тілде жетті, өз ұлтының қазынасы ма, мәселе осы арада. Ана тілінде бесік жырын естімей өскен адам этносының әдебиетіне де жете мән бермейді.

Бесік жыры – ұлт әдебиетіне баспалдақ болса, ұлт әдебиеті – әлемдік әдебиетке бастар жол. Қазақтың кейінгі ұрпақтары бесік жырын ана тілінде естімей өскендіктен кезінде мәңгүрттікке ұрынды. Асанқайғыдан бастап, Сұлтанмахмұтпен аяқталатын бес ғасырлық жыр дастан дүлдүлдерінің туындыларын оқымай өскен ұрпақтың бойында ұлттық сезім кемшін түсіп жатты. Абайды әлемге енді танытып жатырмыз, ал өзіміз танып болдық па? Ендеше, тілдік сана зияткерлік пен мәдениеттіліктің бір белгісі екен.

Зияткер, төл мәдениет иесі – тарихи сана белгілерін мол меңгерген адам. Айналып келгенде, тарихи сана – этностық және жалпы мемлекеттік сананың негізі. Ұлттық ой-сана, этностың мыңдаған жылдық аңыз-әфсанасы, бейне-белгілері, наным-сенімдері халықтың тарихын білу арқылы ғана ерекшеленеді. Туған жердің, онда өмір сүріп отырған халықтардың, бір кездегі жасаған мемлекеттердің шежіресін білу тарихи сабақтастықты, тамыр тереңдігін, талай жылдардан бері іргелес қоныстанған халықтар тағдырының ортақтастығын білдіреді [2, 43].

Тарихты тану дәрежеміз бұған дейін қалай болғаны белгілі. Әлемдік тарих бізге мәдениеттердің өзара ықпалының, этносаралық байланыстардың тарихы, сәулет пен қолөнердің тарихы ретінде емес, қанды шайқастардың, мемлекеттер қақтығысының, таптар күресінің тарихы күйінде оқытылып келгені өкінішті. Бір ғана мысал, жүйелеп оқысақ, «Ұлы Жібек жолы» тарихының өзі бізге талай

өркениеттерден мағлұмат берер еді.

Осындай өркениеттердің ізі болып табылатын төл тарихымызды оқығанда ең алдымен мәдениет тарихына ерекше маңыз берілуі тиіс. Бұл пән әзірге орта мектеп бағдарламасынан орын ала алмай келеді. Жоғары оқу орындарына соңғы жылдары енгізіле бастаған ол көп мәдениетті тұлға қалыптастыру міндеттерін шешуге септігін тигізбек. Пән мәдениеттер тарихын, әлемдік және ұлттық философия, дәстүрлер мен әдет-ғұрыптар тарихын оқытудан бағытын жазбаса, рухани дамыған, сан қырлы мәдениетті меңгерген, әрі бағалай білетін адам-дарды тәрбиелеуге едәуір ықпал етпек.

Тарихи сананы қалыптастыру – тарихи танымның дұрыс қалыптасуына тәуелді. Ал тарихты тану, қазіргі деректерді білу ғана емес, сол тарихи оқиғалар мен деректерді талдау арқылы ақиқатқа жету. Осы тұрғыдан келгенде Қазақстан тарихы әлі де болса толық танылмай жатыр десек, артық айтқандық болмаса керек. Бұған тарихты идеологияның құралына айналдырған кешегі кеңестік жүйенің негізгі себеп болғаны белгілі.

Қазақстанда діннің мемлекеттен жолы бөлек. Сондықтан мемлекеттік білім беру саласы діни сананы қалыптастыруды мақсат етпейді. Дегенмен, дін халық рухының, оның, мәдениетінің ажырамас бөлігі, әрі ұлттық сана-сезімді қалыптастырудың маңызды факторының бірі екенін естен шығармаған жөн. Діни құндылықтарды білмей, не бағаламай тұрып мәдениетті, зияткер, ұлтжанды азамат тәрбиелеу ісі толымды болмайды. Елімізде ислам дінінің имандылық-әдептілік, тәлім-тәрбиелік (мысалы, обал-сауап, адал-арам, т.б.) оң әсерінің күшеюі, әрине, қуантпай қоймайды. Ал енді әлемдік дін тарихын білу Қазақстанды мекен ететін көптеген халықтардың адамгершілік мүдде-максатының, рухани құлшыныстарының, әдептік-әсемдік талғам-талаптарының ортақтығын көрсетеді [3]. Өзара түсіністік пен төзімділік мәдениетін құқықтық және имандылық тұрғыдан қамтамасыз ету, қоғамда әртүрлі діни сенімді ұстанушыларға байсалды

көзқарас қалыптастыру, балалар мен жастардың бойында елімізге сырттан енуші этнодіни экстремизм мен түрлі радикалды ағымдарға қарсы әрекет ете алатын дағдылар қалыптастыру – маңызды міндет.

Көп мәдениет иесіне тән тағы бір ерекшелік – географиялық сана болуға тиіс. Шын мәнінде зияткер, мәдениетті адам болу үшін планеталық, ғаламдық, экологиялық саналар деңгейіне самғаумен бірге кіндік кескен жер, туған өлке, Отан, өз шаңырағын қастерлеу сезімімен қатар тыныстау парыз. Халық «Жеріңнің аты – тарихтың хаты» деп тегін айтпаған. «Ұлытау», «Ордабасы», «Орбұлақ», «Оқжетпес» деген сөздерге селт етпейтін, оларды тек жер-су атаулары ретінде ғана қабылдайтын қазақты, тіпті ол Нигара сарқырамасының биіктігін, Панама каналының ұзындығы мен енін, Оймяконның ең төменгі температурасын жатқа айтып тұрса да, қалай ғана мәдениет иесі дерсің?

Егемендік алғаннан бері бабалар жерінің байырғы атауларын қайтару үшін көп жұмыс тындырылды. Бір кезде ішкі Ресейден қоныс аударғандар өздері үдере көшкен мекенінің атауларын да қазақ жеріне «көшіріп әкелді», кешегі тың төсіне қадалған әрбір қаладағы жат атаулар кезінде жергілікті жұрттың келісімінсіз республика картасын мүлдем өзгертіп жіберді. Компартия көсемдері мен кайраткерлерінің есімі берілмей қалған ауданды, ауылды табу қиын еді. «Бәленбайыншы партсъезд», «КСРО-ның түгенбайыншы жылдығы» деген бір қалыптан шыққан елді мекендер қаптады.

Ақмола мен Ақтау, Атырау үшін айтыс, Ермакқа байланысты ерегіс ұмытыла қойған жоқ. Тарихи атауларды қайтарып алып жатырмыз. Ақиқатына келсек, бұл жөнінен ешбір талас болмауы тиіс. Әрбір этнос өкілдері мектеп партасында отырған кезінен елдің, жердің тарихын, байырғы атауын біліп өссе, мұндай түсінбестік орын

алмас та еді. Өкінішке орай, мектепте ұстаздар, отбасында ата-аналар ұл-қызға мұндай тәрбие беру аз көңіл бөледі.

Жұмыр жердегі еліңнің, ел ортасындағы туған жеріңнің орнын, қасиетін, шежіресін білу - географиялық сана ұғымының негізі болмақ. Географиялық сана елтану, этнография, экология пәндері арқылы да дариды. Аталған пәндер этнос пен мәдениет проблемаларымен өрістес болғандықтан, мәдени-этностық оқыту ментәлім-тәрбие ісінде ерекше маңызға ие.

Бұл - ғылым мен білім берудің мәдениет экологиясы, имандылық экологиясы секілді жаңа бағыттары туралы әңгіменің басы ғана.

Зияткер, рухани әлемі бай адам ғаламдық экология мен Қазақстан экологиясын табиғи ұштастыруға бейімді. Әрбір отандасымызға туған жерді – ортақ үй, Қазақ елін ортақ Отан ретінде сезіну, атамекен мен ел табиғатын аялап, қызғыштай қорғау қасиеттерін дарыту мақсатында жаратылыстану ғылымдарын оқыту мәселесіне көңіл бөлу керек. Бұл пәндерден дәріс беруде елімізге қатысты құбылыстарға баса назар аударып, осы ғылым салаларын дамытудағы қазақстандық ғалымдардың үлесіне ерекше тоқталудың пайдасы айтарлықтай. Шынайы ұлтжандылық, халық үшін мақтаныш сезімдері осыдан туындайды.

Төл мәдениет иесіне шынайы көркемдік сана тән. Ұшқыр қиял, нәзік сезім, әсемдікке құштарлық, әдемілікті бағалай білу, көркемдік талғам, өнер туындыларына тәнті болу қасиеттері адам өмірінің мәнін асқақтатады. Білім берудегі саз-әуен мен кескіндеме пәндері, күнделікті өмірдегі театр, кино, теледидар, компьютер мен көркем әдебиет осындай сананы қалыптастыруға қызмет етеді.

Көркемдік сананың ерекшелігі, ол көп жағдайда көркем шығармашылық, ізденіс кезінде үнемі қолданыс табады. Күй шерту, ән шырқау, өлең шығару, кескіндеу, оюлау, мүсіндеу үстінде адам өз халқының мәдениетіне қатыстылығын сезінеді. Сондықтан көркемдік

сана мәдени-этностық білім беру мақсаттарына барынша сәйкес келеді.

Қазақстанда мұндай білім жүйесін қалыптастыру үшін этностық білім беру кеңістігі – этностық мәдениеттерді, ұлттық-мәдени қауымдастықтарды дамыту үшін қолайлы негіз, кең өріс қажет. Ол үздіксіз білім берудің қажетті шарты, әрі табиғи құрамы. Адам ғұмыр бойы осы кеңістіктің аясында жүреді. Оған талбесік, отбасы, балабақша, мектеп пен жоғарғы оқу орынын, этностық-мәдени орталық, дәстүрлі мерекелер, халықтық мерейтойларды жатқызуға болады [4,23].

Қандай озық болмасын, ешқандай мәдениет адамға оның төл мәдениетін алмастыра алмайды. Қазақ мәдениеті – бірегей, қайталанбас, ғажайып құбылыс. Оның уызына жарымаған, тұнығына қанбаған қандасымыз – рухани

жарымжан. Сонымен қатар, өз ұлтының парасатты, зияткер өкілі болу үшін адамға әлемдік мәдениетке деген кең көзқарас қажет екенін де естен шығармайық. Көне заманның, ежелгі Шығыстың, Қайта өрлеу дәуірінің өркениетінен, әлемдік мәдениет маржандарынан сүзілген жалпы адамзаттық құндылықтардан мағлұматы бар тұлға ғана өзінің, жан дүниесінде жұмыр жердегі мәдени бауырластықтық бәйтерегін жайқалта алады. Білім беру жүйесінің асыл мұраты – осыған қол жеткізу болмақ. Ендеше білім беру жүйесін жаңғыртудың маңызды міндеттерінің бірі – өкілдері бәсекеге қабілетті білімді меңгерген, ой-өрісі дамыған ғана емес, жоғары азаматтық және адамгершілік ұстанымы, отансүйгіштік сезімі мен әлеуметтік жауапкершілігі қалыптасқан зияткер ұлтты қалыптастыру болып табылады.

Әдебиеттер

- 1 Серікқалиұлы З. Дүниетану даналығы. – Алматы, 1994. – 224 б.
- 2 Өтешова Б. Ұлт ұрпағының дүниетанымын халық тағылымдары арқылы дамыту. – 2007. – 118 б.
- 3 Оразбекова К. Ұлттық психология мен халық тәрбиесі болашақтың бастауы хақында. – Алматы, 2000. – 543 б.
- 4 Ғаббасов С. Халық педагогикасының, негіздері. – Алматы, 1995. – 223 б.



«Өзгенің есебінен жақсы көрініп - жарылқаушы атануға, ел мүддесіне нұқсан келтіруге болмайды»

Нұрсұлтан Назарбаев.

ӘОЖ 37.01:055.25

З.Қ.Сабырова

*Қазақ мемлекеттік қыздар
педагогикалық университетінің
әлеуметтік және тәрбие істері
жөніндегі проректоры*

ҰЛТЖАНДЫЛЫҚ – ҚЫЗ ТӘРБИЕСІНІҢ НЕГІЗІ

Мақалада ұлттық тәрбиенің ерекшеліктері мен ұлттық салт-дәстүрдің студенттерді тәрбиелеудегі ролі қарастырылған.

Түйінді сөздер: *ұлттық тәрбие, қазақ қыздары, қыз қылығымен, қыз тәрбиесі, ұлтжандылық.*

В статье рассмотрены особенности национального воспитания и роль национальных традиции в воспитании студентов.

Ключевые слова: *национальное воспитание, девочки казаха, характером девочки, воспитание девочки, патриотизм.*

The article describes the features of national training and the role of national traditions in the education of students.

Keywords: *national training, kazakh girls, by character of girl, education of girl, patriotism.*

Қазіргі таңдағы заманауи әлеуметтік-экономикалық жағдайда әлемдік жаһандануға бағытталған білім – Қазақстанның әрі қарай дамуына қажетті мүмкіншіліктерді туғызып, бәсекелестік қабілетін арттыру кезеңінде педагогикада ұлттық тәрбиені насихаттауға кең жол ашуда. Бұл кезең жоғары оқу орындарында тәрбие жұмысының қалыптасуы мен даму заңдылықтарын айқын жүргізуді және студенттердің әлеуметтік мәселелерімен бірге, рухани дамуын қатар қамтамасыз етуді қажет етеді.

Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінде тәрбие қызметін дамыту – университет бітірушілерінің кәсіби дайындығының сапасын көтеруге, сонымен қатар тәрбие саласындағы өзекті мәселелерді шешуге дайын маманды дайындауға бағытталған. Біздің басты мақсатымыз – жаңа әлеуметтік-экономикалық жағдайларда жұмыс істей алатын мамандарды тәрбиелеу.

Абай атамыз «Жаман тәрбие – бола-

шақтағы қайғыңыз» деген. Қыздың абыройы мен ары – бүкіл елдің абыройы мен ары. Қыз әдемілік пен іңкәрлік символы. Жібектей мінезімен уыздай тәтті қылығымен, іскерлігімен, ұқыптылығымен, ізеттілігімен, иманды, инабаттылығымен сыйлы. «Қызға қырық үйден тыю, қала берді есіктегі қара құлдан тыю» деген аталы сөз, желкілдеп өскен қыр қызғалдағына көрсетілген қысым емес, қайта пәк күйінде құлпырып өссін, жаман аттан аулақ болсын дегені. Қазақ қыздарынан қаншама ақылгөй даналар, мейірімді аналар, отбасының құты мен берекесі бола білген тұлғалар шықты десеңші. Қажырлы еңбегімен мемлекет, қоғам қайраткері ғана емес, ұлт мақтанышына, адамзат ардағына айналған қаншама қыздарымыз бар.

«Менің бабалары батыр, аналары дана халқым бар; тағдырдың талай тауқыметін мойымай көтерген, өмірдің небір шырғалаң кезеңдерінде небір аласапырандарды

басынан кешірген төзімді халқым бар; өздерінің халі мүшкіл бола тұрып, өзінікі түгіл өзге ұлттың жетімін тентіретпеген, қаншама ұлт пен ұлыстарға пана бола білген мәрт халқым бар; жүрегі жомарт, ақылы дария, ниеті пәк, көңілі кіршіксіз қардай ақ ақкөңіл халқым бар; талай жаудың меселін қайтарып, ел іргесін сөгілтпей, жерін жауға бермей аман алып қалған батыр халқым бар; күмбірлете күй төгіп, тамылжыта ән салып, қырық күн, қырық түн жырланатын дастандарды дүниеге келтірген өнерпаз халқым бар; қаншама данышпан-даналарды, кемеңгер ғалымдарды, алып батырларды, сұңғыла шешендерді, тура билерді дүниеге келтірген тәкаппар да паң халқым бар.

Мені де осы халықтың дүниеге келтіріп, менің де Ұлы даланың қасиетті топырағына кіндік қанымның тамғанына ризамын. Айналайын, жомарт халқымнан, дана халқымнан, көнтерілі халқымнан!» – деп елі үшін егіліп, Қазақстандай мемлекетіміздің негізін қалап, еліміздің көсегесін көгертіп, әлемге танытып, көрегендікпен өрге сүйреп келе жатқан Көшбасшымыз Нұрсұлтандай парасатты ұлды өмірге әкеліп, тәлім берген Әлжан анамыздың өмірі де қыздарымызға өнеге болмақ.

Ұрпақ тәрбиесіне халықтық педагогика мен ұлттық психология көмектеседі. Ата-бабамыздың салт-дәстүрін қыз бала тәрбиесіне пайдалана білсек. Тәрбие көрген қазақ қыздары ерлерін пір тұтып, оның ата-анасы мен бауырларын құрметтеп, үлкеннің алдын кесіп өтпей сыйлап, қадірлеген. Бұндай әйелдерді ер азаматтар да қатты құрмет тұтқан. Бір дуан елді ашса алақанында, жұмса жұдырығында ұстаған атақты аға сұлтан Құнанбайдың өзі анасы Зеренің алдын кесіп өтпеген. Бүгінгі студент жастарымызға осы асыл Аналарымыздың өмірін – үлгі, ғұмырын – өнеге ету де біздің басты мақсатымыз.

Ұлы пайғамбарымыз да «Жұмақ аналардың аяғының астында», «Үш қыз тәрбиелеп кемеліне келтірген ата-ана жұмаққа барады» – деп, ана тәрбиесін

бірінші орынға қойған.

Олай болса, «асыл анадан, ат биеден туады» дегендей, нағыз ана тәрбиелеген ұрпақ жаман болмайды. Ердің намысын, елдің тыныштығын сондай ұлдар қорғайды. «Аталар сөзі – ақылдың көзі» дей келе, бұрынғы өткен ұлыларымыздың әйел затының тәрбиесіне байланысты айтылған түйінді сөздеріне бір сәт көңілімізді бөле кетейікші: «Әйелі ақылдының еркегі бақырлы болады, береке мен бірлікке шақырғы болады. Алысты жақын, дәмсізді дәмді етеді. Берекесіз әйел байды жарлы етеді, жарлыны сорлы етеді. Ұйқышыл жалқау келеді, тілі ащы шайпау келеді. Ердің қосағы түзелмей қосы түзелмейді. Әйелің адал болса – алаңың жоқ, арам болса – амалың жоқ. Қанаттандыратын да, қанат талдыратын да әйел. Жақсы әйел жаман еркекті ер етеді. Жаман әйел жақсы еркекті қор етеді. Ақылды жарың – байлығың барың. Жақсы қыз ибалы келін болады. Жақсы келін – келін, жаман келін – өлім болады. Еркек – түздің қыраны, әйел – үйдің шырағы. Әйел – үйдің туы, оттың қуаты» деген ата-бабамыздың мағыналы да маржандай асыл сөздерін жұмыр жүрегіне тізбектеп тізіп, ақылымен елді аузына қаратқан, тәрбиелі де үлгілі ұрпақ таратқан, аты аңызға айналған, адалдығынан әулие деген атақ байланған ару қыз, опалы жар, қасиетті аналар көп болған қазақта. Олар ерін «пірім» деп сыйлаған. Ұрпағының басына адамдық қасиет жинаған, ұлын ұлағатты, қызын парасатты қылып тәрбиелеген. Ата-бабаның осы қастерлі тәрбиелік мұрасы қазіргі білім беру үрдісінде сәтімен ұласып, бүгінгі бүлдіршіннің ертеңгі ибалы да иманды азамат, Отанын сүйген патриот, ұстанымы берік, бәсекеге қабілетті маман болып шығуы жолында жалғасын табуда [2].

Соңғы жылдардағы біздің қоғамдағы тың серпілістер білім саласында жаңа қажеттіліктерді тудырып отыр. Мұнда әрбір педогогикалық ұжым тәрбиелік жүйені халқымыздың мәдени-тарихи дәстүрлеріне, жастар табиғатына сай үлгілеуге және жаңғыртуға бет алды. Бұл мақсатқа

оқытушы мен студент бірлесіп жұмыс істегенде, түсініспеушілік пен қарама-қайшылық болмаған жағдайда ғана жетуге болады. Оқытушылардың белсенділігі, жоғары оқу орындары кафедраларының оқу, ғылыми және тәрбие үрдісінің бірігіп қамтамасыз етуі болашақ мамандардың бойында кәсіби және интеллектуалды күзіреттілік қалыптастырады. Көп ұлтты Тәуелсіз Қазақстан мемлекетінің беріктігі, өркендеп нығаюының негізгі жолдарының бірі – студенттер санасында тәрбие рухын қалыптастыру. Өз Отанын сүю, Ата-Занды білу, еркін өмір сүруін қамтамасыз ету – ел мақсаты. Бұл қасиеттерді орындау үшін әрбір студент оны бойына сіңіріп, дамытуы тиіс.

Отбасы – адам дүниеге келгеннен бастап, оның өсіп жетілуі, қатарға қосылуына ықпал ететін басты факторлардың бірі. Мұнда ол қоғамдық өмірге араласуға, мәдениетті меңгеруге, мінез-құлық нормаларына, өзін тұлға ретінде көрсетуге және әр түрлі әлеуметтік ролдерді атқаруға бейімделеді. «Ұяда не көрсең – ұшқанда соны ілесің» демекші, бала – отбасының айнасы.

Бүгінгі күні отбасылық құндылықтар аса көп өзгерістерге ұшырап, отбасы қарым-қатынасының бұзылуы жиі орын алуда. Қыздардың өз әйел табиғатына тән қасиеттерін сақтап, өз орнын таба білуіне жәрдем беру, олармен ата-аналарынша сырласу, әр студенттің жүрегіне жол таба білу – бүгінгі оқытушының басты күзіреттілігін айқындайтын фактор. Қыз балаларды тәрбиелеудің маңызы оларды қоршаған өмір, дүниетанымы мен құндылықтар жүйесі әр түрлі адамдар арасындағы өзара қатынас барысында, осы қатынастардың нормалары болып табылады. Қыз балалардың мінез-құлқын тәрбиелеу бойынша жұмыс оларды нәзіктікке баулу, отбасындағы алатын орны, ептілік пен шеберлік қалыптастыру, сондай-ақ қыздардың отбасылық қарым-қатынастар сияқты ұғымдармен таныстыруға бағытталған.

Қазіргі қарыштап дамыған заман талабына

сай білім алушы жастардың ғылыми-зерттеу жұмыстарына деген қызығушылықтарын, кәсіби қызмет нәтижесіне қатысты азаматтық жауапкершілігін, кәсіби этика нормаларын шындауда басты назарда. Әрбір студентке оқу еңбегінің дағдыларын меңгеруге, олардың психологиялық проблемаларын шешуге, жоғары оқу орны өмірінің дәстүрлерімен және нормаларымен таныстыруға көмектесетін эдвайзерлер қызметінің маңызы зор. Сонымен қатар, студенттердің тәрбиесі үшін кәсіби мамандардың қатысуы маңызды. Университеттегі кітапхана, спортзалы, мұражай, әрбір бағытта құрылған үйірмелердің, әлеуметтік бағамы жоғары жобаларға қатысуынсыз университеттің дамуы мен өсуін елестету мүмкін емес.

Ұжымдық бірлестік, ортақ кәсіп, шынайы достық, осының барлығы студент өмірінің бір ғана сәтін суреттейді. Университетте ұйымдастырылатын іс-шараларда студенттердің жоғары белсенділік танытуы және олардың өзін-өзі басқаруы – әрбір жоғары оқу орындарындағы тәрбие жүйесінің бөлінбейтін бөлшегі болып саналады. Жастардың студенттік кезеңде өзін-өзі басқаруға қатысуы олардың бойында дербес, белсенді, жауапкершілік, бастамашыл сынды қасиеттерді қалыптастыруға көмектеседі. Өзін-өзі басқару – студент үшін бос уақытты тиімді және үнемді пайдалану, кәсіби өсу жолын арттыру әдісі, олардың құқығын және мүддесін қорғаудағы ғылыми және басқа да бастамаларын қолдау мен дамытудағы көмекші ұйым. Біздегі Студенттік кеңес – жатақханадағы студенттердің өзін-өзі басқару жүйесі ретінде көп шараларды ұйымдастырып, белсенді жұмыс жасауда.

Осы орайда университет жастарының қызу бастамасымен құрылып, бүгінде жастар тәрбиесі бағытында орасан зор қызмет атқарып отырған «Қыз Жібек» жастар клубын айрықша атап өткен орынды. Клубтың жоғарыда айтып өткен ұлттық тәрбие, гендерлік саясат және білім мен тәрбиенің егіз дамып, өркендеуіне қосқан үлесі айтарлықтай.

Қыздар университеті студенттері әлеуметтік серіктестік шеңберінде қайырымдылық акциясын өткізуді дәстүрге айналдырған. Студенттік омбудсмен әлеуметтік-психологияны оқып үйрену, студенттердің өмір сүру үдерісінде туындайтын мәселелерді ескерту және көрсету жағдайындағы студенттер арасында жиі өткізілетін мониторингті жүзеге асыру үшін шынайы тәжірибеге студенттердің сұраныстарын, қажеттіліктерін, күтілетін нәтижелерін сәйкестілігін анықтауды мақсат еткен. Университеттің имидждік саясатын жүзеге асыруда – жастармен орындалатын тәрбиелік жұмыс маңызды рөл атқарып келеді. Өзі білім алған университеті үшін мақтануға, әрбір атқарылған шараға үлкен жауапкершілікпен қарауға, өзін студенттік

элитаға қатысты екендігін сезінуге Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің беделін айқындайтын теле-радио көрсетілген бағдарламалар және баспасөз басылымдарында жарияланған мақалалар өз көмегін тигізуде. Жоғарыда аталған барлық мәдени-көпшілік, ғылыми іс-шаралардың баршасы тек мемлекеттік тілде өтілетіндігі, бұл шараларды ұйымдастыруда ұлттық құндылықтардың басты назарда ұсталуы да университет ұжымының Елбасы саясатын әрдайым негізгі бағыт ететінін көрсетеді. Бір сөзбен айтқанда, ұлтжанды ұрпақ тәрбиешілерін, ұлағатты ұстаздарды дайындауда университеттің барлық құрылымдары мен бөлімдері жұмыла жұмыс жасап, қажырлы еңбекке жұмылдырылуда.

Әдебиеттер

- 1 Ильина А. Педагогика. – Алматы: Мектеп, 1977. - 488 с.
- 2 Сейталиев Қ.Б. Тәрбие теориясы. – Алматы, 1976. - 244 с.
- 3 Оразбекова К.А. Иман және инабат. – Алматы, 1993.
- 4 Жарықбаев Ж. Аталар сөзі, ақылдық-көзі. – А., 1980.
- 5 Байжанова Ж. Қызым саған айтам. – Алматы, 1990. - 248 б.
- 6 Исаева Г. Шаңырақ шаттығы. – Алматы, 1992. - 319 б.



Қол жетпес шыңыраудағы су болғанша, пайдасы көпке тиетін жайдақ су болған жақсы

Мұхтар Әуезов.

ӘОЖ 37.01:82

С. Б. Даутова

ф.ғ.д.,

Абай атындағы ҚазҰПУ
Әдебиеттану және тіл білімі
ҒЗИ директоры

ҚОҒАМНЫҢ ДАМУЫНА ҚОСҚАН ӘДЕБИЕТТАНУ ҒЫЛЫМЫНЫҢ ІРГЕЛІ ҮЛЕСІ

Бұл мақалада қоғамның дамуына қосқан әдебиеттану ғылымының іргелі мәселелері қамтылған.

Түйінді сөздер: ұлттық құндылықтар, әдебиет, мәдениет, қоғам дамуы, ғылым, білім.

В этой статье рассматривается наука литературоведения, давшая усилие развитию нашего общества.

Ключевые слова: национальные ценности, литература, культура, развитие, наука, знание.

This article discusses the science of literature, which gave force the development of our society.

Keywords: national values, literature, culture, development, science, knowledge.

Қазақстандағы қазіргі әдебиеттану ғылымының дамуы саяси-әлеуметтік, тарихи-идеологиялық факторлармен анықталады. Олардың мәні негізгі екі үрдістен көрінеді: дамудың жалпы әлемдік үрдісі – жаһандану және 1991 жылғы еліміздің тәуелсіз мемлекет мәртебесіне ие болуы.

Қазақ филология ғылымы соңғы онжылда ұлттық және жалпыадамзаттық дамудың маңызды да өзекті бағыттарын айқындай отырып, әлемдік арнада дамуда. Әлемнің шарықтап дамуының өркениеттік ерекшеліктері ұлттық құндылықтарды, ұлттық тілді, әдебиет пен мәдениетті сақтай отырып, әрбір ұлт дамуының мәселелерінің айтарлықтай белсенді күйге келетін барлық міндеттерін көрсетуде.

Іргелі ғылымдардың дамуы бүкіләлемдік сәйкес келетін бағыттарға жол ашады. Іргелі зерттеулердің нәтижелері – идеялар мен технологиялардың бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ететін нақты ресурс. Іргелі ғылыми ізденістердің жетістіктері, өз

кезегінде, қолданбалы зерттеулер дамуының базасы болып табылады. Сөйтіп, өндіріс пен білім беруді жаңғырту, инновациялық технологияларды ендіру, еңбекті ізгілендіру (интеллектілендіру), қазіргі заманғы инфрақұрылымдарды іске қосу, еліміздің бәсекеге қабілеттілігінің жетістіктері іргелі ғылымдардың дамуына негізделеді, оның қолданбалы зерттеулермен және жүйелер мен тетіктердің қалыптасуымен әрекеттесуі нақты өмірге ғылым жетістіктерін ендіруде көрініс береді.

«Сарапшылардың есебі бойынша, айтарлықтай жетістіктерге ие елдердің ұлттық байлығының жалпы көлемінің 15 пайызы – материалдық құндылықтарға, 15-20 пайызы – табиғат ресурстарына тиесілі болса, ал 65 пайызы – адам капиталы. Адамдар және олардың білімі мен біліктілігі дамудың стратегиялық базалық ресурсын қалыптастырады.

Дәл осы жағдай Жапония, Финляндия, Оңтүстік Корея, Сингапур, Бразилия сияқты

тағы басқа бірқатар елдердің экономикалық дамуда көш басшы болуларына шешуші мәнге ие болды [1].

Осы тұрғыдан қарағанда әдебиеттанудың қағидаттық міндеті еліміздің басты байлығы – адамның ой-саналық, тәлім-тәрбиелік, адамгершілік сапасын қалыптастыратын маңызды ресурс болып табылады. Қазіргі зерттеулерге өзектілігі мен жалпыадамзаттық мән-мазмұны бар рухани құндылықтарға сіңірілген әлемнің көркем бейнесінің көркемдік «өзгешелігін» ғылыми тұрғыдан пайымдау және әлемнің ұлттық бейнесін тіл мен әдебиет құралдары арқылы зерттеп-зерделеу тән.

Тіл – әдебиет – мәдениет – ой-сана феномендерінің өзара байланысы мен бір-біріне ықпалының мәселелерін зерттеп-зерделеудің өзектілігі күннен-күнге артуда. Әсіресе әлемнің концептуальдық және көркемдік бейнесінің бір-біріне қатысын зерттеу мәселесі ғылыми қызығушылық туғызуда. ХХІ ғасырдағы мәдени байланыста әдебиет өзін адамзат өркениетінің дамуында таусылмайтын гуманитарлық ресурс ретінде танылуда.

Классикалық әдебиеттің құндылықтары мынада: ол өткеннің рухани тәжірибесін сақтай отырып, көркем бейнеленген әлемнің айқын келбеті арқылы адамзаттың нақты құндылықтарын бойында сақтап, оны болашаққа тасмалдаушы болып табылады. Қазақ әдебиеті алдыңғы қатардағы классикалық дәстүр арнасында дамып келеді, ол ұлттық және жалпыадамзаттық дамудың өзекті бағыттарын бейнелейді. Танымал ғалам-филологтардың еңбектері оқырманның көркем әдебиеттегі әлем бейнесін, автор иясының өзіндік ерекшелігін, суреттелген мәселенің өзектілігін танып-түсінуіне көмектесетін көпір болып табылады. Қазіргі ұлттық әдебиеттің және Қазақстан халқы әдебиетінің көркемдік деңгейі белгілі бір өлшеммен алғанда ғалым-әдебиеттанушылардың қамқор назарымен, олардың ұлттық және әлемдік үдеріске сыни көзқарасымен қалыптасқан.

Негізгі зерттеушілік жұмыс қазіргі таңда танымал ғалым әрі қоғам қайраткері У. Қалижан басқарып отырған М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты базасында жүргізілді. Бұл маңызды жұмыстан еліміздің жетекші ЖОО-лары: Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Абай атындағы ҚазҰПУ, Л.Гуммилев Атындағы ЕҰУ, Е.Букетов атындағы ҚарМУ және т.б. оқу орындарының ғалымдары да тысқары қалған жоқ. Іргелі ізденістердің басықасында қазақ әдебиеттану ғылымының бетке ұстар ғалымдары: С.Қирабаев, С.Қасқабасов, З.Қабдолов, З.Ахметов, Т.Кәкішев, Н.Ғабдуллин, Ш.Сәтпаева, А.Нұрқатов, М.Базарбаев, Ш.Елеукенов, Р.Нұрғали, А.Сейдімбеков, Ә.Нарымбетов, Ж.Ысмағұлов, Р.Бердібай және тағы басқалары тұр.

Тәуелсіздік жылдары кезеңіндегі Қазақстан филология ғылымының дамуы іргелі зерттеулердің бірқатар нәтижелерімен сипатталады. Еліміздің егемендік мәртебе алуы қазақ тілі мен әдебиетінің, көп ұлтты еліміздің тілдері мен әдебиеттерінің, осыған сәйкес тіл білімі мен әдебиеттанудың ғылыми салаларының толысып-толығыуы, мазмұнының жаңғыруы, қызмет аясының кеңеюі және өзара байланысы үшін мақты негіздеме болды.

Гуманитарлық ғылымдар аясындағы ел егемендігінің басты жетістіктерінің бірі қазақ әдебиеті тұтастығының қалпына келуі, түп-тамырын табуы, ұлттық әдебиеттанушылық парадигма мен ұмыт қалған шығармашыл тұлғалардың шығармаларындағы көркем ойлардың қайта оралуы болды.

Бұл, бір жағынан қарағанда, қазақ әдебиеті мен мәдениетінің репрессияға ұшыраған талантты ұлдары Шәкәрім Құдайбердиев, Ахмет Байтұрсынов, Мағжан Жұмабаева, Жүсіпбек Аймауытов, Міржәкып Дулатов, Әлихан Бөкейханов, Құдайберген Жұбанов шығармалары мен Мұхтар Әуезов, Сұлтанмахмұт Торайғыров сияқты тағы басқалардың кейбір жарық көрмеген шығармаларының қайтадан ортамызға оралуы еді.

Енді бір жағынан алсақ, қазақ әдебиетінің даму тарихы мен көркем-эстетикалық мәнін айтарлықтай тұтас әрі шынайы танып-білуге бейімдейтін танымал жазушылар мен ғалымдардың бұрын тиым салынып келген ғылыми еңбектері ғылыми айналысқа түсті. Бұл, өз кезегінде, сан ғасырлық қазақ тарихын, сондай-ақ ұлт елдігі идеясын пайымдауға көмектесті.

Отандық жетекші әдебиеттанушылар қазақ халқының тарихы мен рухани дүниесін танып-білудегі қайта оралған әдебиеттердің құнын жандүниесімен сезіне отырып, ақталған шығармашылық көркем және сыни мұраларды ғылыми пайымдау бойынша зор еңбек жасады. Олар тарапынан Алаш әдебиеттануын тұтастай алғанда және оның жеке тұлғалары Ж.Аймауытов, Ш.Құдабердиев, М.Жұмабаев, С.Сейфуллин, М.Әуезов және т.б. шығармашылығы бойынша монографиялық еңбектер жазылып, жарық көрді.

Қазіргі әдебиеттану ғылымындағы зерттеудің осы бағыты өзінің мәні бойынша жүйе қалыптастырушылық қызмет жасады және қазақ әдебиеті туралы алғашқы таным-түсініктік парадигманы кеңейтіп қана қоймай, ең бастысы, кеңестік үкіметтен әлдеқайда бұрынғы әдебиет туралы отандық ғылымның қағидаттық өлшемдерін сипаттайтын қазақ әдебиеттануының дәстүрлері – ғылымилықты, тарихилықты, шынайылықты ашты. Бұл – ғылыми ортадағы қазақ әдебиеттануы Қазан төңкерісінен кейін ғана туды деген жалған тұжырымды теріске шығарды.

Қазақ әдебиеттануында зерттеудің басты нысандарының бірі – көптеген жанр арқылы көрем жүйе түрінде бізге жеткен, халық өмірінің жарқын көрінісі фольклор болып табылады. Кеңес уақытында фольклорлық мұраны зерттеп-зерделеу белгілі бір идеологиялық заңнамалар шеңберінде қарастырылатын. Бұл – кейбір жанрлар мен шығармалардың басылуына шектеу қойып, ауызша айтылған мәтіндерге өзгеріс жасатқызды.

Фольклорлық мұралардың тұтастығы мен оларды жүйелі түрде зерттеудің қажеттілігін пайымдау кеңес уақытында жасалған фольклорлық зерттеулерді ғылыми түрде қайта танып-түсінудің қажеттілігін көрсетті және қазіргі қазақ фольклортануының: қазақ фольклорын алғашқы түпнұсқаға сәйкес келтіруді мақсат ете отырып, жүйелі текстологиялық жұмыс жүргізу, көпжанрлық фольклорлық бай мұраны тарихи-типологиялық, тарихи-салыстырмалық ғылыми талдау әдісіне негіздей отырып, диахрондық аспектіде зерттеудің концептуальды мәселелері анықтады. Осы ретте қазақ фольклортануының жаңа қадамымен «Бабалар сөзі» деген 100 томдық қазақ фольклорының жинағы жарық көргенін ерекше мақтанышпен атап өтуге болады.

Ғалым-фольклортанушылар тарапынан тәуелсіздік жылдары халықтың рухани байлығы, ақыл-ойының жемісі және өмірлік таным-түсінігі болып саналатын фольклорлық мұралардың алғашқы басылымын қалпына келтіру бойынша үлкен жұмыс атқарылды. Негізгі назарда халық ауыз әдебиеті үлгілерін тарихи-типологиялық, тарихи-генетикалық, жүйелі зертеу болды. Қазақ фольклортануында қазақ елдігі тарихының, халық тарихы мен руханиятының бай да құнды қайнар көзі ретінде эпостанудың мәселелері ерекше орын алады.

Фольклортанушылардың дәстүрлі әдістерімен қатар фольклорды зерттеудің жаңа ғылыми аспектілерін дайындауға қол жеткізілді: оқиғалық (сюжеттік) үлгілер мен жанрлық уәждемені (модификацияны) салыстырмалы-тарихи әдіспен зерттеу, фольклорлық мұралардың хронологиясы мен көп нұсқалық мәселесінің арақатынасы, қазақ фольклоры поэтикасындағы синтаксистік құрылым мәселелері, фольклорлық шығармаларды әдеби-эстетикалық контексте қарау.

Қазіргі фольклортанудағы зерттеудің жаңа үрдістері қазақ эпостарының 3

томдығында, айтыстың 3 томдығында, қазақ ертегілерінің 3 томдығында, қазақ фольклорын орыс, ағылшын тілдеріне аударып, басып шығаруда жүзеге асырылды. Солардың аясындағы ғылыми жетістіктер бірқатар диссертациялық жұмыстарда, авторлардың монографияларында көрініс тапты, «Қазақ фольклоры тарихы», «Қазақ фольклоры типологиясы», «Қазақтың музыкалы фольклоры», «Қазақ тарихи әндерінің мәселелері» деген ұжымдық монографиялар жарық көрді. Мемлекеттік «Мәдени мұра бағдарламасының маңызды бөлігін құрайтын «Бабалар сөзінің» жүз томдығының дүниеге келуі қазақ халқының рухани байлығы – ата-бабаның көркем мұрасына деген ғылыми мақсат-мүдденің ауқымы мен жаңашылдығын көрсетеді. Баламасы жоқ осы басылымның әрбір томы жарияланған мәтін және олардың нұсқалары (вариантары), шығарманың текстологиялық талдануы, сөз қолданыс үлгілеріне тарихи-фольклорлық талдау, айтушылар мен жинаушылар жөнінде мәлімет, көнетүркі, парсы, араб сөздері, терминдері және атаулары сөздігі туралы ақпараттардан тұрады. «Бабалар сөзі» осындай жинақ жасаудағы алғашқы қадам екенін ескере отырып, оның маңыздылығын атап өткен жөн.

Ел егемендігінің жетістіктері конституциялық құрылымның базалық жүйесі ретінде әдебиеттің генетикалық тамырын қарастыру аспектісінде қазақ әдебиеті тарихын, және оның көнетүркі дәуіріндегі көркем оймен өзара сабақтастығын, және әлем тілдері мен әдебиеттерінің өзара ықпалдастығы парадигмасындағы мәдениеттердің байланысын концептуальді түрде қайта қарауға нақтылы себеп болды. Әдебиетке деген қазіргі көзқарастың басты уәждерінің бірі – оның көркем және ғылыми-сыншылық байлығын пайдалана отырып, әлемдік дамудың өркениеттік үдерісі парадигмасында сан ғасырлық көркем шығармашылықтың рухани-эстетикалық

байланысының генетикалық шартталуын ғылыми тұрғыдан пайымдау болды. Олар еліміздің егемендік алуымен бірге халықтың рухани байлығы, ел мен қоғам дамуының маңызды әлеуметтік-гуманитарлық ресурсы ретінде оралған болатын. Тәуелсіз еліміздің әдебиеттануының маңызды міндеті дәстүрлі иеологиялық ұстанымға айналған тәсілден шығып, әдеби шығармаларды, ұлттық әдебиеттегі көркем-эстетикалық өзгешілікті, өзіндік ерекшелікті, солардың жиынтығы мен тұтастығын ғылыми түрде пайымдауға ауысу болып табылады.

Ғылыми ізденістің өзекті мақсаты мен міндеттері зерттеудің – шынайылық, тарихилық, жүйелілік, тұжырымдамалық сияқты басым қағидаларын айқындады. Солардың арқасында тарихи байланыс пен сабақтастықтың генетикалық шарттастығын ескере отырып, Қазақстан әдебиетін тереңрек зерттеуге мүмкіндік туды.

Қайта пайымдау әдебиеттанудың: фольклортану, қазақ әдебиеті тарихы мен теориясы, компаративистика сияқты барлық салаларын қамтыды.

Қазақ әдебиеті тарихын кең ауқымда (панорамалық) зерттеу қазіргі ғалымдардың іргелі үлесі болып табылады және ол әдебиеттанушылық, әлеуметтік-гуманитарлық және жалпы-мәдениеттанушылық аспектіде ғылыми жаңа бағыт-бағдар екенін көрсетті. Қазақ әдебиетінің даму тарихының қазіргі көркем-тарихи және эстетикалық-дүниетанымдық көрінісі қазақтың ұлы ақыны Абайдың көркем мұрасының қағидалық мәнінің шырқау биіктегі – ұлттық әдебиет дамуы парадигмасындағы «алтын кезеңнің» нүктесін, қазақ әдебиетінің үш үлкен кезеңі: Абайға дейінгі әдебиет, Абай кезіндегі әдебиет, Абайдан кейінгі әдебиет туралы тезистің әдіснамалық және тұжырымдамалық негіздемесін алға шығарды. Қазақ әдебиеті мен мәдениетінің ерекше феномені Абай шығармашылығын танып-білу филологияның арнайы саласы – «абайтану» болып қалыптасып, қазіргі

әдебиеттанудың ең қажетті және өзекті бағыттарының бірі ретінде өркендеуде. Бұл – Абайдың жаңашылдық тұлғасының жалпыадамзаттық руханият пен мәдениет базисінде жарқын көрініс табуымен сипатталады. Абай поэзиясы жоғары әлеуетті әлеуметтік-адамзаттық ресурсты алға тартады. Абайдың рухани мұралары арқылы қазақ әдебиеті әлемдік қазіргі руханниеттың жоғары идеалдарын жасау үшін әлемнің сан алуан мәдениетімен мәдени байланысқа түсе алады.

Қазіргі әдебиеттанудың талдау мен пайымдауында көркем-эстетикалық ізденістерді зерттеп-зерделеуге, поэтикалық шығармалардың жанрлық, стильдік және оқиғалық (сюжеттік) тасмалдану мәселелеріне, әдеби шығармашылық іс-әрекет психологиясына, өмір шындығын көркем бейнелеудегі автордың өзіндік амал-тәсілін зерттеуге ерекше мән берілуде. Зерттеулерде проза, поэзия, драма жанрларының барлық қыры қамтылған және ғылыми талдауларда жүйелеу, сипаттау, топтау, тарихи-салыстырмалы, салғастырмалы және т.б. әдістер кеңінен қолданылған.

Сонымен, әлемдік дамудың үрдісі, егемендіктің тарихи мән-мазмұны Қазақ-

станның қазіргі әдебиеттануының мақсаты мен міндеттерін айқындай отырып, әдебиет туралы ғылым дамуының тұжырымдамалық іргелі бағыттарын анықтауда негіздеме болды. Тіл мен әдебиеттің өзегі болған рухани қазыналар, ұлттық ерекшеліктер ұлттық мүддені қорғауда және белгілі бір гуманитарлық мәдениетті қалыптастыру үшін платформа жасауда маңызды ресурсқа айналды, олар «адам ресурсын» дамытуға үлкен мүмкіндік береді. Ал бұл болса, еліміздің әлемдік кеңестікке тең дәрежедегі серіктес ретінде енуіне жағдай жасайды. Гуманитарлық таным парадигмасында әдебиеттану - «адамтанудың» базалық компоненті болып табылады. Ол мәдениеттердің араласуын танып-білуге мүмкіндік береді: «ана тілі» түсінігі – анадан берілген тіл мен төл әдебиет ұлттық рухани құндылықтарды сезіну арқылы адамға жалпыадамзаттық мәдениетті игеруге жол ашады.

Қорыта айтқанда тәуелсіздік жылдарындағы әдебиеттану ғылымының жетістіктері іргелі теориялық және қолданбалық сипаттағы инновациялық ірі үлес екенін көрсетеді және қазіргі жаһандану әлеміндегі Қазақстан Республикасының тұрақты дамуына ресурс болып табылады.

Әдебиеттер

1 Назарбаев Н.А. Инновационная индустрия науки и знаний – стратегический ресурс Казахстана в XXI веке. Лекция в «Назарбаев университете». – Астана, 7 декабря 2010 г.

ӘОЖ 37.091

М.Қ. Қойгелдиев
*т.ғ.д., профессор,
ҚР ҰҒА корреспондент мүшесі
Абай атындағы ҚазҰПУ-нің
Қазақстан тарихы және мәдениеті
кафедрасының меңгерушісі*

ТҮРКІСТАН ХАЛЫҚТАРЫ ТАРИХЫНДАҒЫ АҒАРТУШЫЛЫҚ КЕЗЕҢІ ЖӘНЕ ОНЫҢ ЕЛ ӨМІРІНЕ ЫҚПАЛЫ

Бұл мақалада түркістан халықтары тарихындағы ағартушылық кезеңі және оның ел өміріне ықпалы жайлы жолдары көрсетілді.

Түйінді сөздер: *ағартушылық, білім мен ғылым, түркістан халықтары, тарих, Еуропа.*

В этой статье представлена пора просветительства Туркестана и влияние на жизнь этой местности.

Ключевые слова: *просветительство, знание, наука, туркестанский народы, история, Европа.*

This article presents a time of enlightenment Turkestan and impact on the lives of the area.

Keywords: *enlightenment, knowledge, science, Turkestan people, history, Europe.*

*Өзге дүниеде болып жатқан ұлы өзгерісті қоя тұрып,
қазақтың өзін алғанда, әлденеше тарихшыға еңбек болатын
тарихи оқиғалар болып жатыр
М. Әуезов.*

Еуропа тарихында бүтін бір тарихи кезең (XVII және XVIII ғғ.) Ағартушылық дәуірі аталады. Мұндай қоғамдық үрдістің негізінде білім мен ғылымның қуатты күшке айналып, жаңа өріс алуы жатты. Еуропалық ағартушылық феодалдық қоғамдық тәртіпті жоюға, ортағасырлық діни фанатизмнен бас тартуға, жеке тұлғаның еркіндігін мойындауға, білім мен ғылымға кең жол ашуға үндеді. Сонымен бірге Ағартушылықты тек еуропалық елдерге ғана тиесілі «аймақтық» құбылыс ретінде қарастыру, әрине, қателік болар еді. Ағартушылық идеясы Ресей арқылы оның құрамындағы қазақ және қырғыз сияқты елдерге де жетті.

Сондай-ақ, ғасырдың басында бүкіл

Түркістан халықтары өмірінде көрініс тапқан Ағартушылықты ресейлік өмірге еліктеушіліктен туындаған ағым ретінде қарастыру оның жергілікті негіздері мен ерекшеліктерін түсінуге кедергі жасар еді. Мәселен, түркістандық ағартушылықтың мазмұндық және хронологиялық тұрғыдан тек өзіне ғана тиесілі ерекшеліктері болды. Ол күні өткен феодалдық тәртіп пен қоғамдық қатынастарға, діни фанатизмге қарсы бағытталуымен бірге, ресейлік отарлық езгіден құтылуға, жаңа заман сұранысына лайық білім мен ғылымды игеруге, әйел теңдігін, жеке тұлғаның еркіндігін мойындауға үндеді. Басқаша айтқанда, ол қоғамның ішкі мерездерімен

бірге, сырттан отарлық режиммен бірге ере келген қауіп-қатерге қарсы бағытталды.

Сонымен бірге, осы ретте түркістандық ағартушылықтың мынадай бір ерекшеліктеріне көңіл аударған артық емес. Мәселен, еуропалық ағартушылық француз, ағылшын, неміс сияқты ұлттардың ұлттық әдеби және ғылыми тілінің, ұлттық санасы мен мәдениетінің біржола қалыптасуына жол ашып, мүмкіндік туғызды. Ал ресейлік түріктер үшін жағдай өзгеше қалыптасты. Ресейлік түрік халықтарының арасында ағартушылық идеясының өріс алуына түрткі болған жағдай, біріншіден, олардың экономикалық және мәдени дамуда алдыңғы елдерден артта қалуы болса, екіншіден, отарлаушы билік тарапынан түрлі кемсітулер мен езгінің күшейе түсуі еді. Басқаша айтқанда, ресейлік түркілер империя құрамында өздерін өгей ұлдай сезінді. Осы жағдайға байланысты XX ғасырдың басындағы «түрік әлемін оятқан» Исмаил Гаспралы «Орыс билігі мұсылмандарды прогресс пен өркениетке бастай алмай отыр деп айтудың өзі адамды мұңға батырмайды ма?», - деп жазды.

Міне осындай орыс билігі тарапынан төнген қауіп жағдайында империя құрамындағы түрік халықтарын өзара күш біріктіруге бастайтын ортақ идея іздеу байқалды. Бұл идеяны жинақы түрде «Тілде, пікірде, істе бірлік» деп білдірген жоғарыда аталған Ғаспыралық Исмаил болды. Ал бұл ұстанымды қолдаушылар үшін түрік халықтарын қоғамдық дамуда жаңа сатыға алып шыға алатын құрал ретінде жалпытүркілік ортақ тіл және жадидтік мектеп мойындалды.

Ғаспыралық Исмаилдың «Тәржіманы», сондай-ақ оның ұстанымына белгілі дәрежеде қолдау көрсеткен Фатих Кәрімовтың «Уақыт» газеттері XX ғасырдың басындағы түрік халықтары үшін ортақ жазба тіл қалыптастыру жолында жасалған аса маңызды әрі сәтті қадам еді. Сондай-ақ, бұл әрекет империя көлеміндегі түрік халықтары арасында өзара ынтымақтастық, ниеттестік

сезімнің өріс алуына қызмет жасады.

XX ғасыр басында тұтас түрік елі идеясының қайта жаңғыруы, сондай-ақ, осы бағытта жүрген ағартушылық қызмет өз жемісін берді. Империя құрамындағы түрік халықтарының өзара ынтымақтастығы мен азаттығы үшін күрес жолындағы тұтастығын жақтап, осы мақсатқа қызмет жасауға ықыласты бүтін бір зиялылар буыны қалыптасты. Өзбек М.Қари, М.Бехбуди, А.Мавлони, А.Шолпан және А.Қадыри, қырғыз И.Арабаев, Ә.Сыдықов, Қ.Тыныстанов, Белек және Жанек Солтоноевтар, қазақ Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Шоқай, Т.Рысқұлов және М.Жұмабаев, татар Ж.Ақшора, С.Мақсуди, М.Сұлтанғалиев, башқұрт З.У. Тоған және А.Инан жалпытүркілік ынтымақтастық идеясына заман сұранысына лайық мазмұн беруге күш салған тұлғалар болды.

Жалпытүркілік ағартушылық қызметтің ұлтшылдық идеясын айналып өтуі, әрине мүмкін емес-тін. Қоғамдық ойдағы ағым, ұстаным ретінде түркілік ұлтшылдық Ресей империясында көрініс тапты. Бұл жасанды идеялық құрылым (конструкция) емес, сондай-ақ, ресейлік идеологтар қолдан жасаған пантүркілік мақсат та емес, ол орыстық саяси жүйе мен мәдени ортаға жұтылып кетуден қаймыққан халықтардың өздерін этникалық құрылым ретінде қорғау, осы мақсатта ғасырлар бойы қалыптасқан тарихи ата-мекенін сақтап қалу, сондай-ақ, белгілі бір тиімді түрде ұлттық мемлекеттігін жаңғыртуға ұмтылыстың көрінісі еді. Жадидтік негізде жаңа серпін алған жалпытүркілік ағартушылық, белгілі бір дәрежеде, осы мақсатқа қызмет етуді көздеді. Басқаша айтқанда, түркістандық ұлтшылдық орыс отаршылдығы тарапынан төнген қауіптен қорғану қажеттілігінен туындаған ұлтшылдық болатын. Орыс отаршылдары өз тарапынан оған «бөлінбейтін» Ресейдің мүддесіне қауіп төндірген сепаратистік қозғалыс ретінде қарады. Ал тарихи шындыққа жүгінсек онда бұл кезеңдегі түркістандық ұлтшылдық Дж.Неру орынды

айтып көрсеткендей, «бүкіл Азия елдерінде үстемдік құрған прогресшіл күш» [4] – Азиядағы ұлтшылдықтың құрамдас бөлігі еді.

Кезінде советтік идеология XX ғасыр басындағы түркістандық алғашқы зиялылар буынын түрік халықтарын ілгері емес, кейін феодалдықтәртіпке бастайтын қоғамдық күш ретінде көрсетуге тырысты. Советтік билік мұнымен де шектелген жоқ. Мәскеулік билік және коммунистік партия өз арсеналындағы бар мүмкіндіктерін пайдаланып, түркілік ағартушылық пен ұлтшылдыққа шабуылға көшті. Билік тарапынан төнген қауіп жағдайында ресейлік жалпытүркілік азаттық қозғалыстың басшылары Садри Максуди, Гаяз Исхаки, Алимардан Топчибаши, Мамед Эмин Расулзаде, Мұстафа Шоқай, Осман Қожаұлы, Заки Уалиди Тоған және басқалары шетелдік эмиграцияға кетуге мәжбүр болып, саяси қызметін сонда жалғастырды [5]. Азаттық қозғалыстың шетелдік эмиграцияға кетпей, өз отанында қалған қайраткерлері Мунаввар Қори, Убайдолла Қожа, Абдурауф Фитрат, Абдулла Қадыри, Абдулхамид Сүлейман (Шолпан), Әбдікәрім Сыдықов, Ишеналы Арабаев, Қасым Тыныстанов, Мирсайд Султанғалиев, М.Вахидов, Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Дулатов, Т.Рысқұлов және басқалары ресейлік түркілердің азаттық қозғалысын біржола жоюды көздеген сталиндік репрессияның құрбаны болды.

Кейінгі жылдары ғылыми айналымға тартылған құжаттық материалдар мәскеулік орталықтың Қазан революциясы жеңіп советтік билік орнаған сәттен бастап-ақ, түркі-мұсылман халықтарының ұлт-азаттық қозғалысымен ақтық күреске түскендігін айғақтайды. Қазақстан бойынша ОГПУ мекемесінің кеңестік билік орындарымен тығыз байланыста қазақ ұлт-азаттық қозғалысымен жүргізген қызметі туралы материалдар «Алаш қозғалысы. Движение Алаш» аталатын көптомдық жинақтың үшінші томында берілді. Мәселен, Қазақстан бойынша ГПУ басшылары Ка-

ширин мен Якубовский республикалық партия басшылығына Алаш қозғалысы қайраткерлері мен белсенділерінің 1922 жылдың соңғы тоқсаны мен 1923 жылдың алғашқы айындағы саяси қызметі мен ұстанымына мұқият талдау жасай отырып, өз еріктерінен тыс мынадай мазмұндағы тұжырымға жол береді (негізгі ой түсінікті болу үшін үзіндіні түп нұсқа тілінде беріп отырмыз): «Результаты агентурной разработки [представителей] Алаш-Орды и киргизских национальных группировок за последнюю четверть 1922 г., ... позволяют сделать нижеследующие выводы об изменениях в национально-освободительной движении и о характере его за отчетный период».

Біз үшін бұл арада ең маңызды нәрсе, әрине, ГПУ басшыларының даярлаған құпия құжатында Алаш қозғалысының ұлт-азаттық қозғалыс ретінде мойындалуы, сондай-ақ, жергілікті ГПУ мекемесінің Алаш қозғалысының ішкі мазмұнына байланысты Орталық саяси биліктің жабық ұстанымынан жақсы хабардар екендігі еді. Басқаша айтқанда, басында И.Сталин тұрған партиялық басшылық, сондай-ақ оның тапсырмасын орындаушы ОГПУ мекемесі одақтағы түрік республикаларында (тек оларда ғана емес) ұлт-азаттық қозғалыстарымен күрес жүргізіп отырғандықтарын білмеді деп айту қателік болады. Бұл бұрынғы одақ көлемінде арнайы зерттеуге алынуға тиіс тақырып.

Келесі бір құжатта ОГПУ офицері Фома Иванов 1926 жылы Қазақ өлкелік партия комитетінің басшылары Ф.Голощекин мен С.Садуақасовқа жолдаған аса құпия хатында мынадай фактіні келтіреді: «Я, как сотрудник ГПУ, знающий воочию проводимую политику группой губернских европейских работников в лице Шишко, Берестина, Озола, Альшанского и других, считаю своим партийным долгом донести, что если не изменить антипартийную политику этой группы, которая направлена заведомо в сторону преследования и гонения казахских работников, путем использования

против них всех сил и возможностей, которыми располагают они. По линии ГПУ первоочередной первооперационной работой является собирание ложных материалов на казахских ответработников».

Әрине, бұл арада қарапайым да әділ ГПУ қызметкері өзі еңбек ететін мекеме басшылығының жүргізіп отырған саяси бағытының Кеңес үкіметі мен большевиктер партиясының ашық жария еткен ұстанымымен үйлеспейтіндігін дәл басып көрсетіп отыр. Бірақ оның бір нәрсені түсіне алмағандығы байқалады. Кеңестік биліктің бүкіл әлем алдында жария еткен саяси бағыты мен шынайы өмірдегі ұстанымы арасындағы қайшылықтың іргетасы осы кезде-ақ қаланған еді. Ал, хатта аты-жөні келтірілген Қазақстандағы ГПУ басшыларының (Шишко, Берестин, Озол, Альшанский), әрине, Мәскеудегі Орталықтың аса құпия саяси тапсырмаларын орындап отырғандығы даусыз шындық. Тура осы мазмұндағы құжаттардың өзбек және қырғыз азаттық қозғалыстарына байланысты бар екендігіне біздің ешқандай да күмәніміз жоқ. Басқаша айтқанда, әлемдік қауымдастық алдында өзін ұлт-азаттық қозғалыстардың қамқоршысы әрі одақтасы ретінде көрсетуге тырысқан Кеңес үкіметі, өз елінде ұлт-азаттық қозғалыстарды шексіз қатыгездікпен жаншып басып отырды.

Енді осы арада түркістандық ағартушылық тақырыбына оралып оның хронологиялық шеңберіне қысқаша болса да тоқталып өткеніміз жөн болмақ. Салыстырмалы тұрғыдан алғанда, мәселен, еуропалық ағартушылық ешқандай да сыртқы араласусыз, барлық табиғи қалыптасу және даму сатыларынан емін-еркін жүріп өтіп, бірнеше ғасырға созылды. Сондай-ақ, еуропалық ағартушылықтың өкілдері ақын-жазушылар, ғалым, философтар билік тарапынан жаппай саяси қуғын-сүргінге түсіп, репрессия құрбаны болған жоқ. Мұндай жағдайдың еуропалық ұлттардың ұлттық сана-сезімдерінің, әдеби және ғылыми тілі мен мәдениетінің біржола

қалыптасуына жағымды әсері болды. Ұлттық ұю ұлттық мемлекеттердің (государствонация) қалыптасуына жол ашты.

Ал түркістандық ағартушылық барлық көріністерімен толыққанды тұтас қоғамдық процесс ретінде XX ғасырдың басында қарқынды өріс алғанымен, ұзаққа созылған жоқ, өзінің табиғи даму сатыларынан еркін жүріп өте алмады. Ресейлік отаршылдық (колониализм), оның тұрпайы варианты большевиктік билік түркістандық ағартушылықты енді ғана күш ала бастаған бастапқы сәтінде-ақ ең дөрекі түрде басып жаншып, үзіп тастады. Өңірде XX ғасырдың алғашқы жылдары басталған ағартушылық үрдісі бар болғаны жиырма жылға жетер-жетпес уақытқа созылып, сыртқы күштердің араласуымен үзіліп қалды. Ал бұл қызметті бастап, оның бағыт-бағдарын анықтаған тұлғалар түгелдей дерлік билік тарапынан саяси репрессияға алынды. Мұндай қасіретті бірде-бір еуропалық ұлт басынан кешірген жоқ.

Дегенмен, түркістандық зиялылар қауымының осы қысқа мезгілде жүріп өткен күрес жолы көңілде ризашылық сезімін туғызады. Қолайсыз қоғамдық жағдай және аз уақыт ішінде олар заман сұранысына лайық ұлт-азаттық күрес идеологиясын қалыптастыра отырып, отарлаушы билікке арыз-тілек (петиция) жазудан (1905) ұлттық мемлекеттілікті жаңғырту ісін қолға алып, оны шындыққа айналдыру әрекетіне дейін көтерілді (1917 ж. Түркістан мұхтарияты және Алаш автономиясы). Бұл, әрине, әлем тарихында жиі қайталана бермейтін құбылыс екендігін атап айтқан артық емес.

Сонымен бірге, түркістандық ағартушылыққа байланысты мынадай бір жағдайға көңіл аударған жөн. Жоғарыда еуропалық ағартушылыққа байланысты айтылғандай, қалыпты да бейбіт даму жағдайында ағартушылық қызмет ұлттық тілдің, білім жүйесінің, жаңа сапа және мазмұндағы ұлттық мәдениеттің, ұлттық бірегейлік пен сананың қалыптасуымен аяқталмақ. Басқаша айтқанда, ағартушылық

ұлт үшін ұйытқы элемент міндетін атқарады.

Сол сияқты ұлтшылдықтың да түпкі мақсаты бар. Отарлық тәуелділіктегі елдер үшін ол ұлттық мемлекеттілікті жаңғырту немесе оны қалыптастыру. Ұлттық мемлекеттілік бұл азаттық жолына түскен елдің территориялық тұтастығы мен еркін дамуының кепілі.

Сол тарихи жағдайда Түркістан халықтарына бұл мақсаттарға қол жеткізу үшін ең қажет нәрсе, әрине, саяси бірлік еді. Оны Түркістан ұлт-азаттық қозғалысының басшылары жақсы түсінді және халықты осыған шақырды. Мәселен, М.Бехбуди Қоқан қаласында болып өткен Түркістан мұсылмандары съезінде Түркістан автономиясының жариялануына байланысты қазақ еліне жолдаған ашық хатында мынадай пікірді білдірді: «Ғазиз қандастарым! Мұсылман бірадарлар! ... Біліңіз, қазір Түркістанды тұрақтаған барша халықтар үшін мұхтарият жарияланды... Мұхтариятты Түркістанның балалары ынтымақтасып, бірлесіп, қайрат қылып алады. Әлбетте басқалар тарапынан берілмейді. Өзгелердің қолынан келсе, бермеуге тырысады. Біз бостық қылсақ немесе Түркістандағы халықтар бірігіп, мұхтарият алуға ортақ әрекет жасамасақ, әлбетте қазіргі қағаз жүзіндегі мұхтариятымызды бізге көп көріп, жоқ қылады. Бұл, әрине, талассыз шындық, осылай болады һәм бұл сөзге ешкім де дау айта алмаса керек».

Түркістан мұхтариятын құру ісін басқарған М.Шоқай да тура осы ұстанымда болды. Ол: «Біздің мұратымыз Түркістанда тұр жағынан да, мазмұны жағынан да ұлттық болатын мемлекеттік құрылымға қол жеткізу болмақ. Сонда ғана халқымыз өз жерінің нағыз қожасы бола алады» [8], - деп жазды.

Өкінішке орай, XX ғасыр басындағы Түркістан ағартушылығы мен ұлтшылдығының тағдыры қасіретті қалыптасты. Олар көздеген мақсатына жете алмай, бастапқы кезеңінде-ақ сыртқы күштердің араласуымен өзінің табиғи даму арнасынан ығыстырылды. Шолпан (Абдулхамит Сүлейман) ақын айтқандай «Гөзал Түркістанның мезгілсіз ерте гүлдері солды».

Ия, әрине, біз қарап отырған тарихи мезгілде Түркістан ағартушылары мен ұлтшылдары Түркістан халықтарының бірлігін отарлық тәуелділіктен құтылудың негізгі құралы ретінде қарастырды. Сонымен бірге олар қазақ, қырғыз, өзбек, түрікмен және ұйғыр сияқты жеке халықтардың өмірінде ұлттық ұю процесінің жүріп жатқанын да жақсы түсінді, сондай-ақ, бұл жағдайды түсінушілікпен қабылдады. Түсіне отырып Кеңестік биліктің бұл өңірдегі түрік халықтарын жеке ұлттық республикаларға бөлшектеуін Түркістан көлемінде біртұтас мемлекет құру мүмкіндігінен айыру, сөйтіп оларды саяси тұрғыдан әлсірету әрекеті есебінде қарастырды.

Әдебиеттер

1 Абикеева М.Е. Білімгерлерге қазақ халқының салт-дәстүрлері арқылы ұлттық тәрбие беру. Оқу құралы. – Алматы: Нұрлы Әлем, 2010. – 240 б.

2 Тәжібаева С. Мектептің тәрбие үрдісінде оқушының ұлттық келбетін қалыптасуы. Оқу құралы. – Алматы, 2010. – 214 б.

3 Тәжібаева С.Ғ. Жоғары оқу орындарында ұлттық тәрбие жұмысын ұйымдастыру әдістемесі. Оқу-әдістемелік құрал. – Алматы: ҚазҚызМемПУ, 2010. – 223 б.

4 Наурызбаев Ж. Ұлттық мектептің ұлы мұраты. Монография. – Алматы: Ана тілі, 1995. – 192 б.

ӘОЖ 37.015.311

М.А. Нуриев

т.ғ.к., профессор

Интеллектуалды ұлт қалыптастыру ФЗИ директоры

ҚР Жоғары мектебіне еңбегі сіңген қызметкер

ТҰЛҒАНЫҢ ЗИЯТКЕРЛІК БОЛМЫСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДА БІЛІМ БЕРУ ҮДЕРІСІН МОДЕРНИЗАЦИЯЛАУ ЖАҒДАЙЫ

Бұл мақалада тұлғаның зияткерлік болмысын қалыптастыруда білім беру үдерісін модернизациялау мәселесі қарастырылған.

Түйінде сөздер: модернизация, интеллектуалды тұлға, экономикалық білім, зияткер, тұлға, болмыс, ғылым, білім.

В этой статье рассматривается формирование интеллектуальной природы личности и вопросы модернизаций в процессе образования.

Ключевые слова: модернизация, интеллектуальная личность, экономическое знание, интеллектуал, личность, натура, наука, знания.

In this article discusses, forming of intellectual nature of personality and questions of modernisations in the process of education.

Keywords: modernisation, intellectual personality, economic knowledge, intellectual, personality, nature, science, knowledge.

Білім беру қоғамның интеллектуалдық, мәдени, рухани жағдайын қалыптастырады. Білім беру мазмұны мен бағытталуы тәуелсіз Қазақстанның 20 жылдық даму кезеңінде сапалы өзгерді. Осы сапалы өзгерістер Президентіміз Н.Ә. Назарбаевтың есімімен байланысты, оның басшылығымен еліміз экономикалық дамыған және қарқынды дамып жатқан демократиялық мемлекетке айналды, халықаралық қауымдастықтың құрметті әріптесіне айналды.

Білім беру «Қазақстан – 2030» ұзақ мерзімдік даму Стратегиясының маңызды басымдықтарының бірі ретінде танылды. Қазақстандағы білім беру реформаларының ортақ мақсаты білім беру жүйесін жаңа экономикалық-әлеуметтік ортаға бейімдеу болып табылады. Білім беру жүйесін жетілдіру осы мақсатқа жетуде маңызды роль атқарады. Халықаралық тәжірибе көрсеткендей, адам капиталына, соның ішінде, ерте балалық шақтан бастап ересек

жасқа дейінгі білім беруге салынған инвестициялар экономика мен қоғам үшін елеулі серпіліс береді.

Бірыңғай білім беру кеңістігіндегі ғаламдық және аймақтық мәселелер шеңберінде білім беру үдерісін модернизациялау қазіргі педагогика ғылымында басымдыққа ие. Ол бұрын білім беру мен оқытуды жетілдіру, реформалау тұрғысынан зерттелді, отандық және шетелдік ғылыми өкілдерінің назарын аударды.

Білім беру жүйесін модернизациялау қажеттілігі Қазақстанның күш-қуаты қандай да бір аймақтың немесе өнеркәсіп саласының (мысалы, мұнай) есебінен емес, бірінші кезекте, елдің интеллектуалдық әлеуетін сақтау, дамыту және ұтқырландыру есебінен артуы керек деген қорытындыға әкеледі. Өткен ғасырдың соңғы он жылында әлемдік дамудың мынадай үрдісі анық байқалды: кез келген елдің халықаралық еңбек бөлінісіндегі орны мен ролі, әлемдік нарықтардағы

бәсекеге қабілеттілігі, ең алдымен, өзара байланысты факторларға, яғни мамандар даярлау сапасы және ғалымдар мен мамандардың интеллектуалдық әлеуетін жүзеге асуы мен көрінуіне мемлекет (немесе әлеуметтік-экономикалық жүйе) жасайтын жағдайларға тәуелді. Интеллектуалдық әлеуеттің жоғары сұранысқа ие болуы – оның ұтқырлануы мен өзектенуінің маңызды ынталандыруы.

Интеллектуалды тұлға қалыптастыру жұмыстары 2 тұрғыдан қарастырылады:

Бірінші - Білім мазмұнын интеллектуалды тұрғыда жетілдіру, екінші – Интеллектуалды ұстаздың мәртебесін көтеру;

Білім мазмұнын жетілдіру бағыты бойынша төмендегідей жұмыс жасалуда:

Интеллектуалды тұлға қалыптастыру барысында оқу процесіне инновациялар енгізіп, білім беру траекториясы мен мазмұнын жетілдіру. Институт қазіргі таңдағы білім беру бағдарламаларын саралай келе, алдағы уақытта оқу-тәрбие үдерісіне модульдік әдіс бойынша

1. Қазақ тарихы.
2. Интеллектуалды ұлт қалыптастырудағы қазақ тілі мен әдебиеті.
3. Интеллектуалды ұлт мәдениеті.
4. Қазақ философиясы.
5. Интеллектуалды ұлт негізіндегі орта және шағын бизнес.

Бағыттарда 1 таңдау пәнін енгізуді көздеп отыр. Бұл пәннің дәстүрлі пәндерден ерекшелігі сол, мұнда әр саланың көрнекті, жетекші мамандары сабақ беретін болады. Яғни ол, қоғам және мәдениет қайраткерлері, актер, ақын-жазушы, ғалым т.б. болуы мүмкін. Бір емтихан билетінде жоғарыда көрсетілген 5 саланың сұрақтары қамтылады.

Бұл курстар болашақ ұстаздардың біліктілігін арттыру мақсатында ұйымдастырылып отыр. Бұл пәндер халқымыздың өткен тарихындағы озық идеяларды ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар тұрғысынан қарап, бүгінгі ұрпақты жан-жақты дамыған тұлға ретінде

қалыптастыруға негізделген.

«Интеллектуалды ұлт қалыптастырудағы Тіл мен Әдебиет»

Курстың мақсаты: Болашақ ұстаздарға жалпыға ортақ, түсінікті тілде, танымдық үлгіде ой-өрісін дамыта отырып, халқымыздың тілі мен төл әдебиетін ұлттық құндылық ретінде бағалау арқылы оқырмандық талғамы терең, жан-жақты дамыған дара тұлға қалыптастыру. Тіл мен әдебиеттің – адамның рухани байлығы екенін түсіндіру, әрбір сөзді дұрыс пайдалану қажеттігін үйрету, дұрыс сөйлеу мәдениетіне баулу. Болашақ ұстаздардың ой-өрісін дамытып қана қоймай, қазақ тілі мен әдебиетін қалыптастырып, дамытқан ғалымдардың жетекші еңбектерімен таныстырып, оларды кез-келген жерде мақтанышпен таныстыра алатындай интеллектуалды тұлға тәрбиелеу.

«Интеллектуалды ұлт қалыптастырудағы Қазақ философиясы»

Курстың мақсаты. Бұл курс студенттердің қазақы философиялық мұраны меңгеруіне, философиялық мәдениет пен өзіндік дүниетаным, өзінің ұстанымын айқындай алу негіздерін қалыптастыруға бағытталған. Әрі ұлттық философияның әлемдік өркениет философиясында алар орны мен өзіндік ерекшеліктерін таныту. Сонымен қатар, философия қазақ халқына сырттан танылған ілім емес, өзінің төл санасына жататын құбылыс екенін, осы философия халқымыздың әлеуметтік психологиясына, әлеуметтік дүниетамына әбден сіңген ғылым екенін жете түсіндіру.

«Интеллектуалды ұлт мәдениеті»

Курстың мақсаты. Бұл курс студенттердің мәдени мұраны меңгеруіне, ұлттық құндылықтарды бағалай алуына, ұлттық мәдениеттен хабардар болуына, жеке тұлға қалыптастыруына, болашақ ұстаздың ой-өрісін дамытуына және болашақ ұстаздың ұстанымын айқындай алу негіздерін қалыптастыруға бағытталған. Қазақстан Республикасы халықтарының достығы, әр түрлі мәдениеттерге, салт-дәстүрлерге

кұрмет көрсету рухында тәрбиелеу және кәсіби қызметте қажетті іргелі білім, білік және дағдыны қалыптастыру болып табылады.

«Интеллектуалды ұлт негізіндегі орта және шағын бизнес»

Курстың мақсаты: Болашақ ұстаздың шағын және орта бизнес туралы алғашқы экономикалық білімімен тәрбиесін қалыптастыру.

Білім алушылардың шағын және орта бизнес туралы сауаттылықтарын көтеріп олардың бойында келесі қасиеттерді қалыптастыру:

Білім алушының экономикалық сауаттылығын көтеру;

Білім алушыға Қазақстан экономикасындағы шағын және орта бизнестің рөлін ұғындыру;

Кәсіпкерлікті ұйымдастырудың негізгі формаларын түсіндіру;

Әрбір білім алушыға өзінің шағын және орта бизнесін ашуға ынталандыру және әлеуетін көтеру.

«Интеллектуалды ұлт қалыптастырудағы Қазақ тарихы»

Курстың мақсаты: жоғары білікті, жоғары әлеуметтік және азаматтық жауапкершілікке ие тұлға қалыптастыру. «Интеллектуалды ұлт қалыптастырудың қазақ тарихы» - ел тарихында болған елеулі тарихи оқиғалардан білім беріп, отанға деген сүйіспеншілігі оянған Болашақ ұстаздың тұлғасын қалыптастыру. Осы арқылы білімгерлерді жоғары саналылыққа, ізгілікке, адамгершілікке, ұлтжандылыққа, отан сүйгіштікке тәрбиелеу. Төмендегідей бағыттар бойынша кәсіби білікті мамандарды дайындау:

- болашақ мұғалім тұлғасын жан-жақты дамуын қалыптастыру және тәрбиелеу,
- білім алушылардың ой-өрісін дамыту,
- білім алушылардың ізденушілік қасиетін дамыту,
- білім алушылардың патриоттық қасиетін дамыту.

Қорыта айтқанда, аталған курстар бойынша болашақ ұстаздың ой өрісін дамыту, болашақ ұстаз тұлғасын жан-жақты дамуын қалыптастыру және тәрбиелеу, білім алушыларға жүйеленген білімді қалыптастыру, білім алушылардың ізденушілік қасиетін дамыту, сол себептенде осы курстар университет жүйесіне енгізу болашақ қазақ елі үшін үлкен маңызы бар. Осы курстардан білім алған болашақ ұстаз ұлттық құндылықтарды бағалай, ұлттық мәдениеттен, қазақ тарихынан, қазақтың тілі мен әдебиетінен, қазақ философиясынан және шағын бизнестен хабардар бола алады.

Ұстаздың мәртебесін көтеру бағыты бойынша төмендегідей жұмыс жасалуда:

Қазақстан Республикасы мектептеріне зиялы, қабілетті мұғалімдерді даярлау мақсатында, Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінің беделін арттыру үшін университетте төмендегідей реформаларды ұсынамыз:

1. Педагог мамандарды даярламайтын профилді емес мамандықтарды жабу (мектепке менеджерлерді даярлау мамандығынан басқасын)

2. Ақылы бөлімдердің оқу ақысын мемлекеттік грант мөлшерімен теңестіру

3. Сырттай оқу бөлімдерін жабу

4. Студенттерді оқуға қабылдаудағы арнайы ерекше ереже-талаптардың болуы (талантты, дарынды жастарды тарту үшін Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінің оқуға қабылдау талабы Назарбаев университеті мен Болашақ бағдарламасының талаптарына сай болуы қажет):

4.1. Халықаралық және республикалық олимпиада жүлдегерлері оқуға конкурсыз қабылдануы

4.2. Мемлекеттік стипендиялар көлемі басқа ЖОО-нан екі есе жоғары болуы

4.3. Қалалық қоғамдық көліктердің барлық түріне 50 пайыздық жеңілдік жасалынуы

4.4. Студенттерге мемлекеттік мәдениет орындарында (музей, театр) тегін, ал

жекеменшік мәдени орындарға 50 пайыздық жеңілдікпен болуы үшін бонустық карточкалар ұсынылуы

4.5. Міндетті мамандықтарынан оқу құралдарын сатып алу үшін қалалық кітап дүкендерінен арнайы сертификат (оны қалай жүзеге асырудың жолдары)

4.6. Студенттерді жатақханамен қамтамасыз ету (барлық жағдайы жасалынған)

4.7. Университет студенттерінің арнайы төс белгісі (значок) жасалуы

4.8. Ағылшын, Қытай тілдерін толық меңгерген студенттерге 50-60 мың көлемінде жылына бір рет бонустық карточка тағайындалуы керек

5. Бітіріп шаққан бакалавр мектепте жұмыс істеу құқығына ие болуы үшін :

1.1 Жолдама арқылы бөлінген мектепте екі жыл жұмыс істеуі

1.2 Содан кейін университетке келіп, екінші Мемлекеттік емтихан тапсырып, нәтижесінде мектепте сабақ беруге рұқсат сертификат берілуі қажет

6. Тәжірибе алмасу мақсатында бес жылда бір рет университеттің педагог-оқытушылары мектепте 6 ай көлемінде сабақ беруі қажет. Соған сәйкес мектептің тәжірибелі мұғаліміне де сондай мүмкіндік берілуі керек. Екі жақтың да еңбекақысы өз тараптарынан сақталынуы қажет.

6.1. Тәжірибеден өту қорытындысы арнайы құрылған комиссияда қорғалуы қажет

7. Мұғалімдерге мектепте қосымша пәндерден сабақ беруі үшін арнайы сертификат берілуі керек

8. Студенттер мен мұғалімдер үшін медициналық сақтандыру карточкасы берілуі қажет ;

9. Жоғары зейнетақымен қамтамасыз етілуі тиіс;

10. Мұғалімдердің беделін көтеретін заң қажет ;

11. Мұғалімдердің еңбекақысы орташа мемлекеттік жалақыдан жоғары болуы қажет

12. Мұғалімдерге дербестік беру (мұғалім жұмысқа қабылданғанда мектеп директоры емес, мемлекет тарапынан алынады. Сол себепті, мектеп директоры жоғары жақтың келісімінсіз, өз бетінше мұғалімдерді жұмыстан босата алмайды).

13. Мұғалімдерге әр алты жыл сайын бір жыл көлемінде шығармашылық демалыс беру. Сондай-ақ, оның орны мен еңбекақысы сақтау

14. Мемлекет тарапынан осы ұсыныстарды бекітіп, жүзеге асыратын заң қабылдануы қажет.

Білім берудің жаңа моделіне өту жағдайында мұғалімнің мәртебесін көтеріп, тәрбиенің білім беру үдерісіндегі рөлінің өсуіне байланысты білім мазмұнын қайта бағдарлау даму заңдылығы болып табылады. Қазір білім беру үдерісінде жеке тұлғаның рухани-адамгершілік дамуына үлкен мән беріліп отыруына орай, адамгершілікке тәрбиелеу мен рухани жағынан қалыптасуы, интеллектуалды тұлға қалыптастыру барлық білім үдерісінің өзегі болып отыр. Жеке тұлғаның өзін-өзі іс жүзінде көрсетуі мен ары қарай дамуына ықпал етуде білім беру ұйымдары жағдайында жастар мен балалардың танымдық қызығушылығын, олардың шығармашылық қабілеттерін, жалпы білімге икемділігін, білім алу дағдыларын барынша дамыту бейімділігін қалыптастыру қажет. Аталмыш мәселелер бүгінде білім беру мәселесінде, және өкімет тарапынан қолдау табар болса, тұлғаның интеллектуалды болмысын қалыптастырамыз сөзсіз.

Әдебиеттер

1 Қазақстан Республикасының білімді дамытудың мемлекеттік бағдарламасы // Мысль. -2004. - № 11.

2 Ертаев М. Білім беру жүйесін әлеуметтік тұрғыдан зерттеудің кейбір мәселелері // Ұлт тағылымы. - 2007 ж. - № 2. - 321 б.

ӘОЖ 323.3 (574)

T. Auyelgazina

*The doctor of political sciences, the professor of chair «Political science and socio-economic disciplines» department Institute of magistracy and PhD doctoral studies of the Kazakh national pedagogical university named after Abay
The Republic of Kazakhstan, Almaty*

NATIONAL EDUCATION IN SYSTEM OF SOCIALIZATION OF THE PERSONALITY

The article is devoted to one of the most pressing issues in Kazakhstan - the role of the national education system of socialization personality. Also, article highlights the concept and basic principles of socialization. The author gives a scientific analysis of theoretical approaches to the study of this problem.

Keywords: *national training, personality, political socialization of personality, culture, state, society, education, and social institutions.*

Мақала Қазақстандағы өзекті тақырыптардың бірі – жеке тұлғаның әлеуметтенуі жүйесіндегі ұлттық тәрбиенің рөлін ашып көрсетуге арналған. Сонымен қатар, мақалада автор жеке тұлғаның әлеуметтенуінің түсінігі мен негізгі принциптеріне тоқталып өткен. Сондай-ақ, еңбекте аталған мәселенің теориялық әдістеріне ғылыми талдау жасалған.

Түйінді сөздер: *ұлттық тәрбие, жеке тұлға, жеке тұлғаның әлеуметтенуі, мәдениет, мемлекет, қоғам, білім, әлеуметтік институттар.*

Статья посвящена одной из актуальных проблем в Казахстане – роль национального воспитания в системе социализации личности. А также в статье освещаются понятие и основные принципы социализации личности. Автор дает научный анализ теоретических подходов к изучению данной проблемы.

Ключевые слова: *национальное воспитание, личность, политическая социализация личности, культура, государство, общество, образование, социальные институты.*

The Republic of Kazakhstan successfully overcomes today the period of development of the independence and radical restructurings in multilateral branches of the state structures corresponding to exemplary models of civilized countries of the world. In this regard, one of the most urgent tasks are formation and education of members of our society as persons politically correct with an active political position and nation-wide converting reforms capable to realization. In the course of reforming and a society of modern the irreplaceable role in formation of sociopolitical consciousness and

a look, political culture and mentality of the personality is played by socialization process.

The person, being the member of separately taken society, passes process of socialization not only in corresponding sociocultural, but also the political and cultural environment. In 430 BC Perikl argued: «Only the few can create policy, but judge it can all». Therefore people should have at least the most general ideas of the world political, mechanisms of its functioning. In order that each person mastered and realized, could put into practice political knowledge, process of political socialization is “So, political

socialization, in our opinion, is defined as process of assimilation by the Kazakhstan citizen of political knowledge and values, rules and interests in society, and developments on their basis of the political consciousness and culture, realization of the political installations and tasks, protection of the political right and freedom, as a whole as process of political formation of the personality by transfer to the subsequent generation of the experience and active participation in political actions [1].

Process of political socialization of the personality begins since early years and proceeds in all its conscious life. To become the full member of society, it is required to the person more and more time. If earlier socialization covered only the childhood period, it is necessary for modern person to be socialized politically all life. All know that the person isn't born the politician as he isn't born the personality, especially, the citizen. Both the citizen, and as the personality it is recognized by the state or society, having brought up at it the corresponding qualities. For the citizen it is a law-abiding and loyalty to the state, its political system and dominating political culture. For the personality this compliance to those requirements - to the expectations, shown to the person group or all social environment, including the purposes and values of group, ability true to play social roles, to be to the adequate accepted norms.

Development of the personality is connected with its political socialization which is meant as assimilation of ideas, views and examples of behavior in the childhood and the youth, caused by a political environment, and formation on this basis of necessary personal political qualities, and also acquisition of skills of political activity. In the course of political socialization of people there is their interaction to society.

In the state structure process of political socialization is carried out by two main ways. The first way consists in transfer to new generations of the developed examples of political consciousness and political behavior, i.e. in transfer of political culture of the senior

generation to the young. It means that process of socialization carries partly a conservative shade for those values take root into consciousness of young generation, norms and examples of behavior which are already mastered by past experience. «The most young crowds drive to study, they could learn by heart old rituals and when they acquire verbosity of seniors, them declare adults», - M. Shtirner sarcastically noticed [2]. As the main agents of political socialization such social institutes, as a family, school, church etc. in this case act.

Other way of political socialization is connected with acquisition by the identity of new, earlier unknown political knowledge, with assimilation of new political experience. It occurs in the course of participation of the individual in political life of the country, and also under the influence of different factors. Both these a way of political socialization in real life closely intertwine, added each other, providing stability of political system of society.

In the 90th years of the XX century in Kazakhstan the former system of political socialization was liquidated and society began to develop on a characteristic way for a transition period. New values weren't fixed yet in mass consciousness, and the system of political values existing earlier was already discredited. Such changes led to loss by former institutes of political socialization of the role. In the conditions of a crisis, transition state of society, at change of types of political culture there are serious problems of preservation and transfer of political experience, continuity of political institutes, norms and values. It also is observed today in Kazakhstan. In the country at the same time changed both political, and economic systems, base values underwent deep corrosion. Kazakhstan exists now in new borders, its economic potential considerably changed after disintegration of the USSR. It lays down heavy burden on shoulders of millions Kazakhstan citizens. Priority institutes and agents of political socialization became: education system, mass media, authorities, public and political organizations, mosque

and family. The army and labor collectives weakened the role. Roles of the main institutes of political socialization changed, there was an increase in number of the institutes which are carrying out political socialization. From traditional institutes the education system and a family continue to remain the most effective.

Thus, it appeared that the most part of agents of political socialization are “products” of a political resocialization. This feature became one of problems of modern political socialization. There was a need for formation of a consistent picture of the world at people who participate in process of political socialization of young generation. Effectively working system of the relevant institutes which, according to A.I.Scherbinin, in Kazakhstan is in an embryonic conditions [3].

So, the political socialization occurring in modern Kazakhstan, has the features. During present time senior generation faces need of adaptation to the new political values, new norms. This process is often accompanied by a psychological stress and covers all adult population of the country. There is a change of political values. Therefore in modern Kazakhstan it is necessary to pay attention to studying of a re socialization of all age persons.

Modern Kazakhstan is in process of transformation of political system. The processes of transformation occurring in the Kazakhstan society, in fact, mentioned all its institutes: political, economic, legal, and cultural. The basic changes which have occurred in social and economic bases of modern Kazakhstan, led to essential transformations in the political sphere: the political system, political institutes and the organizations changed. Changes concerned also valuable and standard structures of mass consciousness, models of political and social and economic behavior of the Kazakhstan citizens.

Under the Constitution the Republic of Kazakhstan is the democratic, unitary, secular state, created on the primordial Kazakh earth in which, the Kazakh nation related to national development, Russian and other ethnic groups

aspire to live in peace and a consent. In the republic live more than 140 nations and nationalities. Questions of self-organizing and self-government of each of them should excite society. Crash of the USSR and refusal totalitarianism led not only to formation of the new independent states, but also new political parties, public formations of citizens, social-political movements on ethnic signs, creation of associations of national and cultural type. Creation of the national and cultural centers was promoted also by aspiration to moving of diasporas, expansion of personal, cultural, confessional contacts, and also aspiration to a reconstruction of national customs and traditions. The national and cultural centers should serve to return of primordial ethnic self-identification to already the made Russian Germans, Tatars, Koreans, Ukrainians and another. Dissatisfaction with the solution of the vital questions, demographic reasons, migration problems became preconditions of creation of the national and cultural centers. And need of overcoming of contradictions and problems for spiritual and cultural shape of ethnic diasporas of the republic became one of the main reasons for creation national cultural centers.

Thus, the Assembly of the people of Kazakhstan is one of instruments of civil consolidation and political socialization of representatives of different ethnoses. It was formed according to the Decree of the President of the Republic of Kazakhstan from March 1, 1995, No. 2066 “About formation of Assembly of the people of Kazakhstan” with a view of strengthening of public stability and an international consent in the Republic of Kazakhstan.

The idea of creation of Assembly of the people of Kazakhstan was stated for the first time by the President of the country N.A.Nazarbayev in 1992, at the First Forum of the people of Kazakhstan, devoted to the first anniversary of Independence.

The purposes and Assembly tasks, structure and the work organization, the main activities are defined in the Provision on Assembly of

the people of Kazakhstan and Strategy of the Assembly, approved by the Decree of the President of the Republic of Kazakhstan from April 26, 2002 of No. 856.

Activity of Assembly is directed on the solution of the following tasks:

- assistance to preservation in the republic of an international and interfaith consent, stability in society;

- development of offers on carrying out the state policy promoting development of friendship between representatives of nationalities, living in the territory of Kazakhstan, their assistance spiritual most educated to revival and development on the basis of observance of a principle of equality;

- formation of political culture and implementation of process of political socialization of the citizens leaning on civilized and democratic standards;

- providing the accounting of diverse national interests in national policy carried out by the state;

- search of compromises for permission arising in the society of social contradictions.

The assembly of the people of Kazakhstan carries out work in the following directions: cultural and educational, educational, communicative, advisory and consultative.

Now the Assembly incorporates 350 members, working body of Assembly is the Secretariat which is structurally a part of Presidential Administration of RK. It is necessary to note that the Assembly in the work closely cooperates with small assemblies which are created in all regional centers and in the cities of Astana and Almaty.

For years of the activity the Assembly discussed important questions of sociopolitical life the societies connected with further economic and political reforming of the Kazakhstan society.

Today Assembly of the people of Kazakhstan are tens the public associations representing all ethnoses and national groups, living in the republic. The national and cultural centers of Assembly take active part in work of scientific

and practical seminars in the sphere of socially political activity. In the country all conditions for revival of culture of all people occupying Kazakhstan are created. Creation of the national and cultural centers served as the main instrument of consolidation of multinational society of modern Kazakhstan. Today unique Kazakhstan institute of direct democracy as the Assembly of the people of Kazakhstan, firmly taken the place within political system of the country and making a huge contribution to maintenance of an international consent and unities deserves special attention. During activity of Assembly of the people of Kazakhstan extensive positive experience is stored, this contribution on advantage is estimated at the most high world level. The former Secretary general of the United Nations Kofi Annan called Kazakhstan "an example international consents, a stable and sustainable development for other states of the world".

Accepting in 1997 Strategy of development of Kazakhstan till 2030 as one of the main priorities fixes an internal political stability and the society consolidation which components are development the uniform civilization based on equal opportunities for all citizens, elimination of the reasons of ethnic disagreements, supporting equalities of all ethnic groups, strengthening of mutual respect, a tolerance and the confidential relations between various faiths. On the basis of these conceptual provisions the standard and legal base of regulation of the interethnic relations in Kazakhstan, including a legislation defining the status of minority is under construction.

Legal basis of national policy in Kazakhstan makes set of legislative norms and acts and, first of all constitution of RK according to which the any actions admit unconstitutional, capable to break an international consent. As a whole the national policy of the country is based on principles of a supremacy of the law and a reasonable combination of the rights of the nations and human rights. Experience of the interethnic policy which is carried out by Kazakhstan, is recognized valuable in the world community.

In the country the legal base providing equal rights and freedoms of citizens irrespective of their ethnic and religious origin is created. This principle laid down in a basis of interethnic policy of the state.

For encouragement and protection of the rights and legitimate interests of the persons belonging to ethnic minority, the following provisions of the Constitution of Republic Kazakhstan have basic value: The state cares of creation of conditions for studying and development of languages of the people of Kazakhstan (point 3 article 7); Everyone has the right to define and point or not to specify the national, party and religious identity; Everyone has the right to using the native language and culture, on a free choice of language of communication, education, training and creativity (article 19 of the Constitution of RK).

For participation of ethnic minority in political life of the state also such provisions of article 33 of the Constitution of Kazakhstan have great value: «Citizens of the Republic of Kazakhstan have the right to participate in state administration, to choose and be the elite in state authorities and local governments, and also to participate in the republican referendum, the equal right to access to public service» [4].

So, the original subject of the political relations the personality can become only in democratic society where the wide political rights, freedoms and possibilities for satisfaction of the political requirements are provided to the person. Democratic and open society is major preconditions of subjective the persons creating formal conditions for disclosure of political possibilities of each citizen. Thus importance has knowledge of people of policy, their political experience, orientations, and ability to be organized. Creation of the democratic state assumes achievement of equality of citizens, their participation in all spheres of life of society, first of all in government. Equality acts as the indicator and a basis of democratic society.

Democracy in Kazakhstan, certainly, has the specifics connected with features of the Kazakhstan mentality, culture and history. By

the beginning of the XXI century economic reforms and political modernization, making the way in life, formed in the country the new political relations, political institutes, norms and the values based on principles of democracy. The fragmentariness and a mosaicity of political culture started to be overcome. To life new and very active forms of mass political behavior were caused. The country from a crisis state began to pass to a sustainable development. As a result in society favorable conditions for creation new, meeting modern requirements of political life, the mechanism of political socialization started to develop.

At present the Republic of Kazakhstan aspires to create civil society and the constitutional state. Civil society is society with the developed economic, cultural, legal and political relations between his members, independent of the state, but cooperating politically, society of citizens of the high political, social, economic, cultural and moral status creating together with the state developed legal relations [by 5, page 75]. In such society according to the recognized international norms the rights and freedoms of citizens remain, the law predominates. High extent of material, public, political, cultural development of civil society assumes high-quality change of the state, and the state gradually becomes the constitutional state. And the constitutional state is a type of the state in which the mode of the constitutional board functions, there is a developed and consistent legal system and effective judicial authority, together with real division of the authorities with their effective interaction and mutual control, with the developed social control of policy and the power. [5, page 313-314]. The general democratic device of system of the power and policy of the constitutional state is integrally connected with its legal installations. In a basis of the constitutional state equality of the power, the citizen, society and the right, their legal equality before the law is put.

Finding by Kazakhstan of the state sovereignty set for society a problem of education of patriotism at younger generation.

Work of institutes of political socialization of the personality should be directed not on youth arms by a certain sum of knowledge, and on the solution of the tasks put by fundamental documents and projects in the field of education, i.e. education of the patriot and the citizen of new Kazakhstan.

Young generation will define the future of our republic in the XXI century. Usually in the people speak: one will reap what he'll sow. Therefore we should sow kind grains of education to receive good fruits.

The Kazakhstan patriotism – the general for all inhabitants occupying multinational Kazakhstan and at the same time based on deep respect for traditions of national culture and spirituality Kazakh and other people of the country which have made the contribution to formation of the general for all citizens of property.

The Kazakhstan patriotism relies on traditions of the secular state and at the same time is based on respect for all traditional religions which profess the country people, and relies on deep traditions of interreligious dialogue and tolerance. The Kazakhstan patriotism, undoubtedly, has civil character and, recognizing existing distinctions in political views and belief, assumes respect to developed in years of independence in Kazakhstan to political institutes and traditions.

Traditional symbols and the values of the national culture which forming national consciousness and identity of the multinational people and have found the expression in such significant national brands, as a flag, the coat of arms and the anthem of Kazakhstan should become significant elements of the Kazakhstan patriotism, certainly. The respect for the state symbols testifies to force and dignity of the Kazakhstan people, is manifestation of our patriotism and high civilization, forms feeling of a community of the nation. At each person in heart the sacred feeling of patriotism, love to shrines of the Homeland should fight.

Important component of the Kazakhstan patriotism are its cultural and civilization originality, openness to the world, unique synthesis of east and European cultures, special culture of dialogue. Kazakhstan is a space of a meeting of steppe and settled cultures, the Turkic and Slavic worlds which have created a unique

civilization alloy that is especially actual in a situation numerous modern «intercivilizational splits» and oppositions.

Key value for the statement of image of Kazakhstan can have an image of its political institutes, first of all institutes of the president and parliament.

Thus, as practice shows, promotion of the state symbolic, traditional symbols and value of national culture promotes formation of the Kazakhstan patriotism, promotes political socialization of the personality, its spiritual development and harmonious education.

From first year of finding of independence Kazakhstan headed for creation of the democratic state in which non-governmental organizations plays important role. Official date of political recognition of associations of citizens (NGO) in Kazakhstan it is possible to consider October, 2000 when the President N. Nazarbayev in the Message to the people of Kazakhstan «To free, effective and safe society» sounded the NGO term. That «non-governmental public organizations play already today in Kazakhstan huge role and in human rights activity, and in realization of special interests of groups of the population, and in social stabilization of society» was specifically paid attention. Non-governmental organizations (NGO) are the open non-profit public organizations which have not been limited to professional specifics (therefore trade unions don't treat NGO) and not aspiring to the government (therefore parties don't treat NGO). As a rule, the NGO is put before themselves by quite concrete, socially significant purposes and tasks, and in the activity are guided by them. NGO fill unoccupied with the state structures of a niche in social and economic development of the country. Activity of NGO differs mobility and dynamism, an initiative and orientation to own forces. In other words, the sector of NGO is a form of public amateur performance which is legally issued by means of registration of NGO.

Non-governmental organizations, now, represent the effective mechanism of development of democratic processes in the state; they promote growth of civil activity of society, apply non-political means to rendering of influence on decision-making process by the government [6]. In the Republic of Kazakhstan about 5000 non-governmental organizations (NGO) are registered. From them for November

1, 2011 1709 non-governmental organizations actively operate. In the non-governmental sector of the republic regulated by the Law of the Republic of Kazakhstan from May 31, 1996 "About public associations", and also the Law of the Republic of Kazakhstan from January 16, 2001 «About non-profit organizations», in total involved about 200 thousand people. On a constant basis about 40 thousand people, on temporary – to 50 thousand people, work at the voluntary beginnings – more than 100 thousand. Different services from NGO are received by about 2 million people [7].

The activity non-governmental organizations of the country cover practically all socially significant spheres. These are questions of ecology, the social sphere, education, culture, health care, the gender relations, protection of human rights, etc., that is actually NGO stand today on an edge of all most significant social problems of the Kazakhstan society.

Steady groups of NGO in the various directions were issued: the ecological – 15 %; children's and youth – 13,6 %; the female – 13,3 %; the medical – 13,1 %; in the field of culture, art, a science, education – 12,5 %; the human rights – 7,6 %; on social protection – 6,8 %; on support of public initiatives – 6 %; the versatile – 4,7 %; societies of disabled people – 4,4 %; on rehabilitation of disabled children – 3 % [7].

The formulated basic principles and the directions of a state policy of support of non-governmental organizations were fixed in the accepted Concept of the state support of non-governmental organizations of the Republic of Kazakhstan according to the resolution of the government of the Republic of Kazakhstan No. 85 in 2002. The ideas put in this Concept, formed a basis for the Program of the state

support of non-governmental organizations for 2003-2005. The Law RK passed in 2005 «About the state social order» became the beginning of target public financing of projects of NGO.

Developed by the working group of the State commission on development and a specification of the program of democratic reforms in the Republic of Kazakhstan the Concept of development of civil society in the Republic of Kazakhstan for 2006-2011, approved on July 25, 2006 the Decree of the President of the country, was a significant event of 2006 and the fundamental document which has stimulated for dynamic development of NGO [8].

In modern society the major role in the course of political socialization is played by mass media. They are capable to influence the maximum number of people in the shortest period. In this regard, the problem of introduction of norms of dominating political culture in consciousness of the person in the modern world is carried out by the most important institute of political socialization - mass media (SMK): press, radio, television, cinema, video, computer networks.

Problems of socialization of the personality including political, treat the category of those problems of social development which never will lose the urgency as reflect essence, regularities and features of the social inheritance existing in the society of the mechanism providing preservation and transfer to new generations of saved-up sociopolitical experience, continuity of norms, values and institutes. Thus, political socialization should provide functioning of political system; promote formation of the citizen which is ready to participate in political life of Kazakhstan actively. After all successful political socialization is one of the main guarantors of stability of political system.

The list of the used literatures

- 1 Auyelgazina T.K. Features of political socialization of the personality in the Republic of Kazakhstan. – Almaty: Saga, 2006. – Page 53.
- 2 Tsit. on: Dogan M., Pelassi. Comparative political sociology. – M: 1994. - Page 111.
- 3 Scherbinin A.I. Political education. – M., 2001.
- 4 Constitution of the Republic of Kazakhstan. – Almaty: Kazakhstan, 2000. - 96 pages.
- 5 Political science. Encyclopedic dictionary. – M: Publishing house Moskow, 1993. - 431 pages.
- 6 Non-governmental organizations of Kazakhstan: yesterday, today, tomorrow. – Almaty: 2002. – Page 11.
- 7 Sovereign Kazakhstan, 2003. – 16.10.
- 8 Aujelgasina T.K. Besonderheiten der politischen Persönlichkeitssozialisation im heutigen Kasachstan// Sozialphilosophische, politische und rechtliche Aspekte der Modernisierung Kasachstans. - Berlin. - 2012. - S.95-101.

ӘОЖ 37.0

Қ. Бөлеев

п.ғ.д., профессор,

Тараз мемлекеттік педагогикалық институтының

«Педагогика және этнопедагогика» кафедрасының меңгерушісі

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ МӘСЕЛЕЛЕРІ БОЙЫНША ЗЕРТТЕУЛЕР

Мақалада қазақ ғалым-педагогтарының этнопедагогикалық зертеулерінің теориялық және практикалық негіздері, ұлттық тәрбие беруге мектеп мұғалімдері мен келешек мұғалімдерді дайындаудың өзекті проблемаларына толық мәнді талдаулар берілген.

Түйінді сөздер: *тәрбие, тұлға, болмыс, педагогика, этнопедагогика, патриотизм, зерттеулер, ғылым.*

В статье дается содержательный анализ исследований казахских ученых-педагогов по актуальной проблеме казахской этнопедагогике – теоретические и практические основы национального воспитания и подготовка к нему учителей школ и будущих учителей в вузах Казахстана.

Ключевые слова: *воспитание, личность, натура, педагогика, этнопедагогика, патриотизм, исследований, наука.*

In article is given the substantial analysis of researches of the Kazakh scientists-teachers on an actual problem of the Kazakh ethnopedagogics – theoretical and practical bases of national education and preparation of teachers of schools for it and future teachers in higher education institutions of Kazakhstan.

Keywords: *training, personality, nature, pedagogics, ethnopedagogics, patriotism, researches, science.*

Ұлт көшбасшысы Н.Ә.Назарбаевтың «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту - Қазақстан дамуының басты бағыты» атты Жолдауының жетінші бағыты «Қазақстанда адами капиталдың сапалы өсуі» деп аталып, онда ең алдымен, білім берудің жүйесін жаңғырту қажеттігі, сол мақсатта нақты іс-шараларды жүзеге асырудың маңызы зор екендігі айтылды. Сол іс-шаралардың бірі - «Оқыту үдерісінің тәрбиелік құрамдасын күшейту қажет. Олар - патриотизм, мораль және парасаттылық нормалары, ұлтаралық келісім мен толеранттылық, тәннің де, жанның да дамуы, заңға мойынұсынушылық», оларды қазіргі ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар ретінде жастардың бойына

«барлық оқу орындарында сіңірілуі тиіс» деп атап көрсетілді [1].

Жоғарыда қойылған міндеттерді шешуде Қазақстанның бірқатар оқу орындарында оқыту үдерісінің тәрбиелік құрамдасын күшейту арқылы жеке тұлғаға ұлттық тәрбие беру бойынша зерттеулер жүргізіліп, практикалық игілікті іс-шаралар жүзеге асырылуда.

Жеке тұлғаға ұлттық тәрбие беру қажеттілігі - егемен еліміздің болашағы ұлттық тәрбие екендігі, оны жүзеге асырушылар - тәрбиешілер, мұғалімдер және оқытушылар жоғары педагогикалық оқу орындарында даярланатыны, сондықтан оларды ұлттық тәрбие беруге дайындау бүгін-

гі күннің әлеуметтік және педагогикалық көкейкесті проблемасы деп санаған, **Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің ұжымы** ел Президентінің «Интеллектуалды ұлт - 2020» ұлттық бағдарламасындағы идеямен қаруланып, университетте ұлттық тәрбие проблемасына айрықша ден қойып отыр. Өйткені ұлттық тәрбие алған жастар ұлтжанды, оқу-білімді өзінің өмірлік мұратына айналдырған, жан-жақты ізденгіш, ғылыми жұмыспен тұрақты айналысатын азамат болып қалыптасады.

Ұлттық тәрбие туралы идея бүгінгі күн талабы әрі өмірлік қажеттіліктен туындап отырған өзекті проблема болғандықтан, университетте төмендегідей кең ауқымды ғылыми-зерттеулер мен оқу-әдістемелік жұмыстар жүргізілуде:

- университет жанынан «Жаңартпа технологиялар және білім мазмұнын ғылыми зерттеу институты» ашылған;
- университетте бұрын-соңды Қазақстанның оқу орындарында болмаған жаңа «Ұлттық тәрбие» кафедрасы ашылған;
- ұлттық тәрбие идеяларының, оның мазмұны және оны әдістемелік жағынан қамтамасыздандырудың ғылыми негіздері жасалынған;
- «Ұлттық тәрбие» кафедрасының авторлық ұжымымен ұлттық тәрбиенің мақсаты мен міндеттері анықталған;
- студент жастарға ұлттық тәрбие берудің тұжырымдамасы жасалынған;
- болашақ мұғалімдер үшін интегративті-практикалық бағыттағы «Ұлттық тәрбие» оқу пәнінің типтік бағдарламасы жасалынған;
- білім беру жүйесінің әрбір сатыларында берілетін ұлттық тәрбиенің мазмұны жасалынған «Ұлттық тәрбие» оқу пәні негізделген;
- «Ұлттық тәрбие» оқу бағдарламаларына сай «Этнопедагогикалық білім негіздері», «Халықтық педагогика және ұлттық тәрбие», «Ұлттық тәрбие негіздері» атты оқу құралдары шығарылған;
- оқу үрдісіне «Ұлттық тәрбие» оқу пәндерін ендіру үшін «Ұлттық тәрбие»

журналы шығарылуда;

- университеттің оқу үрдісіне «Ұлттық тәрбие» пәні ендіріліп, оқытылуда.

Университет ғалымдары жасаған «Қазақстан Республикасының студент жастарына ұлттық тәрбие беру тұжырымдамасында» студент жастарға ұлттық тәрбие беру тұжырымдамасының мақсаты мен міндеттері, студент жастарға ұлттық тәрбие берудің теориялық-әдіснамалық негіздері, студент жастарға ұлттық тәрбие беру қағидалары, студент жастарға ұлттық тәрбие берудің негізгі мазмұны, студент жастарға ұлттық тәрбие беру тұжырымдамасын жүзеге асыру шарттары қарастырылады.

Аталған эксперименттік **«Ұлттық тәрбие»** типтік оқу бағдарламасы үш кредитті екі бөлімнен тұрады [2].

Бірінші бөлім «Әдеп негіздері» курсы деп аталып, онда әдептің даму тарихы және оның мәні, әдептіліктің түрлері және мазмұны, қазіргі заманғы күнделікті әдептілік, сөз сөйлеу әдебі, студент әдебі, іскерлік әдебі, болашақ маманның қарым-қатынас мәдениеті, ал екінші «Ұлттық тәрбие негіздері» бөлімінде ұлттық тәрбиенің әдіснамалық негіздері, ұлттық сана-сезімге бағдарланған тұлға болмысы, тұлғаны этникалық әлеуметтендіру, Қазақстан Республикасындағы ұлттық тәрбиенің жетекші факторлары, ұлтаралық келісім және ұлтаралық қарым-қатынас мәдениеті қарастырылған.

Университеттегі «Ұлттық тәрбие» кафедрасында ұлттық тәрбие мәселелерімен ғылыми зерттеулер жүргізген ғалымдар топтастырылған. Сондай-ақ, дәрістер оқуға ұлттық тәрбие проблемасымен айналысқан, ол туралы еңбектері жарық көрген республикаға белгілі ғалым философтар, тарихшылар, әдебиетшілер, тілшілер, этнографтар, психологтар мен педагогтар шақырылып, олардың дәстүрлі және интербелсенді оқыту әдістерді пайдаланып өткізген өте қызықты және тартымды сабақтары студенттер көңілінен шығуда.

Енді университеттің ғалым-педагог-

тарының ұлттық тәрбие бойынша жұмыстары нәтижесінде жарық көрген еңбектеріне мазмұндық талдау жасалық.

Р.К.Төлеубекова, Г.Т.Хайруллин, А.А.Бейсенбаева және А.Д.Қайдарованың «Народная педагогика и национальное воспитание» атты оқу құралында халық педагогикасы мен ұлттық тәрбиенің проблемасының теориялық және практикалық проблемалары қарастырылған [3].

Құралда халық педагогикасы мен ұлттық тәрбиенің проблемаларын зерттеудің ғылыми негіздері, жазбаша көздердегі халықтық педагогика проблемалары, проблеманы зерттеудің қазіргі жайы, халықтық педагогика - ұлттық тәрбие берудің негізі екендігі, халықтық педагогикадағы жетілген адамның идеалы сөз болған.

Р.К.Төлеубекова, А.А.Бейсенбаева, Р.А.Джанабаева және т.б. «Ұлттық тәрбие негіздері» атты оқу құралында алты дәрістер курсының мазмұны жасалынған [4]. Ұсынылып отырған дәрістер курсына ұлттық тәрбие идеясы әдіснамалық тұрғыдан негізделіп, тұлғаның ұлттық сана-сезімінің қалыптастуына әсер ететін жетекші факторлар, қазіргі жастардың әлеуметтік-тұлғалық мәселелері, этникалық әлеуметтендіру мен ұлтаралық келісім және ұлтаралық қарым-қатынас мәдениеті ашып көрсетілген. Онда мынадай тақырыптарға оқылған дәрістердің мазмұндары жасалынған: ұлттық тәрбиенің теориялық-әдіснамалық негіздері, ұлттық сана сезімге бағдарланған тұлға болмысы, тұлғаны этникалық әлеуметтендіру, Қазақстан Республикасының тәрбие берудің жетекші факторлары, ұлтаралық келісім және ұлтаралық қарым-қатынас мәдениеті, қазіргі жастардың әлеуметтік-тұлғалық мәселелері.

С.Ж.Пірәлиев, М.А.Нуриев, Ж.А.Сейсенбаева, Ә.Оразымбетқызының «Ұлттық тәрбие (салт-дәстүр, әдет-ғұрып негізінде)» атты оқу құралында қазақ халқының ұлттық тәрбиесінің теориясы мен практикасы жан-жақты ашылып қарастырылған [5].

Құралда салт-дәстүрді білім беру үрдісіне ендірудің ғылыми негізі, ұлттық тәрбиелік ұғымдарының мән-мағынасы, рөлі, салт-дәстүр ұғымдарының білім беру мазмұнындағы орны, тұрмыстық тәрбиеге байланысты салт-дәстүрлер, бала дүниеге келгеннен өскенге дейінгі аралықтағы қолданылатын салт-дәстүрлердің этнографиялық мазмұны жасалынған. Сондай-ақ, ұлттық тәрбиедегі салт-дәстүрлердің алатын орны тақырыбына арналған тест сұрақтары берілген.

С.Ж.Пірәлиев, К.Н.Нәрібаев, Р.К.Төлеубекова, А.А.Бейсенбаева, С.Б.Ғаббасов, Қ.Т.Атемова, С.Ж.Қонырбаева «Отбасындағы ұрпақ тәрбиесі» оқу құралында отбасының бүгінгі кездегі жас ұрпақты тәрбиелеудегі ұлы ғұламалар идеялары іріктелініп және халықтық педагогиканың тәжірибесіне сүйене отырып, отбасын құруға дайындық, отбасы тәрбиесінің мәні, оның мүмкіндіктері көрсетілген [6]. Мектептің, отбасының, қоғамның психологиялық-педагогикалық өзара әрекет ету проблемалары қамтылған.

Оқу құралының бірінші тарауы «Ұлы ғұламалар мұраларындағы отбасы тәрбиесі идеялары» деп аталып, онда Қорқыт, Әл-Фараби, Ж.Баласағұни, Махмұт Қашқари және қазақтың ақын-жыраулары еңбектеріндегі отбасы тәрбиесі туралы идеялары баяндалған. Сондай-ақ, отбасындағы ұрпақ тәрбиесі, отбасын құрудағы этнографиялық салттар, отбасы тәрбиесінің бүгінгі күнгі жағдайы анықталған.

«Салауатты өмір салтын қалыптастыру» арнайы курс бағдарламасына сәйкес **«Ұлттық тәрбие (салауатты өмір салтын қалыптастыру)»** (Құрастырушылар: С.Ж.Пірәлиев, К.Н.Нәрібаев, Р.К.Төлеубекова, Г.К.Шолпанқұлова, Б.Т.Махметова, А.Е.Берикханова, Д.Ә.Нұрғалиева) оқу құралы даярланған [7]. Онда салауатты өмір салтын қалыптастырудың ерекшеліктері сипатталынып, қазіргі қоғамдағы салауатты өмір салтын қалыптастыру, тәрбие тал бесіктен басталатыны, адам ағзасын

уландыратын заттар, маскүнемдіктің адам болмысына және мінез-құлқына әсері, нашақорлық - өлім тұзағы, жезөкшелік - азғындық жолы, жұқтырылған қорғаныш тапшылығы белгісі - әлемдік індет екендігі, бүгінгі жастар және құмар ойындарының зияндылығы баяндалған.

«Ұлттық тәрбие (ұлттық тәрбиенің этика-эстетикалық негіздері)» (Құрастырушылар: С.Ж.Пірәлиев, М.А.Нуриев, А.Н.Якупова, Ж.А.Сейсенбаева, Қ.Ж.Аганина) оқу құралында қазақ халқының ұлттық тәрбие берудегі ұлттық діл мен ұлттық нақышқа негізделген төл мәдениеті мен озық өркениеті, этика-эстетикалық тәрбиесі теориясы мен практикасы жан-жақты ашылып қарастырылған [8]. Ғасырлар қойнауынан ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан ұлттық тәрбие негізі сарапталып, олардың әдеп пен әдемілік тұрғыда тәрбиелік қырлары көрсетілген. Ұлттық тәрбиелік білім негізін әдеп пен әдемілік тұрғыдан жастарға бағыт-бағдар беру қыры жан-жақты сараланған.

Оқу құралының мазмұнында этикалық әдеп дәстүрлерінің ғылыми негіздері мен мән-маңызы, сәлемдесу, сыйластық, қонақ күту, ас ішу, сөйлеу әдебі, инабаттылық дәстүрлері: түрлері мен қазіргі сипаты; эстетиканың ғылыми негіздері, тәрбиенің мән-маңызы, оның нормалары; киім кию тәрбиесі; ұлттық тәрбиедегі еңбек тәрбиесінің орны, ондағы ұқыптылық-үнемділік әдебі; озық мәдениет үлгілері мен олардың тәрбиелік мәні ашып көрсетілген.

С.Ж.Пірәлиев, Л.К.Керімов, К.Н.Нәрібаев, Ж.Ж.Молдабеков, Ұ.М.Әбдіғабарова, С.С.Нұркееваның «Ұлттық тәрбиенің патриоттық мазмұны» атты оқу құралында патриотизм құндылықтарының мәні, патриоттық дәстүрдің тарихи және шығармашылық кезеңдері, ұлттық тәрбиенің патриоттық бағыттары, қолданбалы әдістері мен табыстары қарастырылады [9]. Сондай-ақ, онда патриотизм ұғымы және құндылықтары, ұлттық тәрбиедегі патриоттық дәстүрлер, ұлттық тәрбиенің

патриоттық бағыттары, ұлттың патриоттық рухы және елдік мұраты мазмұндалған.

Б.Сманов пен Ж.Боранбайдың «Ұлттық тәрбие және дін мәселесі» оқу құралында ұлттық тәрбиенің негіздері, халықтық педагогика үлгілері, діннің ұлттық тәрбиедегі орны, мемлекет пен діннің арақатынасы, еліміздегі қазіргі діни жағдай мен жаңа діни ағымдар, өркениет пен дін жайлы мәселелер қарастырылады [10]. Сондай-ақ, еңбекте Қазақстанның дінаралық келісім мекені ретіндегі атқарып жатқан іс-әрекеттері, әлемдік және дәстүрлі діндер жетекшілерінің құрылтайы жайлы мәліметтер беріледі. Еліміздегі дәстүрлі екі дін - ислам мен христиан дініне, олардың жаңа бағыттарына назар аударылады.

Құралдың мазмұнында ұлттық тәрбиенің негіздері, халық педагогикасының үлгілері, дін – тәрбие құралы, ислам діні, христиан діні, жаңа діни ағымдар, Қазақстан – дінаралық келісім мекені екендігі туралы баяндалған.

Ә.Табылдың «Ұлттық тәрбие» атты оқу-әдістемелік құралы кіріспеден, үш бөлімнен тұратын теориялық және практикалық тұрғыдан мазмұндалған еңбек болып саналады [11].

Құралда халықтық педагогика - ұлттық тәрбиенің басты құралы екендігі, қазақ этнопедагогикасының ғылыми негіздері, ұлттық тәрбиенің әдіснамалық және дидактикалық негіздері, ұлттық тәрбиенің негізгі құралдары мен мазмұны, ұлттық тәрбиені оқытудың әдістемелік негіздері (инновациялық әдістер, сценалық бейнелерді пайдалану, өзіндік жұмыс, жаңа технологиялық дағдылар), педагогикалық идеялар, қазақ эпостарын оқыту әдістемесі нақты мысалдар арқылы баяндалған.

Ж.А.Сейсенбаеваның «Ұлттық тәрбиенің ғылыми негізі» атты оқу құралында қазақ халқының ұлттық тәрбиесінің алғышарттары, мән-мағынасы және ғылыми негіздері жан-жақты сараланған [12].

Құралдың бірінші «Ұлттық тәлім-тәрбие берудің алғышарттары, мән-маңызы,

рөлі» атты тарауында ұлттық тәрбиелік білім ұғымдарының мән-мағынасы, рөлі, ұлттық тәрбие берудің ғылыми – теориялық мазмұны, ал екінші тарау «Ұлттық тәрбиелік білім негізінде тілді оқытудың ғылымилығы» деп аталып, онда ұлттық тәрбиені оқытуға даярлық жағдайы мен жақсарту жолдары, тіл мен әдебиеттің ұлттық келбетімізді қалыптастырудағы маңызы қарастырылған.

«Ұлттық тәрбие: таңдамалы лекциялар курсы» оқу құралында белгілі тұлғалардың қазіргі таңдағы тәрбие мәселесіне қатысты жоғары оқу орындарында оқыған дәрістері беріліп отыр.

Жинақта ұлттық идеяны, рухты, салт-дәстүр мен әдет-ғұрыпты дәріптеп, жастарға заманауи тұрғыда тәлім-тәрбие беруде ықпал ету; жастардың бетін ата-дәстүрімізге бұру; өз халқының бай мұрасына назарын аудартып, халқымыздың өзіне тән ұлттық құндылықтарын мақтан тұтуға тұрарлықтай тұлғалары бар екенін аңғартып отыру, осы арқылы туған халқы мен жерін сүйетін ұлтжанды жастарды тәрбиелеп, еліміздің өркендеуі мен қауіпсіздігін баянды ету мақсаты көзделген.

Сонымен, Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетіндегі ұлттық тәрбие беру проблемасы бойынша атқарылып жатқан жұмыстар Қазақстанның басқа оқу орындарында қолдау тауып, жалғасын тауып жатса, еліміздің болашағы – ұлттық тәрбие беруде екендігі, ұлы Мағжан армандаған ұлттық тәрбиені жүзеге асырғанда ғана Президентіміз алға қойған міндетті – зияткер ұлтты қалыптастыруға болады.

К.Ж.Төребаеваның «Ұлттық тәрбие негіздері» атты монографиясында жаһандану жағдайында ұлттық тәрбие берудің теориялық-әдіснамалық негіздері айқындалған, жаһандану жағдайында ұлттық тәрбие берудің тиімділігінің студенттік жас кезінің психологиялық ерекшеліктерімен байланыстылығы дәлелденген, ұлттық тәрбие берудің мақсаты, мазмұны, формалары мен әдістері анықталған, ұлттық тәрбиенің тұжырымдамалық қағи-

далары, құрылымдық-мазмұндық моделі жасалынған, ұлттық тәрбие беруде ұсынылған оқу-әдістемелік кешені және тәрбие жұмыстары жүйесінің тиімділігін тәжірибелік-эксперимент барысында сынықтан өткізудің нәтижелері берілген [13].

К.Ж.Қожахметованың «Мектептің ұлттық тәрбие жүйесі» атты монографиялық еңбегінде бүгінгі таңдағы ұлттық мәдениеттің, әдебиеттің, тілдің, әдет-ғұрып, дәстүр, салттың тағдыры мен болашағы мектептегі жас ұрпаққа ұлттық тәрбие берумен тікелей байланысты екендігі, ұлттық тәрбие туралы түрлі кезеңдердегі ағартушылар мен ғалым-педагогтардың мектептегі ұлттық тәрбиенің маңызы және қазақ халқының зиялы азаматтарының ұлттық мектеп пен тәрбиеге қатысты ой-пікірлерімен дәлелденген [14].

Құралдың екінші тарауында мектептің ұлттық тәрбие жүйесінің ғылыми-теориялық негіздері, тәрбие жүйесінің теориясы, мектептің ұлттық тәрбие жүйесіне қойылатын талаптары анықталған, ал үшінші тарауда қазақ этнопедагогикасы идеяларын мектептің оқу-тәрбие жүйесіне ендіру жолдары тірек мектептерінің іс-тәжірибелері негізінде нақты мысалдармен көрсетілген.

А.Сейсенбердиеваның «Мектеп оқушыларына ұлттық тәрбие беру» атты оқу-әдістемелік құралы ардагер ұстаз Ж.Нұрмаханның ұлттық тәрбиеге байланысты мақалалары басшылыққа алынып жазылған. Онда оның «Қазақ деген осы: міне, біліп қой», «Саусақтар қызметі», «Қадірі кетпеген сыйлы», «Жануардың атасы, енесі, төлі», «Тіршіліктің мекені», «Арыңды жастан», «Судың да сұрауы бар» тақырыптарына өткізген тәрбие сағаттарының мазмұны берілген [15].

Қ.Бөлеев пен Ә.О.Оразованың «Педагогикалық мерзімді баспасөз және оқушыларға ұлттық тәрбие беру» атты оқу-әдістемелік құралында қазақ ағартушы-педагогтары мен қоғам қайраткерлерінің мерзімді баспасөздің оқушыларға ұлттық

тәрбие берудегі рөлі туралы ой-пікірлері сөз болған. Екінші «Республикалық «Қазақстан мұғалімі» және «Учитель Казахстана» газеттерінің беттеріндегі оқушыларға ұлттық тәрбие беру мәселелері» атты тарауында 1985-2000 жылдар аралығындағы педагогикалық газеттер беттеріндегі оқушыларға ұлттық тәрбие берудің басты бағыттары: отбасында оқушыларға ұлттық тәрбие беру, мектептің оқу-тәрбие үрдісінде оқушыларға ұлттық тәрбие беру, мұғалімдерді оқушыларға ұлттық тәрбие беруге дайындау және оқушыларға ұлттық тәрбие берудегі педагогикалық газеттердің мүмкіндіктері ашып көрсетілген [16].

Тараз Мемлекеттік Педагогикалық институтында соңғы 10-15 жылда жеке тұлғаға оқыту үдерісінде ұлттық тәрбие беру проблемасы бойынша ғылыми-зерттеу жұмысы жүргізіліп, нәтижесінде бағдарламалар оқу-әдістемелік және оқу құралдары, монографиялар, библиографиялық көрсеткіштер жарық көрді. Мысалы, Қазақстан Республикасында білім берудің дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іс жүзіне асыру мақсатында болашақ мұғалімдердің жеке тұлғаға тұтастай және кешенді ұлттық тәрбие беру іскеліктері мен дағдыларын қалыптастыру үшін педагогтық мамандықтардың ерекшеліктерін ескере отырып, элективті курстар ретінде төмендегідей оқу пәндерінің бағдарламалары жасалынды: «Отбасында балаларға ұлттық тәрбие беру», «Мектепке дейінгі мекемелерде ұлттық тәрбие беру», «Бастауыш сынып оқушыларына ұлттық тәрбие беру», «Негізгі және бейінді мектептер оқушыларын ұлттық тәрбие беру», «Техникалық және кәсіптік білім алушыларға ұлттық тәрбие беру», «Болашақ мұғалімдерді оқушыларға ұлттық беруге дайындау тұжырымдамасы».

Аталған курстар бағдарламаларын құру үшін тұратын ғылыми топ құрылып, бағдарламалар даярланды. Бағдарламаларды дайындауда балабақша тәрбиешілері, бастауыш және орта мектеп мұғалімдері,

техникалық және кәсіптік білім беру оқу орындарының оқытушылары қатыстырылды. Бағдарламалар эксперттік сараптамадан өткізіліп, институттың ғылыми кеңесінің шешімімен баспадан шығарылды. Ол бағдарлама **«Қазақстан Республикасының білім беру жүйесінде жеке тұлғаға ұлттық тәрбие берудің Кешенді бағдарламасы»** деп аталды [17].

Қ.Бөлеев пен С.Бупетаеваның құрастыруымен шыққан «Қазақ халық педагогикасы арқылы мектеп оқушыларына ұлттық тәрбие» атты оқу-әдістемелік құралында республикалық ғылыми-педагогикалық «Қазақстан мектебі» журналы беттерінде 1990-2012 жылдары мектеп мұғалімдерінің оқушыларға пән сабақтарында, сабақтан және мектептен тыс жұмыстарда қазақ халық педагогикасын пайдаланып, оқушыларға ұлттық тәрбие беру бойынша озық іс-тәжірибелерінің мазмұны берілген [18].

М.Е.Абикееваның «Білімгерлерге қазақ халқының салт-дәстүрлері арқылы ұлттық тәрбие беру» атты оқу құралының «Жеке тұлғаға қазақ халқының салт-дәстүрлері арқылы ұлттық тәрбие берудің теориялық негіздері» атты бөлімінде қазақ ағартушы-педагогтарының халықтық салт-дәстүрлер арқылы ұлттық тәрбие беру туралы ой-пікірлеріне, қазақ ғалымдарының халықтық салт-дәстүрлер туралы зерттеу еңбектеріне мазмұндық талдау жасалынған [19]. Екінші «Колледж білімгерлеріне қазақ халқының салт-дәстүрлері арқылы ұлттық тәрбие берудің әдістемесі» атты бөлімінде қазақ халық салт-дәстүрлері арқылы колледж білімгерлеріне ұлттық тәрбие берудің педагогикалық шарттары, онда қазақ халқының салт-дәстүрлері арқылы ұлттық тәрбие берудің жайы және оны жақсарту жолдары және білімгерлерге «Қазақ халқының салт-дәстүрлері - ұлттық тәрбие берудің негізі» атты бағдарлама бойынша ұлттық тәрбие беру мазмұны сипатталған.

С.Ғ.Тәжібаеваның «Мектептің тәрбие үрдісінде оқушының ұлттық келбетін

қалыптастыру» және «Жоғары оқу орындарында ұлттық тәрбие жұмысын ұйымдастыру әдістемесі» атты оқу-әдістемелік құралдарында қазақ жастарының ұлттық келбетін қалыптастырудың негізі - халқымыздың тарихи жолында жинақтаған тәрбие-тәжірибесі мен педагогикалық ойлары көрініс беретін салт-дәстүр, халық творчествосының түрлі жанрлары, шаруашылық кәсібі, қоғамдық өмірі, материалдық мәдениет ескерткіштері болуы қажеттілігі көрсетіледі [20, 21]. Сондай-ақ, құралдарда жан-жақты жарасымды дамыған, көркіне ақылы сай, адамгершілігі мол, ел қамын ойлайтын – азамат тәрбиелеу мақсатындағы тәрбие тұжырымдамасы мен жоғары оқу орындарында тәрбие жұмысын ұйымдастырудың түрлері мен әдістері ұсынылады. Ұсынылып отырған оқу-әдістемелік құралда Жоғары оқу орындарында ұлттық тәрбие жұмысын ұйымдастыру технологиясының әдістері мен тәсілдері берілген.

Ж.Наурызбаевтың «Ұлттық мектептің ұлы мұраты» атты еңбегінде отандық педагогика ғылымында тұңғыш рет оқушыларға мәдени-этникалық білім беру проблемасы көтерілген. Кіріспеде ұлттық мектеп жасау, оның белгілері мен оған қойылатын талаптар, онда мәдени-этникалық білім беру жүйесін жасаудың рөліне тоқталған [22]. Мәдени-этникалық білімнің іргетасы негізінен отбасында, әке өнегесі, шеше тәрбиесімен, мектеп қабырғасында қаланатыны белгілі. Ал бүгінгі таңда оқу-тәрбие процесінде, рухани-мәдени түлеуімізге, тарихи тазалану түсінігімізге, салт-дәстүрді жаңғыртуымызға байланысты басқан қадамымызда мәдени-этникалық білім берудің маңызы ерекше. Сондықтан еңбектің мақсаты – Қазақстан халықтарының ұлттық-мәдениетін, рухани қазынасын, адамгершілік бастауларын қайта түлетуді нысана еткен. Кітаптың ғылыми-практикалық негізі – «Қазақстан Республикасында мәдени-этникалық білім беру тұжырымдамасы». Бұл тұжырымдама

оқу орындарында арнайы талқыланып, баспадан жарық көргендігі, оған байланысты көптеген ой-пікірлер айтылып, мақалалар жарияланғандығы айтылады.

Бірінші тарауда «Мәдени-этникалық білім беру: педагогикалық теория» қоғамды өзгертетін рухани ахуал, білім беру саласында этникалық мүддені жүзеге асырудың жайы, республиканың ұлттық құрамы, этникалық топтар арасындағы тілдік-мәдени айырмашылықтар, білім беру саласындағы халықтың мәдени-этникалық мүддесін жүзеге асыру тұжырымдамасы болуын, бұл салада отандық зерттеулердің жоқтығын айта келіп, автор шетел ғалымдарының әр түрлі тұжырымдамаларына шолу береді. Сонан соң, ол өзінің мәдени-этникалық тұжырымдамасының негіздерін баяндайды.

Проблема – мәдени-этникалық білім беру тұжырымдамасы керек, ал ол тұжырымдама қандай болу керек? Тұжырымдама, автордың пікірінше, қазақ халқының мәдениетін, тілін және дәстүрін жаңғыртуға көмектесуі керек, орыс тілінің қазақ тілімен бірдей қолданыс аясын сақтау және балаларды ұлтаралық қатынас тілінде оқытуға және мамандар даярлауға мемлекеттік кепілдік берілуі керек.

Мәдени-этникалық білім берудің стратегиясы өзара өрілген екі мақсаты: этникалық тектестікті және мемлекеттік интеграцияны жүзеге асыруға бағытталады. Сонымен, мәдени-этникалық білім берудің негізгі міндеттері – жан-жақты мәдениетті тұлғаны тәрбиелеу және көптілді тұлғаны қалыптастыру. Қазақстанда мәдени-этникалық білім жүйесін қалыптастыруға қажетті алғышарттар – бұл үшін қолайлы жағдай жасау, яғни мәдени этникалық білім кеңістігін құру болып табылады. Ал мәдени-этникалық білім беру кеңістігі – отбасы, ана тәрбиесі, мектепке дейінгі балалар мекемесі, мектеп, жоғары оқу орны, ұлттық мәдени орталықтар, үйірмелер мен курстар. Сонан соң автор мәдени-этникалық білімнің мазмұндық мағынадағы құрылымын ұсынады да, оған жеке-жеке түсінік береді.

Екінші тарауда «Мәдени-этникалық білім беру: педагогикалық тәжірибе» қазіргі отбасындағы тәрбиенің жайы мен кемшіліктері, балабақшалардағы тәрбие, отбасылық балабақшалар туралы және балабақшалардағы мамандар, оларды даярлау мәселесі нақты іс-тәжірибелер арқылы баяндалған. Тарауда тәрбие басы – тіл, ана тілі, ұлттық тіл, еліміздегі тіл ахуалы, оны жөндеу, ол үшін мемлекеттік тіл саясатының негізгі принциптері, ұлттық тәлім-тәрбие, оның қазіргі жайы, жақсарту жолдары, оған мектептер мен жоғары оқу орындарында жинақталған оң тәжірибелерге шолу жасалынып, оларға талдау жасалынған, ұлттық тәлім-тәрбиенің ғылыми-әдістемелік негізінде – халықтық педагогиканы кеңінен пайдаланып жатқан әр түрлі оқу орындарындағы озық іс-тәжірибелер жинақталып, қорытылған.

Үшінші тарауда «Мәдени-этникалық білім беру: өмірге ендіру механизмі» қарастырылған, ондағы мәдени-этникалық білім беруді өмірге ендіру үшін заңдарды жетілдіру, ұйымдастыру, үйлестіру, бақылау, қаржыландыру мен материалдық-техникалық жағынан қамтамасыз ету, кадрлар даярлау, ана тілінде төл оқулықтар шығару, тіл қуатын арттыру және тіл мәдениетін көтеру, басқа ұлттардың тілін дамыту шаралары нағыз көкейкесті шаралар болып табылады.

Сонымен, аталмыш еңбекте қазіргі ең бір көкейкесті проблема – жас ұрпаққа ұлттық тәлім-тәрбие беруді мақсат еткен, өйткені онда мәдени-этникалық білім берудің теориялық, тәжірибелік және өмірлік мәселелерін шешуге бағыт-бағдар берерлік ғылыми дәйекті тұжырымдамалар мен іс-шаралар ұсынылған.

К.Ж.Төребаеваның «Ұлттық тәрбие негіздері» атты монографиясында жаһандану жағдайында ұлттық тәрбие берудің теориялық-әдіснамалық негіздері айқындалған, жаһандану жағдайында ұлттық тәрбие берудің тиімділігінің студенттік жас кезінің психологиялық ерекшеліктерімен

байланыстылығы дәлелденген, ұлттық тәрбие берудің мақсаты, мазмұны, формалары мен әдістері анықталған, ұлттық тәрбиенің тұжырымдамалық қағидалары, құрылымдық-мазмұндық моделі жасалынған, ұлттық тәрбие беруде ұсынылған оқу-әдістемелік кешені және тәрбие жұмыстары жүйесінің тиімділігін тәжірибелік-эксперимент барысында сынықтан өткізудің нәтижелері берілген [23].

Қ.Бөлеев пен Л.Бөлееваның «Мұғалім және ұлттық тәрбие» оқу құралында жалпы білім беретін орта мектеп мұғалімдерін этнопедагогикалық дайындаудың мазмұны, формалары мен әдістері қарастырылған [24].

Бірінші тарауда «Қазақ мектептері мұғалімдерінің оқушыларға ұлттық тәрбие беруге даярлығының жайы» деп аталып, онда қазақтың ұлттық мектебін жасау қажеттілігі, оқушыларға ұлттық тәрбие берудің жайы және республиканың қазақ мектептері мұғалімдерін ұлттық тәрбиеге даярлаудың жайы және оны жақсарту жолдары көрсетілген.

Екінші «Қазақ мектептері мұғалімдерін оқушыларға ұлттық тәрбие беруге дайындаудың әдістемесі» атты тарауда мұғалімдерді арнайы «Ұлттық тәлім-тәрбие» бағдарламасы бойынша дайындау, олардың этнопедагогикалық білімдері деңгейлерін анықтау, мұғалімдердің оқушыларға ұлттық тәрбие беру бойынша іс-тәжірибелерін жинақтау, қорыту және тарату мен олардың іс-тәжірибелері баяндалған.

Қ.Бөлеевтің «Болашақ мұғалімдерді оқушыларға ұлттық тәрбие беруге кәсіби дайындау» атты монографиясы кіріспеден, төрт бөлімнен, қорытынды мен әдебиеттер тізімінен тұрады [25].

Монографияның бірінші бөлімі «Болашақ мұғалімдерді оқушыларға ұлттық тәрбие беруге кәсіби дайындаудың теориялық негіздері» деп аталып, онда қазақ ағартушы-педагогтарының оқушыларға ұлттық тәрбие беру және оған болашақ мұғалімдерді дайындау туралы ой-пікірлері, қазақ

ғалым-педагогтарының этнопедагогикалық еңбектеріне мазмұндық талдау және болашақ мұғалімдерді оқушыларға ұлттық тәрбие беруге дайындау тұжырымдамасы жасалынған; екінші бөлім «Қазақ мектептері мұғалімдері мен болашақ мұғалімдердің оқушыларға ұлттық тәрбие беруге даярлықтарының жайлары және оларды жақсарту жолдары» деп аталып, онда қазақ мектептерінде ұлттық тәрбие берудің жайы, жалпы білім беретін мектеп мұғалімдерінің ұлттық тәрбие беруге даярлық жайы және оны жақсарту жолдары, педагог мамандар даярлайтын жоғары оқу орындарында болашақ мұғалімдерді ұлттық тәрбие беруге дайындау барысы мазмұндалған; үшінші «Болашақ мұғалімдерді оқушыларға ұлттық тәрбие беруге кәсіби дайындаудың мазмұны, формалары және әдістері» атты бөлімінде «Қазақ этнопедагогикасы» бағдарламасы бойынша болашақ мұғалімдерді ұлттық тәрбие беруге дайындау, «Қазақ этнопедагогикасының тарихы» бағдарламасы бойынша болашақ мұғалімдерді ұлттық тәрбие беруге дайындау, болашақ мұғалімдерді

ұлттық тәрбие беруге дайындауда қазақ этнопедагогикасы мен оның тарихынан арнайы курстар мен семинарлардың және факультативтердің рөлдері көрсетілген; төртінші «Болашақ мұғалімдердің оқушыларға ұлттық тәрбие беруге кәсіби даярлықтарының көрсеткіштері» атты бөлімінде қазақ этнопедагогикасынан және оның тарихынан болашақ мұғалімдердің ғылыми-зерттеу жұмыстары, болашақ мұғалімдердің педагогикалық практика кезінде ұлттық тәрбие беру бойынша жұмыстары, болашақ мұғалімдердің ұлттық тәрбие беруге даярлық көрсеткіштерін анықтау нәтижелері, болашақ мұғалімдерді оқушыларға ұлттық тәрбие беруге дайындау тиімділігін арттырудың математикалық-статистикалық бағасы анықталған.

Сонымен, Қазақстанның білім беру жүйесінде оқыту үрдісінің тәрбиелік құрамдасын күшейту арқылы жеке тұлғаға ұлттық тәрбие беру және оған мектеп мұғалімдері мен болашақ мұғалімдерді дайындау проблемалары бойынша ғылыми зерттеулер жүргізілуде екен.

Әдебиеттер

- 1 Назарбаев Н.Ә. Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту - Қазақстан дамуының басты бағыты // Егемен Қазақстан, 28 қаңтар 2012 жыл.
- 2 Ұлттық тәрбие. Типтік оқу бағдарламасы. – Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ, 2010. – 18 б.
- 3 Төлеубекова Р.К., Хайруллин Г.Т., Бейсенбаева А.А., Қайдарова А.Д. Народная педагогика и национальное воспитание. Учебное пособие. – Алматы: Эрекет-Принт, 2010. – 67 с.
- 4 Төлеубекова Р.К., Бейсенбаева А.А., Джанабаева Р.А. және т.б. «Ұлттық тәрбие негіздері. Оқу құралы. – Алматы: ҚазҰПУ, 2010. – 91 б.
- 5 Пірәлиев С.Ж., Нуриев М.А., Сейсенбаева Ж.А., Оразымбетқызы Ә. Ұлттық тәрбие (салт-дәстүр, әдет-ғұрып негізінде). Оқу құралы. – Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ, 2011. – 164 б.
- 6 Пірәлиев С.Ж., Нәрібаев К.Н., Төлеубекова Р.К., Бейсенбаева А.А., Ғаббасов С.Б., Атемова Қ.Т., Қоңырбаева С.Ж. Отбасындағы ұрпақ тәрбиесі. Әдістемелік көмекші құрал. – Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ, 2011. – 162 б.
- 7 Ұлттық тәрбие (салауатты өмір салтын қалыптастыру) / Құрастырушылар: Пралиев С.Ж., Нәрібаев К.Н., Төлеубекова Р.К., Шолпанқұлова Г.К., Махметова Б.Т., Берикханова А.Е., Нұрғалиева Д.Ә. – Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ, 2010. – 208 б.

- 8 Ұлттық тәрбие (ұлттық тәрбиенің этика-эстетикалық негіздері) / Құрастырушылар: С.Ж.Пралиев, М.А.Нуриев, А.Н.Якупова, Ж.А.Сейсенбаева, Қ.Ж.Аганина. – Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ, 2010. – 224 б.
- 9 Пірәлиев С.Ж., Керімов Л.К., Нәрібаев К.Н., Молдабеков Ж.Ж., Әбдіғапбарова Ұ.М., Нұркеева С.С. Ұлттық тәрбиенің патриоттық мазмұны. Оқу-құралы. - Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ, 2011. – 542 б.
- 10 Сманов Б., Боранбай Ж. Ұлттық тәрбие және дін мәселесі. Оқу құралы. – Алматы: Ақ Толған-Ай, 2011. – 200 б.
- 11 Табылды Ә. Ұлттық тәрбие. Оқу құралы. – Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ, 2011. – 350 б.
- 12 Сейсенбаева Ж.А. Ұлттық тәрбиенің ғылыми негізі. Монография. - Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ, 2011. – 158 б.
- 13 Төребаева К.Ж. Ұлттық тәрбие негіздері. Монография. – Ақтөбе, 2008. – 256 б.
- 14 Қожахметова К.Ж. Мектептің ұлттық тәрбие жүйесі: теория және практика. Монография. – Алматы: РБК, 1998. – 130 б.
- 15 Сейсенбердиева А. Мектеп оқушыларына ұлттық тәрбие беру. Оқу-әдістемелік құрал. – Алматы, 2004. – 40 б.
- 16 Бөлеев Қ., Оразова Ә. Педагогикалық мерзімді баспасөз және оқушыларға ұлттық тәрбие беру. Оқу-әдістемелік құрал. – Алматы: Нұрлы әлем, 2008. - 154 б.
- 17 Бөлеев Қ. Қазақстан Республикасының білім беру жүйесінде жеке тұлғаға ұлттық тәрбие берудің Кешенді бағдарламасы. – Тараз: ТарМПИ, 2011. – 84 б.
- 18 Қазақ халық педагогикасы арқылы мектеп оқушыларына ұлттық тәрбие / Құраст.: Қ.Бөлеев, С.Бупетаева. Оқу-әдістемелік құрал. – Алматы, 2012. – 204 б.
- 19 Абикиеева М.Е. Білімгерлерге қазақ халқының салт-дәстүрлері арқылы ұлттық тәрбие беру. Оқу құралы. – Алматы: Нұрлы Әлем, 2010. – 240 б.
- 20 Тәжібаева С. Мектептің тәрбие үрдісінде оқушының ұлттық келбетін қалыптасуы. Оқу құралы. - Алматы, 2010. - 214 б.
- 21 Тәжібаева С.Ғ. Жоғары оқу орындарында ұлттық тәрбие жұмысын ұйымдастыру әдістемесі. Оқу-әдістемелік құрал. – Алматы: ҚазҚызМемПУ, 2010. – 223 б.
- 22 Наурызбаев Ж. Ұлттық мектептің ұлы мұраты. Монография. – Алматы: Ана тілі, 1995. – 192 б.
- 23 Төребаева К.Ж. Ұлттық тәрбие негіздері. Монография. – Ақтөбе, 2008. – 256 б.
- 24 Бөлеев Қ., Бөлеева Л. Мұғалім және ұлттық тәрбие. Оқу құралы. - – Алматы: Нұрлы Әлем, 2004. – 304 б.
- 25 Бөлеев Қ. Болашақ мұғалімдерді оқушыларға ұлттық тәрбие беруге кәсіби дауындау: теориясы және практикасы. Монография. – Алматы: Нұрлы Әлем, 2004. – 304 б.

ӘОЖ 37.015.311:81

Ф.Ш.Оразбаева

п.э.д., профессор,

ҚР ҰҒА-ның корреспондент мүшесі

Абай атындағы ҚазҰПУ-нің

Қазақ тілі теориясы мен әдістемесі

кафедрасының меңгерушісі

ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫ ТҰЛҒА ҚАЛЫПТАСТЫРУДА ҮШТІЛДІ МАМАН ДАЙЫНДАУДЫҢ БАСТЫ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Бұл мақалада интеллектуалды тұлға қалыптастыруда үштілді маман дайындаудың басты мәселелері ашылған.

Түйінді сөздер: *интеллект, тұлға, болмыс, маман, интеллектуалдық әлеует, тіл мәдениеті.*

В этой статье рассматривались вопросы формирования интеллектуального развития личности с помощью подготовки специалиста на трех языках.

Ключевые слова: *интеллект, личность, натура, специалист, интеллектуальная потенция, культура языка.*

In this article questions of formation of intellectual development of the personality by means of preparation of the expert in three languages were considered.

Keywords: *intellect, personality, nature, specialist, intellectual potency, culture of language.*

Бүгінгі педагогика, психология, әлеуметтану, философия, мәдениеттану және т.б. ғылымдардың даму бағыты мен жаңашылдық сипатын айқындайтын жаңа бағыттағы зерттеулерде интеллектуалдық тұлға әлеуетінің мәнін ашу, оны қалыптастырудың тиімді жолдарын іздестіру ұлттық ерекшеліктермен, ұлттық ділмен сабақтаса келіп, қазіргі дәуірдің әлеуметтік-қоғамдық, ғылыми-техникалық мүмкіндіктерімен бірлікте қарастырыла бастады. Бұл әртүрлі ғылым салаларында пайда болған тың ұғымдық категориялардың қорын қалыптастыруға назар аударды. Олардың ішкі бірлігі мен өзара үйлесімі мәселені әлеуметтік-философиялық, педагогикалық-психологиялық тұрғыдан жан-жақты ашуға мүмкіндік береді.

Әлбетте тұлғаның дамуын өзінің басты нысаны етіп алатын педагогика ғылымына

қатысты еңбектерде білім алушының ақыл-ой қабілетін дамыту мен тәрбие беру мәселелері түрлі нүктелерде тоғыса қарастырылып келе жатқаны белгілі. Олай болса, білім мен тәрбиенің бірлігінен құрылатын оқыту үрдісінде бұл жайттың іргетасы ғасырлар бойы бекіп, орныққаны аян. Бүгінгі күн талабы сол дәстүрлі жүйе мен жаңа талаптардың тоғысынан ғаламдану дәуірінде бәсекеге қабілетті тұлғаның қалыптасуына тудырылатын жағдайларды екшеп, олардың интеллектуалдық қасиетін шыңдаудағы басты мәселелерді айқындап беруді қажет етіп отыр.

Осыған байланысты қазіргі білім жүйесінде интеллектуалдық тұлға қалыптастыруда іске асырылатын педагогикалық үдерістің басты ұстанымдарын айқындап, **үштілді маман дайындауға** қатысты методологиялық негіздерді зерттеу бүгінгі күн тәртібіне

қойылып отыр. Ол үшін «интеллектуалдық», «интеллект», «интеллектуалдық әлеует» секілді тірек ұғымдарды талдап алу қажет. Сөздіктерде бұл терминдерге төмендегідей түсініктеме берілген:

Интеллектуалдық тұлға қалыптастыру мәселесін зерттеп жүрген ғалымдардың пайымдауынша, «тұлғаның интеллектуалдық әлеуетінің қалыптасуы дегеніміз – сол адамның өзі өкілі болып саналатын халықтың мәдениетіне бойлау, өзі өмір сүріп отырған дәуірдің ағымына бейімделе алу үдерісі».

Ғалымдар интеллектуалды әлеуетті «қоғамның интеллектуалдық-шығармашылық жемісі болып табылатын ғылым мен білімнің тоғысуынан туындаған адами материалдық, қаржылық ресурстардың бірлігі» деп санайды. Бірақ «интеллектуалдық әлеует арнайы мамандырылған білімсіз адамның жоғары деңгейге жетуіне мүмкіндік бермейтінін» айтады.

Ғалым А.С.Сәрсеновтың пайымдауынша, «интеллектуалдық әлеует - қоғамдағы сұраныс үдерісінен шығуға даяр әлеуметтік субъектінің уақыт пен орта алға тартқан міндеттерден, қиыншылықтардан, ұсыныс пен қажеттіліктен, бұрын беймәлім талаптан тұтастай болмаса да негізінен биік тұрып, ілгерілеу динамикасы мен заңдылығына кіріге, бейімделе алу, соны ел мүддесіне, өз мүддесіне жегу арқылы бойындағы қабілеті мен мүмкіндігін ашу өресі».

Түйіндей келгенде, интеллектуалдық әлеует – субъектінің саналы ойлау қабілетін ғылым мен білімді игеру арқылы жетілдіруі, соның нәтижесінде пайда болған қабілеті мен мүмкіндігін өзінің, ұлтының, Отанының мүддесіне жарата алуы. Сондықтан интеллектуалдық әлеуетті үнемі жетілдіріп отыру қажеттігі дау тудырмайды. Өйткені «ұлттар, тауарлармен және қызметтермен ғана бәсекелеспейді – олар қоғамдық құбылыстар жүйесі мен білім беру жүйелерімен де бәсекелеседі. Осы заманғы экономикада салмақ материалдық тауарлар мен қызметтерге қарағанда, интеллектуалдық әлеуетке көбірек түсіріледі.

Ұлттың осы заманғы тиімді білім беру жүйесі, елдің интеллектуалдық қоры, оның бәсекеге қабілеттілігі аса маңызды болуда». Ал қоғамдық құндылықтың ішіндегі аса маңызды мәселе – білімнің кілті, өміртанымның негізі ана тілін терен меңгерту. Олай болса, үштілді еркін меңгерген маман дайындау, көптілді тұлға қалыптастыру ана тілінің орнын, маңызын дұрыс түсіндіруді талап етеді. Болашақ маманның интеллектуалдық деңгейі мен бәсекеге қабілеттілігінің басты өлшемі оның ана тілінің орны мен маңызын, доминанттық рөлін жете түсінуін, ал ресми тіл ретінде орыс тілінің, әлемдік тіл дәрежесінде ағылшын тілінің өз өміріндегі, келешек ұрпақ тәрбиесіндегі мәнін дұрыс бағамдай алуына байланысты.

Гносеологиялық, аксиологиялық, гуманистік аспектілер тұрғысынан қарастырғанда мәдениет – адамның рухани дамуы мен шығармашылық қабілеттерінің қайнар бұлағы. Сол себепті руханилық пен шығармашылық интеллектуалдық тұлғаның басты көрсеткіші болса, оны ұлттық құндылықтардан: ана тілінен, ұлттық сана мен ділден, ұлттық болмыстан бөліп қарастыру мүмкін емес.

Әрі танымның негізі, әрі қоғамның да, жеке тұлғаның да мәдениетінің өлшемі болып табылатын, әрі рухани дамудың бірден-бір тетігі саналатын тіл – бүкіл құндылықтың бастау көзі; олай болса, тілді сақтау – елдікті сақтау, тілді сақтау – ұлтты сақтау деген ұғыммен барабар.

Міне, осы айтылған тұжырымдардың барлығы төл мәдениеттің атқаратын рөліне басымдылық берудің қажеттілігін көрсетеді. Өйткені «адами ресурс», «терең ойлау», «парасат» және т.б. ұғымдардың тоғысында адамның белгілі бір ұлттық мүддеге қызмет ету жауапкершілігі жатады. Ұлттық даралығын сақтай отырып, жалпыадамзаттық құндылықтардың ешбірін жатсынбайтын, жаңашылдыққа құмар, еркін де ерікті ел ғана тарих сахнасында өз орнын еншілемек.

Бүгінгі ғаламдану үдерісінде ұлттық құндылықтарды сақтау мен өзінің бет-бейнесін, ізгі дәстүрлерін сақтау жолындағы күрес ұлттық сананы сақтау күресі екенін түсіну қиын емес. Ал мұның бәрі мәдениет, таным, тіл деген ең негізгі құндылықтардың беріктігіне келіп тіреледі.

Әлбетте, бұл үшеуі – халықтың рухани дамуының түп қазығы, тірегі. Олай болса, осы ұштаған сақталған жағдайда ғана, оны барлық кері ықпалдарға төтеп бере алатындай деңгейге жеткізу ғана халықтың және сол халықты құрайтын әрбір қоғам мүшесінің интеллектуалдық деңгейін арттырады, әрі оның болашақ тағдырын оң шешеді. Ендеше, білім беру саласындағы барлық өзгерістердің өзегіне осы тұрғыда келу заңды. Түйіндей келгенде, жаңа дәуірдің талабына жауап бере алатын **интеллектуалды маман дегеніміз** – өзінің ана тілін ұлт болашағының кепілі деп санайтын, тілдің құндылықтық мәнін жас ұрпаққа сіңіруді кәсіби мұрат тұтатын, олардың рухани әлеуетін арттыруға мүдделі, жаңашыл әрі бәсекеге қабілетті тұлға болып саналады. Болашақ маманның осындай дәрежеде қалыптасуы педагог мамандарды даярлау жүйесінде түбегейлі бетбұрыстар жасауды қажет етеді.

Үш тілді меңгерген маман даярлау үдерісін жүзеге асыру интеллектуалдық тұлға қалыптастыруға негіз етіп алатын басты бағыттарды анықтауды қалайды. Осы тұрғыдан келгенде үштілді интеллектуалды тұлға дайындауда басшылыққа алынатын негізгі мәселелер мыналар:

Тіл мен танымды үйлесімде меңгерту;

Тілді пікірлесу, түсіну, яғни тілдік қатынас құралы ретінде меңгерту.

Тіл мен танымды үйлесімде меңгерту, үштілді тұлға қалыптастыру когнитивтік, яғни танымдық теорияға негізделеді.

Тілді білу – сол тілде сөйлейтін елдің болмысын, тарихын, өзіндік ерекшеліктерін, психологиялық жай-күйін, тұрмыс-тіршілігін, өмір сүру тынысын т.б. танып білу деген сөз. Белгілі бір ұлттың, елдің сыртқы-ішкі табиғатын зерделеп білу

арқылы біз сол елдің тілін де тез әрі терең меңгереміз. Тіл – әр елдің ой-болмысының айнасы. Сөз – сол ойдың, пайымның, өмірдегі барлық құбылыстарды сана арқылы қабылдаудың көрсеткіші. Бұл мәселе тіл ғылымында лингвокогнитивтік аспект деп аталып, танымдық теорияның қағидасына сүйенеді.

Үш тілді меңгертудің лингвокогнитивтік аспектісі әр тілдің өзіне тән танымдық ерекшелігін зерттеуден көрініс табады. Әр халықтың басынан өткен ұзақ тарихи дәуірі олардың шаруашылығы мен тұрмысын, әдет-ғұрпын қалыптастырады. Нәтижесінде әр халықтың өзіне тән, басқаларға тең келмейтін мәдениеті орнығады. Осыған орай, олардың тілінде ұлттың мәдени-танымдық ерекшелігін көрсететін тілдік фактілер өмір сүреді. Мәселен, қазақ тіліндегі мал атауларына байланысты *құнан, дөнен, байтал, мәстек, баспақ, қашар, тайөгіз, саулық, қошқар, нар, інген, атан* т.б. сияқты сөздер орыс тілінде немесе ағылшын тілінде жоқ. Сол сияқты *құрт, ірімшік, жент, сөк* т.б. тәрізді тағам атаулары немесе *бөле, жиен, жиенсиар, шөбере* сияқты туыстық атаулар тек қазақ тіліне тән. Филлиппиндегі Хануну халқында күріш түрлерінің шамамен тоқсан екі атауы бар екені белгілі. Осындай әр халықтың тұрмыс-тіршілігіне сай қалыптасқан атаулар сол халықтың мәдени-танымдық ерекшелігін анықтауға арқау болады. Демек, әр халықтың дүниені қабылдау тәсілі немесе өмір, ғалам туралы ой-пайымы тілден көрініс табады. Осыған орай, лингвистикалық детерменизм заңдылығы бойынша ойдың тілге әсерін қарастыратын жүйе дамып отырады. Мысалы, қазақта ақ түс жылылық, жақсылық ұғымымен ассоциацияланады. Нәтижесінде ақ ниет - ниеті оң, жақсы; ақ бата - жылы тілек, жақсы ниет; ақ жүрек – көңілі таза, жақсы ниетті адам т.б. сияқты тілдік қолданыстар қалыптасқан. Осындай тілдік фактілер әрбір тілдің танымдық астарынан кеңінен табылады. Үш тілді үйрету үшін әр тілдің өзіне тән лингвокогнитивтік сипатын

жүйелі түрде зерделеп, этнотанымдық тұрғыда талдау жасау арқылы тілді сапалы меңгертеміз.

Тілді пікірлесу, түсіну, қарым-қатынас құралы ретінде меңгерту үштілді интеллектуалды тұлға тәрбиелеуде, негізінен, тілді коммуникативтік тұрғыдан үйретудің әдістемелік негіздерін басшылыққа алғанда нәтижелі болады. Тілді қарым-қатынас құралы ретінде меңгерту ғылымда лингвокоммуникативтік теориялар мен қатысымдық әдіснамаларды негізге алады.

Үштілді меңгерудің лингвокоммуникативтік аспектісі тілдік қатынасқа түсушілердің қарым-қатынас жағдайына байланысты тілді қолдану принциптерін басшылыққа алады. Дәлірек айтқанда, тілдік қатынас өтетін жағдайға байланысты адресант пен адресаттың тіл бірліктерін нормаға сай қолдануын талап етеді. Бұл жағдайда тілдік қатынасқа түсушілердің әлеуметтік мәртебесіне, қызмет жағдайына, мамандығына, ұлтына, дініне, жасына, жынысына, мінезіне, т.б. сияқты өзіндік ерекшеліктеріне баса назар аударылады. Сонымен қатар, тілдік қарым-қатынас өтетін орынның да (отбасы, жұмыс орны, сабақ, той, мереке, жиын, конференция, симпозиум т.б.) бұл мәселені шешуде алатын орны ерекше.

Кез келген қарым-қатынас процесінің бастапқы кезеңі, негізгі кезеңі және аяқталу кезеңі болады. Осыған байланысты коммуниканттар тілдік бірліктерді қай кезеңде қалай қолдану жайын білгені ұтымды.

Қарым-қатынас процесінің бастапқы кезеңіне амандасу жатады. Коммуниканттар қай әлеуметтік топ өкілі болса, соған қарай амандасудың да өзіндік ерекшеліктері бар. Осыған байланысты қарым-қатынас процесінің бастапқы кезеңіне жататын тілдік қолданыстарды өз ішінде бірнеше топқа жіктеген жөн. (қызмет бабындағы амандасуға тән тілдік қолданыстар, достар арасындағы амандасуға тән тілдік қолданыстар, туыстар арасындағы амандасуға тән тілдік қолданыстар, т.б.)

Қарым-қатынас процесінің негізгі кезеңіне жататын тілдік қолданыстар ситуацияға, оқиғаға байланысты туындайды. Олар айтушының ойын, тыңдаушының реакциясын, сұрақ, жауап репликаларын т.б. тудыратын жағдайдан көрініс табады. Бұл кезеңде осыған сай тілдік қолданыстарды игеру мақсат етіледі.

Қарым-қатынас процесінің аяқталу кезеңіне қоштасу, шығарып салуға қатысты тілдік қолданыстар жатады. Тілдік бірліктерді қарым-қатынас процесінің кезеңіне қарай жіктеп, сөйлеуші мен тыңдаушының оған қатынасы тұрғысында үйретудің үш тілді меңгеруде маңызы зор.

Қарым-қатынастың өту жағдайы мен сипатына және коммуниканттардың өзара байланысына қарай ресми және бейресми қатынас түрлері болады. Ресми қатынас түрлерін де, бейресми қатынас түрлерін де өз ішінде кезеңдерге бөліп, ондағы қолданылатын тілдік бірліктерді саралаған дұрыс.

Әр тілдің материалдық формасын жете меңгеріп, олардың қолданыс аясындағы қызметін зерделей алған кезде, сол тіл арқылы тілдік қатынас жасау мүмкіндіктеріне ие боламыз. Тілдік қатынас жасау арқылы адамзат бір-біріне хабар береді, өзара ақпарат алмасады. Онда әрбір тілдік элемент қызмет атқарады. Тіл үйренуші тілдік элементтердің қолданыс аясы мен ақпарат берудегі қызметін білуі тиіс. Үш тілді меңгеру үшін әр тілдің материалдық формасын, тілдік элементтерін, құрылымдық жүйесін анықтай отырып, олардың ақпарат берудегі қызметін саралау қажет. Тілдің ақпараттық қызметі іске қосылған кезде сөйлеу процесі толық жүзеге асады. Сөйлеу процесі айтылатын пікірдің мазмұнына, пікір айтудың жағдайына (пікірді ауызекі немесе жазбаша айту, 2-3 адам қатысқан диалог түрінде сөйлесу, көпшілік алдына шығып сөйлеу, тыңдаушының білім дәрежесі, жасын ескеру, т.б.) сай түрліше құралады. Сондықтан да сөйлеудің әр коммуникативтік жағдайға сай ыңғайланған стилі болады.

Мұнымен бірге сөйлеу үстінде әр кісінің өзіне ғана тән сөз жұмсауы, сөз тіркесі, сөйлем құрау ерекшеліктері аңғарылады. Бұл баяншының өз ойын дәл, әсерлі етіп мәнерлеп айту талабынан туады.

Сөйлеу процесі тілдік әрекет арқылы жүзеге асады. Бұл туралы Б.Қалиұлы: «Психологтар тілімен айтқанда, сөйлеу дегеніміз – адам әрекеттерінің бір түрі. Адам біреуге бір нәрсе туралы айтуды мақсат етеді. Сол мақсатқа жету үшін, адам өзінің дыбыстау мүшелері арқылы әртүрлі артикуляциялық әрекеттер жасайды. Яғни сөйлеу әрекеті дыбыстау мүшелерінің қимылы арқылы пайда болады. Ендеше, сөйлеу дегенге тілдік таңбалардың қатынас құралы қызметінде қолданылуы деп анықтама беруге болады», - дейді. Ғалым сөйлеу әрекеті сөйлеу, есту, ұғыну сияқты 3 бөлімнен тұратындығын, сөйлеушінің айтқандары – артикуляциялық жиынтық, ал тыңдаушының еститіндері – акустикалық жиынтық болатындығын, сөйлеуші мен тыңдаушы бірін-бірі түсінуі үшін тағы бір жиынтық керектігін, ол – сөйлеу әрекетінің ұғымдық жағы екендігін, бұл 3 жиынтық берік бірлікте болу керектігін айтады.

Тілші: «Сөйлеу дегеніміз – қатынас жасау процесінде өз ойын, сезімін басқаларға білдіру, басқаның ойын білу мақсатында тілдік қолдану деген сөз. Сөйлеу тілдік элементтер арқылы болады және ол тілдік заңға, тілдік нормаға бағынады» деп тұжырымдайды.

Сөйлеу процесі – тілдік қатынас жасаудың басты белгісі. Тілдік қатынас жүзеге асуы үшін тілді қолданудың заңдылықтарын жете игеру қажет.

Аталған мәселе тіл үйренушінің тілдік біліктілігі, лингвистикалық білімі, ішкі түйсігі, қабылдау, ой жүйесі, тілдік іс-әрекеті, тілдік ортасы т.б. толық іске қосылғанда нәтижелі шешімін табады. Ол үшін үш тілді игерудің әдіснамалық негізін жан-жақты игеруге тиіспіз.

Осы тұрғыдан келгенде үштілді интеллектуалды маман дайындауда басты ор-

ын алатын тұлға – педагог. Педагог тек білім беруші емес, ол - мемлекеттің туын жоғары ұстайтын интеллектуалды дара тұлға тәрбиелеуші жетекші маман. Бұл өз кезегінде түбірімен жаңарған озық білім жүйесін жүзеге асыруға келіп тіреледі. Сондықтан болашақ маманның кәсіби білімі мен кісілік білігі тең түскен жағдайда ғана интеллектуалды ұлт болашағының баяндылығына сенуге болады. Бұл педагог мамандарды даярлайтын отандық білім саласының әлемдік озық үлгілерге сәйкес өз бағыттарын белгілеуін қажет етеді. Осы тұста инновациялық серпіліс пен жаңартулардың барлығы ұлттың тарихи- мәдени және рухани негіздеріне сай дамытылып, әлемдік тенденцияларға орай жетілдіріледі. Сол жаңа өзгерістердің бір тармағы ретінде көп тілді меңгерген педагог маман даярлау – бүгінгі күннің басты мәселесі. Мұғалім ана тілін интеллект дамуының қайнар көзі дәрежесінде оқытқанда ғана «тілден тілдің кеңдігі болғанымен, кемдігі болмайды» дейтін қағида жүзеге аспақ, сонда ғана тіл мен мәдениеттің, тіл мен рухтың, тіл мен ұлттық тілдің бірлігін түйсінуге қол жеткізіп, болашақ маманның рухани кеңістігінің өрістеуіне жол ашылмақ.

Педагогикалық жоғары оқу орнында ғылым мен білімді тоғыстыра отырып жетілдірілген білім мазмұнын құру, оқытуды әлемдік стандарттарға сай ұйымдастыру, оқу үдерісін «нәтижеге бағдарланған білім беру» моделіне бейімдеу, оған қажетті материалдық-техникалық базаны нығайту, күзінеттіліктер түрінде қалыптастырылатын білім нәтижелерін айқындау, үштілді меңгертудің ғылыми әдістемелік жүйесін жасау интеллектуалды тұлға тәрбиелеудің өзегі болып табылады. Бұл бағыттағы ізденістер педагогикалық жоғары оқу орнындағы мемлеттік тілге қатысты пәндердің мазмұндық-құрылымдық жүйесі мен оны меңгертудің әдіснамалық негіздерін дәйектеуге, оны дамытудың бағыт-бағдары мен басты тұжырымдарын анықтауға септігін тигізеді. Қазақстан халқының рухани

дамуына ықпал етіп отырған осы бағыттың негізгі мәні мынада: Қазақстанды бүкіл әлем халқы үш тілді бірдей пайдаланатын жоғары білімді мемлекет ретінде тануы керек. Ол

үшін: қазақ тілін – мемлекеттік тіл, орыс тілін – қарым-қатынас тілі, ағылшын тілін – жаһандық экономикаға кірігу тілі ретінде игеру жас ұрпаққа жаңа жол ашады.

Әдебиеттер

1 Тұрғынбаева Б.А. Мұғалімнің шығармашылық әлеуметін біліктілікті арттыру жағдайында дамыту: теория және тәжірибе. – Алматы, 2005. - 174 б.

2 Оразбекова К.А. Научно-педагогические основы воспитания личности. – Алматы, 2000. – 216 с.



«Ақыл-парасат – адамның ойлауына, пайымдауына, ғылым мен өнердің қыр-сырын ұғуына, жақсы қылық пен жаман қылықтың ара жігін ашуына көмектесетін күш»

Әбу Насыр әл-Фараби.

«Өз қатеңді өзің түсініп, өзің түзете біл - саясатшы даналығы дегеніміз де осы!»

Нұрсұлтан Назарбаев

ӘОЖ 37.017.4

***Б.Ж.Исхан** – ф.ғ.к., доцент,
Б.Р.Оспанова – ф.ғ.к.,
Абай атындағы ҚазҰПУ
Әдебиеттану және тіл білімі
ҒЗИ қызметкерлері*

ЖАСТАРДЫ ОТАНШЫЛДЫҚ РУХТА ТӘРБИЕЛЕУДЕГІ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫҢ МАҢЫЗЫ

Мақалада отаншылдық сана-сезім дегеніміз не, оны қалай түсініп жүрміз деген мәселелер қарастырылып, еліміздің жас ұрпағына отаншылдық тәрбие берудегі ұлттық құндылықтардың маңызы туралы ой-тұжырымдар айтылған.

Түйінді сөздер: *ғылым, тәрбие, рух, сана, сезім, қоғам, қайраткер, патриотизм.*

В статье рассматриваются проблемы интерпретации понятия «патриотизм», обоснована значимость национальных ценностей в патриотическом воспитании.

Ключевые слова: *наука, воспитание, дух, сознание, чувство, общество, деятель, патриотизм.*

The article discusses the problems of interpretation of the term “patriotism”, proved the importance of national values in patriotic education.

Keywords: *science, education, spirit, consciousness, sense, society, figure, patriotism.*

Отанға деген сүйіспеншілік сезім, яғни патриотизм дегеніміз «отан», «атамекен», «ел-жұртқа деген құрмет пен сүйіспеншілік» деген ұлы ұғымдарды қамтитын ұлттық әрі жалпыадамзаттық құндылық екені қазіргі уақытта қалың қауымның көпшілігіне жақсы түсінікті. Бұл сөз – латынның «*patria, respublica*» деген сөзінен қалыптасқан. Отаншылдық (патриоттық) сана-сезім әр адамның бойына, ең әуелі, туып-өскен жерінің сан алуан қадір-қасиетіне деген танымдық, эмоционалдық, рухани, материалдық сияқты т.б. түрлі сезім-түйсігі арқылы қалыптасады. Ол – қоғамдық болмыс пен жеке тұлғаның үздіксіз байланысы, қарым-қатынасы негізінде жетіліп, әр адамның бойында түрлі деңгейде көрініс береді.

Отаншылдық сана-сезім адамзат өміріне тарихи-әлеуметтік ұзақ дамудың

нәтижесінде келген. Адамзаттың алғашқы қауымдасып өмір сүрген дәуірінен бастап, өз жерін, өлкесін, елін, қоғамын, табиғатын сүю, қастерлеп қадірлеу – қоғам мүшелерінің әрқайсына тән сезімдік қасиет болып саналады. Қоғам дамуының әр кезеңдері мен адамзат қоғамының саяси-әлеуметтік жағдайы отаншылдық сезімді өзгеше мазмұнға да айналдырды.

Дегенмен кез келген ұғымның мазмұны таным-түсінікпен тығыз байланысты екенін ескерсек, осыған орай, америкалық саясаттанушы Джордж Катеб патриотизм туралы: «Отаншылдық түсінік өте күшті сезімдік бояуға ие, сол себептен қандай да бір ақылмен пайымдауға қиын икемделеді. Сіз өз Отаныңызды қаншалықты сүйесіз немесе не үшін сүйесіз? Сіз өз Отаныңыз үшін қан майданға барар ма едіңіз?

Шынында да осы сұрақтар оғаш бола тұра, отаншылдық түсініктің сезімдік жағын ескерсек, тек оның бір ғана қарапайым мәселесіне келіп тірелеміз: мемлекет бізден тек оның территориясында туып, өмір сүріп жатқанымыз, бір ұлттың, халықтың, діннің бөлшегіне жататынымыз үшін ғана мүлтіксіз бағынуды талап етуіне қақылы ма?» (ауд. автордікі), – дей келе, Сократтың: «Отан – анаңнан да, әкеңнен де, барлық ата-бабаларыңнан да қымбат, ол бәрінен құрметті, ол бәрінен қасиетті... және оның алдында бас ию керек» [1], – деген сөзін мысалға келтіреді. Сонымен қатар Джордж Катеб осы еңбегінде АҚШ-тың Принстон университетінің профессоры Маурицио Виролидің «Отанға деген махаббат үшін» деген еңбегіндегі патриотизм туралы ой-пікіріне тоқталады. Оның пікірін Сократтың патриотизм туралы айтқандарымен байланыста қарастыра отырып, олардың «Отанға» деген ортақ тұжырымдарын мысалға келтіреді.

Ал Маурицио Вироли өзінің аталған еңбегінде патриотизм мен ұлтшылдық мәселесін салыстыра талдап, отаншылдықтың адамзат өміріндегі түрлі сыр-сипатына тоқталады. Ғалымның пайымдауынша, адамдардың өзінің туып-өскен жеріне деген сүйіспеншілігі сонау көне замандарда пайда болған. Адамзаттың мемлекет болып тұрмыс-тіршілік ету кезінде өмірдің өзі дүниеге әкелген мемлекеттік басқару аппараттары әбден жетілгенге дейін Отанға деген сүйіспеншілік сезім, яғни патриотизм олардың бір-бірлерін түсінісіп, селбелесіп, ынтымақта өмір сүрулеріне қолайлы жағдай туғызған. Осы бір сезім олардың өздері мекен етіп, өмір сүріп жатқан өлкелерін басқалардан жан сала қорғауға итермелейтін ең негізгі себеп те болған. Әсіре ұлтшылдық (нацистік) сана-сезім, оның айтуынша, адамзат дамуының кейінгі дәуірлерінде, ғылым мен техника дамып, қайсыбір елдердің әлеуметтік-экономикалық жағдайлары басқа елдерден өте жоғары болып, өздерінің сол артықшылықтарын

өзгелерге үстемдік ету үшін қолдана бастағанда пайда болыпты [1].

Қазақ ұлтының да ел-жұртқа, атамекенге, туған-туыс, ағайын-бауырға деген сезімдері ерекше жоғары болғанын тарихи жәдігерлер, мәдени-әдеби мұралар, ауызша-жазбаша жеткен әдеби туындылар, халқымыздың көне заманнан бері келе жатса да, онша өзгеріске ұшырай қоймаған қайсыбір салт-жоралғылары мен тұрмыс-салты, әдет-ғұрпы, кешелі-бүгінді өмірден өткен арыстарының үлгілі де өнегелі өмірлері дәлелдейді.

Әлбетте, жалпы қоғамның отансүйгіштік сана-сезімінің жоғары болуына сол қоғамның мемлекеттік саяси-экономикалық құрылысы, әлеуметтік-қоғамдық қарым-қатынасы, тұрмыс-тіршіліктік жағдайы, саяси-қоғамдық ұстанымы, мемлекеттік биліктің өз қарауындағы халқына деген қамқорлығы мен жанашырлығы, жас ұрпаққа білім берушілік, тәлім-тәрбиелік іс-әрекеті ықпал етеді. Осы себептен болар, кезінде қазақ зиялыларының атасы саналған ағартушы ғалым Ахмет Байтұрсынұлы: «Балам деген ел болмаса, елім дейтін ұл қайдан болсын» [2,127], – деп елдің, мемлекеттің өсіп келе жатқан жас ұрпаққа деген қамқорлығына ерекше мән берген еді.

Осыған ұқсас пікірді орыстың танымал жазушысы М.Горький де айтқан екен. Ол: «Ұлы халықтар бар өзінің кішкентай ұлдарын ұлы етіп көрсете алатын, ұлы тұлғалар бар өзінің кішкентай халқын ұлы етіп көрсете алатын» [3, 256], – деп жазады.

Қалай дегенмен бүгінгі ғылыми-технологиялық дамуының арқасында жәһандану үдерісінің аса күшеюі әрбір ұлттық мемлекеттің өз бетінше дамып-өркендеуіне қажетті маңызды мәселелерді алға шығарды. Өзін өзі сақтап қалу тетігін іске қосу маңызды мәселеге айналды. Сол себептен де ел қоғамын отаншылдық рухта тәрбиелеу, отансүйгіштік пен елжандылық қасиеттерді ел жастарының бойына терең дарыту – тәуелсіз еліміздің ең басты мұраттарының бірі болып отыр. Егер біз

еліміздің түрлі ұлт өкілдерінен тұратын қоғамына отаншылдық сана-сезімді дұрыс жеткізе алмасақ, тәуелсіздігіміздің баянды болуы да неғайбыл. Сондықтан да ұлттық құндылықтарды сақтап, елімізде тұратын өзге этностарға оларды таныта отырып, тұтастай елдікті қалыптастыру жолында атқаратын іс-шаралар аз емес.

Бұл мәселені көптеген ұлт өкілдерінен тұратын ел қоғамына, әсіресе, ел жастарына тәлім-тәрбиелік құрал ретінде қолдануда оқу орындарының орны бөлек. Отансүйгіштік, ұлтжандылық тәрбие беру тек үгіт-насихаттық қана жұмыс емес. Ол, негізінен, үгіт-насихаттық аспектіде жүргізіле отырып, тәлім-тәрбиелік зор мәні бар нақты үлгі-өнегелер арқылы да дәлелденіп дәріптелетін, көзге көрінетін деректермен негізделетін дәстүрлі ұлттық құндылықтардың нақты үлгілерінің қатарына жатады. Сондықтан да тұтас ғұмыры мен еңбегі жас ұрпаққа үлгі-өнеге болатын, саналы ғұмырында өз Отаны үшін от кешіп, ұлты үшін ұлағатты істер тындырған ұлтымыздың абзал азаматтарының соңына қалдырған мәдени-әдеби, тарихи мұралары қазақстандық қоғам арасында, әсіресе, жастар арасында нақты іс-шаралар арқылы кең насихатталып, олардың саналарынан берік орын алуы қажет. Қазақстандық жастардың сондай адамдардан, олардың соңына қалдырған мұраларынан ғибрат алып өсулеріне барлық жағдай жасалуы тиіс.

Әлбетте, біз бұны айтып, ел-жұртқа аса танымал өмірден ертеректе немесе жуырда ғана өткен ақын-жазушыларды, ағартушы ғалымдарды, қоғам қайраткерлерін, тарихи тұлғаларды ғана қаперге алып отырған жоқпыз. Бізбен бірге егемен еліміздің күнгейі мен теріскейінде, беткейі мен төскейінде тұрмыс-тіршілік етіп, қазіргі әлеуметтік-экономикалық, қоғамдық-саяси жағдайымыздың қызығы мен қиындығын бізбен қатар көріп, өмір сүріп жатқан басқа да көрнекі тұлғалардың, яғни халық қаһармандарының, еңбек ерлерінің, білім, ғылым, мәдениет, өнер, спорт қай-

раткерлерінің өнегелі өмірлерін де ескеру қажет дегенді қаперге алып отырмыз. Сондай-ақ, бұл істің барынша нәтижелі, барынша тиімді болуы үшін әлеуметтік жағдайы мен экономикасы, білім беруі мен ғылымы, мәдениеті мен сәулеті, әдебиеті мен өнері өркендеген алдыңғы қатарлы елдердің де озық тәжірибесі үнемі ескеріліп отырылуы қажет.

Қазақстандық әрбір азаматтың отансүйгіштік сана-сезімінің жетілуі егемен еліміздің әлеуметтік-экономикалық жақтан қарыштап дамуына тікелей байланысты екені рас. Дегенмен осы бағыттағы өркендеп дамуымыз да ел-жұртымыздың ұлттық ой-санасы, ұлттық таным-түсінігі, ұлттық мақсат-мүддесі, ұлттық намыс-жігері сияқты құндылықтарын бағалап қастерлеу арқылы берік орнығады.

Елбасы да осы мәселеге аса мән беріп, сонау өткен ғасырдың 90-жылдарынан бері қазақстандықтарға және біздің елімізден тысқары басқа жұрттарға да танымал тарихи тұлғалар мен замандастарымыздың атаулы мерейтойларын халықаралық, республикалық деңгейде өткізуге мұрындық болып келеді. Атап айтсақ, ұлтымыздың дана да дара презенті, ұлы Абайдың 150 жылдық мерейтойы Елбасының тікелей басшылық етуімен 1995 жылы ЮНЕСКО деңгейінде аталды. Осы мерейтойда Нұрсұлтан Әбішұлы ұлы Абай туралы мазмұнды да мәнді баяндама жасап, ақынның халқымыз үшін орасан зор рухани мұра қалдырып кеткенін айтып, оның өмірі мен шығармашылығын тамаша ұлықтады және ұлы ақынның рухани мұрасы қазақстандық бүгінгі жастарды елжандылыққа тәрбиелеуде маңызды рөл атқаратынын баса көрсетіп: «Ақыл табылмай тұрып, ештеңе табылмайды. Ол жетілмей тұрып, ар-намыс шыңдалмайды. Ар-намыссыз азамат өзгелердің көсегесі түгілі өзінің көсегесін көгерте алмайды. Онсыз ұлттық сана мен ұлттық намыс та тұл. Онсыз қоғам дамудың даңғыл жолына түсе алмай, үйреншікті үрдістің солғын соқпағынан шыға алмай, заманалар

шырғалаңында басы айналып, дағдарыс хал кешеді. Ондай дағдарыстан шығар жолды тарих пен табиғаттың айрықша пейілі түскен періште ниет, пайғамбар тектес перзенттері ғана сілтеп бере алады.

Абай да сондай балағат заманда ғаламат тәуекелге бара алған ерекше парасат пен ерекше рух иесі. Соның арқасында ол бүгін күллі адамзаттың абыройы аласармас рухани сардарларының біріне айналып отыр. Оны туғызған дәуірді кеңінен қарастырмайынша, одан қалған мұраның тереңіне бойлай алмаймыз» [4].

Иә, рас, ұлы Абайдың баға жетпес мәдени-әдеби мұрасы біздің көркем-эстетикалық талғам-талабымызды ғана қанағаттандырып қоймай, дүниетанымымызды да кеңейтетін рухани азық, баға жетпес асыл қазына болып келеді. Оның шығармаларының өн бойында ұлтты ұлы істер мен ұлы мақсаттарға ұмтылуға шақыратын ұлағатты ой-толғамдар аса мол. Барша қазақтың көңілі ортайып, жанына жұбаныш іздегенде, ой-санасына таяныш тапқысы келгенде, тұрмыс-тіршілігінің оңалуына ақыл-кеңес керек болған кезде ұлы Абай мұраларына жүгінетіні шындық.

Абайдың барлық шығармалары бүкіл адамзатты адамгершілікке, ізгілікке, имандылыққа тәрбиелейтін ғибрат сөздер мен өсиеттерге тұнып тұр. Мәселен, ұлы абыз өзінің 34-ші қара сөзінде: «Адам баласына адам баласының бәрі – дос. Не үшін десен, дүниеде жүргенде туысың, өсуің, тоюың, ашығуың, қайғың, қазан, дене бітімің, шыққан жерің, бармақ жерің бәрі бірдей, ахиретке қарай өлуің, көрге кіруің, шіруің, махшарда сұралуың бірдей, екі дүниенің қайғысына, пәлесіне қаупың, екі дүниенің жақсылығына рахатың бәрі бірдей екен. Бес күндік өмірің бар ма, жоқ па? Бір-біріңе қонақ екенсің, өзің дүниеге де қонақ екенсің, біреудің бағына, малына күндестік қылып, я көрсеқызарлық қылып көз алартыспақ лайық па?» [5,188-189], – деген терең мәнді тұжырымды ой айтады.

Адамгершілік пен имандылықты, мейір-

імділік пен қайырымдылықты, қанағат пен рахымды, саналылық пен іздемпаздықты, еңбекқорлық пен өнерпаздықты бүкіл шығармашылығына арқау еткен ұлы Абайдың поэзиясы мен қара сөздерін ден қойып оқысақ, жастарды ғылым-білімге, еңбекке, қайрат-жігерге, сүйіспеншілікке, ұлттың асыл қасиеттерін қадірлеп-қастерлеуге, ар-ожданның биік болуына шақырған, жас ұрпақты жігерлендіріп, намысын оятатын, олардың бойына адамгершілік қасиеттердің қалыптасуына түрткі болатын жыр жолдарын, ғибратты сөздерін молынан кездестіреміз. Бұл мәселелерді М. Әуезов өзінің «Абай Құнанбаев» деген монографиясында жан-жақты талдап, терең зерттеп-зерделеген болатын [6].

Ойшыл ақын «Адамзаттың бәрін сүй, бауырым деп», – деп өз халқына деген өсиетін айта отыра, үшінші қара сөзінде: «адамның адамшылығы – ақыл, ғылым, жақсы ата, жақсы ана, жақсы құрбы, жақсы ұстаздан болады» деген тұжырым жасайды. Оның өмірлік тәжірибеден алынған мынадай тағы бір данышпандық сөзінде үлкен қорытынды ой жатқаны анық: «Әрбір жалқау кісі – қорқақ, қайратсыз тартады; әрбір қайратсыз қорқақ – мақтаншақ келеді; әрбір мақтаншақ қорқақ – ақылсыз, надан келеді; әрбір ақылсыз надан – арсыз келеді; әрбір арсыз жалқаудан сұрамсақ, өзі тойымсыз, тыйымсыз, өнерсіз, ешкімге достығы жоқ жандар шығады» [5,148]. Ұлы абыздың осы секілді ғибратқа, тәлім-тәрбиеге толы өсиетті ой-толғамдары қазір қазақстандық әрбір білім ошағының тәлім-тәрбиелік тәжірибесінде басшылыққа алынып, өскелең ұрпақтың санасына сіңіріліп келеді.

Ұлы ақынның осы секілді ойларын жастарға жеткізу, оны олардың зерделеріне терең сіңіре отырып, адамгершілік пен ізгілікке, ұлтжандылық пен отансүйгіштікке тәрбиелеу еліміздің қазіргі аға ұрпақтарының қасиетті борышы. Сол себептен де ұлы Абай шығармаларын қазақстандық жас ұрпақ үшін тәлім-тәрбиелік, тағылым-ғибраттық мақсатта әрдайым пайдалана беруіміз қажет.

Әрине, басқа да көптеген танымал ерекше. Еліміздің жастарына заманауи тұлғалардың, отандық ғалымдар мен сапалы білім бере отырып, ұлттық ақын-жазушылардың, мәдениет, өнер, құндылықтарды қастерлеп бағалауға спорт қайраткерлерінің өнегелі өмірі үйретуде, адамгершілікке баулуда ерекше мен ерен еңбектерінің де мән-мазмұны рөлі атқаратыны даусыз.

Әдебиеттер

- 1 Viroli M. For love of country: An essay on patriotism and nationalism. – Oxford: Clarendon press., 1995. <http://window.edu.ru>
- 2 Байтұрсынұлы А. Тіл тағылымы. – Алматы: Ана тілі, 1992 жыл.
- 3 Горький М. Очерки и рассказы. – Москва: Просвещение, 1990 г.
- 4 Назарбаев Н.Ә. Абай туралы сөз. – Алматы: Рауан, 1995 жыл.
- 5 Абай Құнанбаев. Шығармалар. Екі томдық. II том. – Алматы: Жазушы, 1993 жыл.
- 6 Әуезов М.О. Абай Құнанбаев. – Алматы: Жазушы, 1967 жыл.

ӘОЖ 37.01:355.233.231.1

3. Құламанова

М.Х.Дулати атындағы ТарМУ

«ОТАН, ОТАН! БӘРІНЕН ҚЫМБАТ ЕКЕН, МЕН ОНЫ МӘңГІЛІККЕ СҮЙІП ӨТЕМ!»

Бұл мақалада ұлттық құндылықтарымыздың негізі болып саналатын: Отан және қоғам ұлттық жетістіктеріміз мәселелері қамтылған.

Түйінді сөздер: *патриоттық сезім, Отан, қоғам, туған жер, этнос, халық, тарих, мәдениет.*

Данная статья рассматривает национальные ценности: Родина, общество и национальное достояние.

Ключевые слова: *патриотическое чувство, родина, общество, этнос, народ, история, культура.*

The data article considers the national valuables: Motherland, society and the national achievement.

Keywords: *patriotic sense, motherland, society, ethnos, people, history, culture.*

Елбасы бізге өзінің биылғы «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» ҚР Президентінің Қазақстан халқына Жолдауында: «Қазақстан – біздің қасиетті мекеніміз». «Кейінгі ұрпақ осынау қастерлі өлкеде өмір сүріп, өркен жаятын болады».

«Қазақстан - қазіргі заманғы мемлекет. Біздің мемлекетіміз кемелдікке жетті. Сондықтан да бүгінгі күн тәртібі мемлекеттің қалыптасуы кезеңіндегіден өзгеше.

«Біз қайда бара жатырмыз?

Қазақстан 2050 жылға қарай әлемнің ең дамыған отыз елінің қатарында болуға

тиіс. Дамушы елдер арасында осы клубтағы орынға бәсекелестік қатал болмақ [1], - деді. Осы игі мақсаттарды іске асыру барысында, біз, тәрбиелеп отырған жас ұрпақ бойында Отанға деген патриотизмді терең қалыптастырамыз. Жастар бойында оны терең, жан-жақты түсіне білудің, қадір-қасиеттерін дамытудағы тәрбие құралдарын өз тәжірибемізде үнемі қолданамыз. Осы орайда Отан туралы мына өлең жолдары ойыма еріксіз орала түсті.

Отан - Ана.

Отан - нұр.

Отан - тарих.

Отан - тіл.

Отан - намыс,

Отан - жыр.

Отан - қоғам, болмысым.

Отан - сана, жігерім.

Отан -бақыт, ғұмырым.

Отан - білім, ғылымым,

Отан - менің байлығым,

Отан- арым, намысым,

Өмірдегі бар ісім!

Отан- әнім, гүлімсің,

Жарқыраған күнімсің.

Отан - достық, мекенім,

Отан - ерлік, батырым,

Отан - салтым, дәстүрім,

Отан - мақсат, мұратым,

Отан - мәңгі сақталған жүректегі жан сырым! [Қ.З.].

Осы өлеңнің әрбір жолдары арқылы біз жастарымызды Отандық патриотизм, Отанды мәңгілікке сүйеге, қастерлеуге үйрету, сондай-ақ Отан туралы ұлттық танымдық көріністер мен болашақ ұрпақты тәрбиелеуге қатысты оның алатын орны мен рөлін анықтау мақсатында Сіз бен біз, әсіресе, жастарымызға тәлім-тәрбие беру барысында сүбелі еңбек етуіміз қажет.

Отан туралы ұлттық таным көріністерінің бейнеленуі мен оның тәрбиелік мәнін студент жастардың бойына сіңіруде олардың алдымен, Отан туралы түсініктерін біліп аламыз. Отанның қаншалықты қымбат екендігі, оның қай нәрседен болмасын биік

тұратындығын тілге тиек етеміз. Отан- Ана, Отан-тіл. Отан – бақыт, Отан-гүл. Отан – бақыт, ғұмырым... Тәрбие сағатында Отан жайлы айтылған теңеулердің мән-мағынасына талдау жасаймыз. Осы арқылы студенттердің сана-сезімі мен түсінігін арттырамыз, жаңа идея, ой, пікір қалыптасады. Отанға деген құштарлық, қымбат сезім, махаббат, ыстық ықылас арта түседі.

Мәселен, Отан – бақыт, ғұмырым. «Адамның толық бақытты болуы үшін, аяулы Отаны болу керек», - деп жазушы Кеосский айтқандай әр адам өз туған елімен сүйікті Отанымен бақытты бола алады. Туған елінде өз Отанында туып-өскен әр перзент өзін бақытты санауы қажет. Адал перзенттері үшін туған жерден ыстық, сүйікті, қасиетті, киелі ештеңе жоқ. Бұл – халқымыздың қанына біткен имандай сенімі. Елдің салт-дәстүрінен, ырымынан соның жан тебіренертер мысалдары көптеп табылады.

Отан - әнім, гүлімсің, Жарқыраған күнімсің. Отан-адамның түп-тұқианы, ата-бабаларынан бері қарай кіндік қаны тамып, өсіп-өніп келе жатқан жері. Сондықтан қай елдің адамы болсын, өз Отанын дүниедегі ең қымбаты, ең қасиеттісі, ең аяулысы-ананы балайды. Отан ұғымы адамның адамдық мінезімен, ізгілігімен, сезімімен, парасатымен байланысты.Отан - белгілі бір адам үшін оның өзінің елі ғасырлар бойы ғұмыр кешіп және солай болып қалуы үшін, жанын пида қып күресіп келе жатқан байтақ өмір, өлке ғана емес, туған шаңырағы, ата-ана, бала-шағасы, жар қосағы, ағайын-туыс солармен бірге жалғаннан көретін қызығы мен бақытының тұрағы, өлгеннен кейін де, ұрпақтарына рухы жар болып жататын топырағы.

Отан – мақсат-мұратым! Отан... Ата-мекен... Атажұрт... Бұл қай құлаққа да асқақ естілер асыл ұғымдар. Осы ұғымдарды бойына сіңдіре білген әрбір жас мақтауға лайықты. Л.Толстой айтқандай: «Отаншылдық – ең ізгі сезім». Ал отаншыл адам – Отанның абыройы үстем болу

жолында, өз халқына деген сүйіспеншілігі жолында қолда барын, өмірін аямайтын жан.

«Мақсатсыз адам – қанатсыз құспен тең». Әрбір адам болашаққа мақсат қоя отырып, елінің игілі жолында, Отанын көркейту мақсатында еңбек етуі тиіс. Отанға үлкен сүйіспеншілікпен қарау кез-келген азаматтың парызы болып табылады.

«Отан – ерлік, батырым». Ал біздің халқымызда атамекенді ардақтау сезімі өте терең. Халқымыздың басынан қандай қиын кезеңдер өткенде де ата-бабаларымыз елімізді сыртқы жаудан қорғай білген. Өз елі үшін жанын да, барын да аямаған. Халқымыздың осы бір қасиеті жанымызға ана сүтімен тарап, ана тілімен дарып, ақ нанымен бекуі тиіс. Өйткені Отан біз үшін оттан да ыстық.

Ел тағдырын өз тағдырынан биік қойған, ұлтының тұтастығын, жерінің бүтіндігін мұрат еткен қазақ батырлары қазақ тарихының әр белесінде тұлғалық деңгейге көтеріліп отырған. Яғни олар ұлттық тұлға болған. Осы ұлттық тұлға биігіне кімдер көтеріле алған? Осы биік азаматтық мәртебеге, халықтық бағаға кімдер лайықты болған? Және қандай істері арқылы осындай дәрежеге жеткен?

Отан – тіл. Адамға екі нәрсе тірек тегі. Бірі-тіл, бірі-ділің жүректегі – деп Баласағұн бабамыз айтқандай, кез – келген мемлекеттің тірегі - ана тілі. Ана тіліміз-қазақ тілі. Халық бар жерде тіл бар. Тіл бар жерде өнер бар. Өнер бар жерде жанкүйер бар. Әр халықтың ана тілі оның бақыты, оның қуанышы. Тіл - әр халықтың ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан қасиетті құралы. Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік тіл - қазақ тілінің қазіргі жай-күйі. Бабалар тілі бізге әрқашанда аманат. «Қазақ тілі жаппай қолданыс тіліне айналып, шын мәніндегі мемлекеттік тіл мәртебесіне көтерілгенде, біз елімізді **ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТІ** деп атайтын боламыз» [1].

Отаным - арым. Қазақ тілім жаным дейтін жастар барда, қазақ тілі де, қазақ елі де жасай бермек. Отанды сүю тілді

құрметтеуден басталады. Әр ұлттың жан-дүниесі, болмысы, дүниетанымы оның жасаған материалдық және рухани байлығы арқылы көрінеді. Өшпес байлықты жеткізуші – тіл. Тілін жоғалтқан халық өз тамырынан, тарихынан, ұлт ретіндегі бет - бейнесінен айырылады. Әр ұлт өз тілін, тілмен бірге ұлттық тарихын, мәдениетін, ұлттық ерекшелігі мен қасиетін сақтау - сөмірлік қағида.

Отан - қоғам, болмысым. Бір елдің болашағын көргің келсе, сол елдің қазіргі жастарына қара, - деген екен бір ғұлама. Қазіргі ұрпақ еліміздің жарқын болашағы, жанашыры және иесі. «Отан-отбасынан басталады» деген жақсы сөз бар халқымызда. Жастар тәрбиесі мен білім беру ісінде Отан мен қоғамның қосар үлесі ұшан-теңіз. Ал тәрбиені жастарға беретін Отан, қоғам және отбасы.

Қоғам - адамдар жиынтығы, өз қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатында, олардың мінез-құлқын анықтайтын ерекше әлеуметтік құндылықтар мен нормалардың болуымен, тұрақтылық пен тұтастықтың өзін-өзі дамытудың болуымен сипатталатын адамдардың тарихи қалыптасқан өзара байланыс формаларына бірігуі.

Отан мен қоғам - бір-бірімен байланысты, ықпалдас әлеуметтік құбылыстар мен процесстер жиынтығынан тұратын біртұтас әлеуметтік жүйе.

Отан десе бойды ұлттық намыс кернеп, өмірінен арын биік ұстаған еліміз жұмыла түседі. «Отан» деп қалам тартпаған ақын жоқтың қасы.

«Отанның намысы үшін оттан қашпа,
Шын сүйсең мақсатыңнан қия баспа.
Тайсалма, бар, Отанның құрбаны бол,
Өмірің орынсыз боп кетпес босқа .
О, дариға, алтын бесік-туған жер,
Қадіріңді келсем білмей кеше гөр!»
Отан!

Қайсар ар-намысым, жайсаң іңкәр шаппағым

Перзентке жүктеген қорғанысын,
Сен намыстың ну қалың орманысың.

Сол үшін шыннан заңғар атағың
Тұлғасына табындырған,
Алыс жүрсем сабылтып, сағындырған,
Менің ұлы әкем сенсің, Отаным!- деп
Мұхтар Шаханов жырлайды [2].

Отан-арым, намысым, Өмірдегі бар ісім.
Отан-сана, жігерім. «Опасызда Отан жоқ».
«Жігерсіз сөз жүрекке жетпейді». Жеке
тәжірибе-ұлыс, олсанадәтереңіқалдырады.
Бұл әрбір ұлт, этнос арқылы іске асады.
Этностың ақыл – ой, дүниетанымының,
өмір сүру тәсілінің жемісі – материалдық
және рухани мәдениеті, тарихы. Ұлт,
этнос болмысын, материалдық та, рухани
да мәдениетін – салт-дәстүр, әдет-ғұрып,
тұрмыс-тіршіліктегі шаруашылық пен
кәсіп, дүниетанымдағы этномәдени мұралар
(фольклор, этнография, ономастика т.б.)
құраса, оны тіл деректері арқылы сөйлейтін
тіл ғылымындағы бағыт – этнолингвистика.
Этнос болмысы – мазмұны кең, терең
ұғым. Сондықтан этнолингвистикалық
зерттеулердің де шеңбері кеңейіп, этнос
табиғатын танытатын ғылым салаларымен
байланысы нығаюмен қатар, этнос
болмысын мәдени байлықтары тұрғысы-
нан ашатын лингвомәдениеттану тәрізді
ғылым саласының өмірге келуіне себеп
болды. Ғылымда этнолингвистикасының
синкреттігі, оны кең және тар көлемде
қарастыру туралы көзқарас орнықты. Этнос-
өзінің өмір тұтқасына тән қасиеттерін сезіне
білген, тілінің тұтастығын мойындаған,
белгілі тарихи дәуірде, белгілі өлкеде
қалыптасқан, дамып жетілген қауым.
Этнос ұғымы семантикасында этнос
дәрежесіне жету жол ұзақ, сол жолдардың
тарамдарында, асу бермес биіктері мен
өткел бермес толқындарында этностың
тыныс-тіршілігі, өмір салты, мәдениетінің,
тарихының бастауы, жетілу тәсілдері,
деректері жатыр, ол негізінен этнос айнасы
- тіл (салт-дәстүр) арқылы заманнан заманға
жалғасып өрнектеледі.

Отан – салтым, дәстүрім, әдет-ғұрпым.
«Ақ түйенің қарны жарылған» заманда, бұл
күндері халық ішіндегі жас ерекшелігіне

қарай қалыптасқан дәстүрлі ілтипат, ізеттер
ұлғаяды. Белгілі бір қоғамдық-әлеуметтік
ортада пайда болып, оның мүшелері-
нің мінез-құлқының, тұрмыс-тіршілігінің
бұлжымас қағидаларына айналған жөн-
жосық, жол-жоралғысы - әдет-ғұрып [4].
М.Шолохов: «...Қазақтардың мәдениетіне,
тіліне және әдет-ғұрыптарына қатты
қызығамын, Қазақстан менің екінші Отаным
болып алды» деп жазады.

Әдет-ғұрып жосындары - байырғыдан
келе жатқан қазақ қоғамындағы ерекше
мәдени құбылыс болып табылатын дәстүрлі
құқықтық жүйе, әдет-ғұрып нормалары.
Күрделі де тұтас мәдени құбылыстардың бір
қыры ретінде қарастырылатын әдет-ғұрып
жосындарының маңызы әрқилы тарихи даму
кезендерінде әркелкі болған [5. ҚҰЭ]. Әдет-
ғұрып жосындарынан айырмашылығы; олар
дәстүрлі тұрмыс-тіршіліктің өзінен туындап,
халықтың өмір салтына бірден «құқықтың
болмыс», «құқықтық шындық» ретінде
енген, арнайы құқық түзушілік қызметті
қажетсінбей, оған тәуелсіз жүйе [5. ҚҰЭ].

Ұлттық салт-дәстүріміз, әдет-ғұрпы-
мыздың мән-маңызын бағамдап, зерделеп,
озығына сүйеніп, қал-қадірімізше таза
ұстағанымыз жөн.

Отан – бақыт, ғұмырым. Адамның толық
бақытты болу үшін, аяулы Отаны болу керек
- жазушы Кеосский айтқандай әр адам өз
туған елімен сүйікті Отанымен бақытты
бола алады. Туған елінде өз Отанында
туып-өскен әр перзент өзін бақытты санауы
қажет. Адал перзенттері үшін туған жерден
ыстық, сүйікті, қасиетті, киелі ештеңе жоқ.
Бұл – халқымыздың қанына біткен имандай
сенімі. Елдің салт-дәстүрінен, ырымынан
соның жан тебіренер мысалдары көптеп
табылады.

Отан – жыр. Кез-келген ақын өзінің
Отанын, Атамекенін жыр қылмай қоймаған!
Оның дәлелі ақиық ақын М.Мақатаев мына
жыр шумақтарынан байқаймыз: «Тарихтан
белгілі, Мен оны қайталап жатпаймын.
Қуантқан жарлыны, шерліні, Отаным,
Қазақстанды мәңгілік мақтаймын! Тарихтан

белгілі, Тарих сұңғыла қария, ...Кез-келген ел жыры, ел мұңы, Секілді тасыған дария. Отаным – достықтың Отаны, Мен саған ерікті мүшемін. ...Ей, қазақ, Аттан түс, қонақта! Жақының жат емес басқа бұл, Қасиетті жерім де, елім де, Халықтар мәңгілік дос-бауыр» [3].

Отан - менің байлығым. «Отансыз адам, ормансыз бұлбұл», -демекші, кез келген адамның кіндік қаны тамған атамекені, дүниенің бар байлығынан артық елі болады. Сол байлық-Отан.

Дүниеде қаншама байлық бар. Соның ішінде ең сезімге толған Отан. Отан деген сөздің өзінде байлық, сарқырай аққан судай тасып, Сарыарқаның жарық даласындағы сұлбалардай тайға таңба басып тұр. Бәлкім теңіз түбіндегі маржанды дүниенің бар ақшасына алармыз, алайда Отан байлығын сатып алмаймыз.

Отан-мәңгі сақталған жүректегі жан сырым. Отан-халықтың өткені мен бүгіні және келешегі. Ол-оның өзіндік мәдениеті, оның тілі, оның мінез-құлқы, ол-халық жасайтын революциялардың, оның тарихи желілерінің тізбегі. Отан адамға өмір сүру қуанышын, өзінің күшіне деген сенім, елі үшін мақтаныш сезімін сыйлайды. Ежелгі заман ойшылы, әйгілі шешен Цицерон: “сүйіспеншілік туралы барлық түсініктеріміз “Отан” деген бір ғана сөзге біріккен”, - дейді. Біздің халқымыздың атамекенді ардақтау сезімі өте терең, олар үшін туған жерді қасиет тұту -қанға сіңген мінез, ежелгі дәстүр. Бұл таным біздің жанымызға ана сүтімен тараған, ана тілімен дарыған, ақ нанымен бекіген.

“Егер Отан сыңсыған орман болса,

Жапырақ боп жаралмасқын терегіне”, - деп ақиық ақын Мұқағали жырлағандай Отан біздің ғұмырымыз, жүректегі жан сырымыз.

Адамдардың атамекен мен жан дүние жақындығының қаншалықты терең тамырлы әрі мәңгілік екенін айтып жеткізу мүмкін емес. Отанды шексіз сүйіп, ардақтауға қоса, оны жауларынан жан аямай қорғау-әр перзентінің парызы, міндеті де.

Өмір-мен үшін қымбат, ал Отанға деген махаббат өмірден де қымбат, бірақ елімнің еркіндігі мен азаттығы үшін, Отаным үшін қажет болса, екеуін де құрбан етуге бармын.

Осы ойымызды Елбасының сөздерімен ұштастырар болсақ, ол өз сөзінде «Болашаққа деген сенім болмаса, толыққанды мемлекет құруға болмайды. Мемлекет пен азаматтың мақсаттары барлық бағыттар бойынша сәйкес келуі өмірлік тұрғыдан маңызды. Мемлекеттің басты міндеті де осы».

«Ал **кейінгі толқын жастарға** айтарым: Сендер – болашаққа деген үкілі үмітіміздің тірегісіңдер.

Біздің бүгінгі атқарып жатқан қыруар шаруаларымыз тек сендер үшін жасалуда.

Сендер тәуелсіз Қазақ елінің перзенттерісіңдер.

Тәуелсіз елде туып, тәуелсіз елде тәрбие алдыңдар.

Сендердің **азат ойларың мен кемел білімдерің** – елімізді қазір бізге көз жетпес алыста, қол жетпес қиянда көрінетін тың мақсаттарға апаратын **қүдіретті күш**.

Мен **барша халқымды** жарқын болашаққа жол бастайтын адамзат баласының мәңгілік құндылықтары – ерік-жігер мен еңбексүйгіштік, максаткерлік қасиеттерді бойға сіңіруге шақырамын» және «Қазақстан патриотизмінің **іргетасы – барлық азаматтардың тең құқылығы және олардың** Отан намысы алдындағы **жалпы жауапкершілігі**» [1], - деді. Сондықтан да қорыта айтсақ: «Отан – мақсат, мұратым, Отан – мәңгі сақталған жүректегі жан сырым!».

Әдебиеттер

- 1 Назарбаев Н. «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» ҚР Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы. – Астана, 2012.
- 2 Шаханов М. Шығармалар жинағы. – Алматы, 2008.
- 3 Мақатаев М. Шығармалар жинағы. – Алматы, 2009.
- 4 Қазақ халқының дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары. 1том Біртұтастығы және ерекшелігі. Тарих және этнография. – Алматы: Арыс, 2005 ж.
- 5 Қазақ ұлттық энциклопедиясы. 1-3том. – Алматы, 2000.

ӘОЖ 784. 92193:37.01

А.Қ. Утепова

*М.Х. Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университеті
«Мәдениет және өнер» кафедрасының оқытушысы*

ҰЛТЖАНДЫЛЫҚ – ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕНІҢ БАСТАУЫ

Мақала қазақ даласының мәдениеті мен кеңестік заманнан бастау алған ұлтжандылық қасиеттерден басталады. Бүгінгі таңда жас ұрпақты өз халқының тарихын, тегін, салт-дәстүрін, тілін, білімін меңгерген мәдениетті, адами қасиеті мол, шығармашыл тұлға етіп тәрбиелеу – өмір талабы, қоғам қажеттілігі. Еліміздің жарқын болашағы тәрбиелі, өнегелі жастар демекші. Қазаққа тән ұлтжандылық, патриоттық сезімнің алау оты- туған жер. Бұған лайықты тәрбие - арнайы ұйымдастырылған және саналы жүргізілетін педагогикалық қызметті қажет етеді. Осы ретте, мақала шетел ғалымдарының ой толғаныстарынан басталып, тәрбиенің мән-мағынасына тоқталады.

Түйінді сөздер: *ұлттық тәрбие, қасиет, ұлтжандылық, ғылым, білім, мәдениет.*

Научная статья посвящена анализу патриотических качеств, в свои истоках восходящих к культуре казахской степи и советской эпохе. Вместе с тем, в статье предложена конкретная классификация характерных для воспитательного процесса казахского народа патриотических чувств, чувства любви к Родине на научной основе. Светлое будущее нашего народа - это воспитанная, образцовая молодежь. Источником патриотизма, чувства любви к Родине, характерным для казахского народа является родная земля. В данной работе отображены основные направления современной педагогики, с учетом особенностей национального воспитания казахского народа.

Ключевые слова: *национальное воспитание, качество, патриотизм, наука, знание, культура.*

The scientific article is devoted to analysis of the patriotic qualities in its origins dating back to the culture of the Kazakh steppe and the Soviet era. However, the article proposed a specific classification specific to the educational process of the Kazakh people of patriotic feelings, the feelings of love for the country on a scientific basis. Bright future of our nation - is brought up, a model youth. The source of patriotism and love for the motherland, characteristic of the Kazakh people is the native land. This paper displays the major trends of modern pedagogy, having regard to national education of the Kazakh people.

Keywords: *national education, quality, patriotism, science, knowledge, culture.*

Шыны керек, кеңестік кезеңде қазақ ұлты туралы қоғамда қым-қиғаш пікір күшпен қалыптастырылды. Ал қазақ болса – ежелден-ақ өз жері мен елінде ру-тайпа болып қалыптасқан байырғы халықтың, қала берді ұлттың бірі. Соған орай тілі мен мәдениеті дамыған. Оған көне тарих куә болар айғақтар толып жатыр. Мәселен қа-

шанда ақиқаттан аттамайтын, арабтың орта ғасырлық жиһанкездері: Ахмед ибн Фадлан, Әл-Маруазилер қыпшақ даласындағы найман, керей, жалайыр, арғын руларында болып, жақын танысқанда олардың өзін-өзі «қазақ» деп атайтынын сөз етеді және осы жағдаятты соңына жазып, қалдырып кеткен. Олардың пайымдауы бойынша, әр тайпаның

атам заманнан бері қалыптасқан қыстауы мен жазғы жайлауы болған. Оларға ешкім де қол сұға алмапты. Бәрін де қазақтар қызғыштай қорғаған. Міне, сол дәстүрдің тамтығы ғасырдан ғасырға жалғасып, біздің заманымызға дейін жетті. Сондай қайсарлық пен қажырлылықтың арқасында сақталып қалған Қазақ елі – жерінің көлемі жөнінен әлемде тоғызыншы орында. Міне, осыны қазақтың әрі ұлтжандылығы, әрі ұлылығы дер едім.

Ал енді осындай мінез, тәрбие қасиет қазіргі заманда бар ма? Бұл әсіресе бала тәрбиесіне бесігінен назар аударып, біршама зерттеулер мен еңбекті қажет етеді. Педагогикадағы ғылыми тұжырымдарға қарасақ, адам баласының дамуы тәрбие ісінің проблемалары.

Тәрбиенің негізгі мақсаты жеке адамды қалыптастыру және оның жан-жақты толыққанды дамуын қамтамасыз ету. Ал бұл міндеттердің табысты шешімін беру жеке адамның дамуы қалай өтетіні және оның қалыптасуына қандай жағдаяттар ықпал ететінін білумен байланысты.

Педагогика, тәрбие үшін мәнді мәселенің бірі “жеке адам” түсінігінің өзін айқындап алу. Шынында да тәрбие аясы “жеке адам” нені білдіреді? Бұл түсініктің “адам” түсінігімен арақатынасы қандай? Бұл сұрақтардың жауабын генетикалық тұрғыдан берген жөн.

Ең алдымен ескертетін жәйт: адамның дамуында бір-біріне байланысты екі өзек байқалады, оның бірі -биологиялық екіншісі - әлеуметтік. Осы бағыттар адамның дүниеге келген күнінен бастап оның дамуы мен қалыптасуында көрініс бере бастайды. Адам туылғанда тек биологиялық тіршілік иесі болып танылады, жеке тұлғалыққа жету әлі ерте. Биологиялық нышандар мен қасиеттердің дамуы адамның, өмір бойы мүшелік пісіп жетілуі және қалыптасуы процесінің сипатын көрсетіп отырады. Адамның биологиялық кемелдену және өзгеру процесі, оның дамуының жастық сатылары мен мінез-құлығында көрініп, осыдан балалық жасөспірімділік, ер-

есектік және қариялық табиғи бітістерін ажыратамыз.

Бірақ адамның табиғи дамуы көпсанды әрі сан алуан әлеуметтік салалар мен қасиеттерді қабылдауымен тығыз байланыста бірге дамып барады, бұл адамды қоғамдық тіршілік иесі ретінде сипаттайды. Мысалы, нәрестенің жақын адамдарды танып, күлімсіреуі, кейін тілге келуі жүру қабілетін игеруі, үйдегі және көпшілік арасындағы қалыптары, еңбектеуі және т.б. Өсе келе ол білім игереді, моральдық қалыптар мен ерекшеліктерді орындайды, әртүрлі жұмыс істеуге ептіліктер мен дағдыларды қалыптастырады және олардың барлығы да өмір барысында адамда пайда болып, дамып отырады.

Сонымен, адам баласы тұлға ретінде өмір сүру барысында өзінің қоғамдық мәнін сипаттайтын көптеген әлеуметтік сапалар мен қасиеттерді қалыптастырады әрі дамытады. Міне осыдан, ол ғылымда биоәлеуметтік тұлға, субъект, яғни тарихи-қоғамдық қызмет пен таным иесі деп танылады. Демек, “адам” түсінігі осыдан биологиялық және әлеуметтік (қоғамдық) сапа мен қасиеттердің бірлігін білдіреді.

Ал “жеке адам” түсінігін алатын болсақ, ол тек қана әлеуметтік сапа мен қасиеттерді игерген тұлғаны танумен байланысты. Бұл тұлға қоғамдық тіршілік иесі сипатында көрініп, тіл игеруі, санасы, әртүрлі әдеттерімен ерекшелінеді. Жеке адамдық қасиетке ие болу, оның табиғи, биологиялық болмысына емес, қоғамдық қасиеттерге тікелей байланысты. Сонымен “жеке адам” дегеніміз адамның қоғамдық сипатын танытып, оның өмір барысында өзіне топтаған әлеуметтік сапалар мен қасиеттер жиынтығын білдіреді.

Жеке адамдық сапалар өмір барысында қалыптасқандықтан, олар біреулерде айқын көрініп, басқаларда күңгірттеу болады. Олай болса, жеке адамдық дәреже деңгейін қалай білеміз және оның өлшемдері қандай деген сұрақтар туындайтыны сөзсіз.

С.Л.Рубинштейннің зерттеуі бойынша

жеке адам өз қылығы мен іс-әрекетін саналы басқаруға мүмкіндік беретін психикалық даму деңгейімен сипатталады, яғни өз әрекетін ойластыра біліп, жауапкершілікті сезіну қабілетінің болуы: өз бетінше дербес іс-әрекетін жасай білуі - жеке адамның мәнді белгілері [1].

Жеке адамдықтың критерийлерін (өлшемін) белгілеумен В.П.Тугаринов бұл түсінікті адамның жастық әрі психикалық кемелденуімен байланыстырады [3]. Егер жеке адам өз сапа және іс-әрекетін қоғамдық прогресс бағытымен ойластыра алса, өз бойына игерген сапа мен қасиеттерді неғұрлым айқын көрсете алса, өз іс-әрекетіне ерекше жасампаздық сипат бере алса, оның құндылығы арта түседі. Бұл тұрғыдан “адам” және “жеке адам” түсіктерінің сипаттамасы “даралық” түсінігімен толықтырылады.

Даралық бір адамның екіншісіне ұқсаймайтын, өзіндік ерекшелігі мен өзгешелігін сипаттайды. Даралық әдетте, мінез бен темпераменттің айрықша бітістері (салмақты, сабырлы), шығармашылық іс-әрекет және қабілетінің ерекшеліктерінің (ойлап тапқыш. ұқыпты, өзіндік көріністерімен бөлектенеді.

Аталғандар сияқты мұғалімнің де даралық белгілері оның терең білімдарлығында, педагогикалық ой-өрісінде, балаларға жайлылығы мен еңбектегі жасампаздығында танылуы мүмкін. Даралық түсінігі бір адамды екіншіден айырып, оған өзіндік қайталанбас сән беретін жалпылық және жалқылық қасиеттерді білдіреді.

Адамның қоғамдық тіршілік иесі сипатының толықтығы үшін “индивид” түсінігін де білген жөн. Бұл латын сөзі қазақша “жекелік” дегенді білдіреді. Түсінік ретінде одан адамзат тегінің әрбір бөлек өкілін, оның сапа-қасиеттеріне қатысынан. Бұл тұрғыдан әрбір ақыл-есі дұрыс адам “индивид” бола алады. “Жеке адам” түсінігінің және онымен байланысты ғылыми категориялардың мәні міне осындай.

Ал жеке адамдық сапалар адамның өмір барысында дамуы және қалыптасуынан педагогика үшін “даму” және “қалыптасу”

категорияларының мәнін ашып беру өз алдына маңызды. Сонымен бұл түсініктер нені білдіреді?

Даму - бұл жеке адам сапалары мен қасиеттеріндегі сандық өзгерістер жүйесі. Адамның туған күннен бастап дене құрылымы мен әртүрлі мүшелері ұлғаяды. Ол сөйлей бастайды, сөздік қоры молая түседі; көптеген әлеуметтік-тұрмыстық және рухани ептіліктер мен еңбектік дағды және әдеттерді игереді. Бірақ адамның жеке адам болып дамуындағы басты белгі, ондағы сапалық өзгерістер. Оны мына мысалдардан түсінуге болады: тілдік қызметтің жіктелуі адамның танымдық қабілетін арттырады, сезімдік аймағын кеңейтеді. Танымдық қызмет барысында абстракт ойлау, логикалық ес дамиды, өмірге деген көзқарас пен наным-сенімдер орнығады. Еліктеушілік мінез-құлық бірте-бірте белсенді - жасампаз, шығармашылық ауысады, өз қылық-әрекетін басқара алу мен өзіндік билік қабілеті көркейеді. Бұл өзгерістердің бәрінен адамның анатомиялық-физиологиялық кемелденуіндегі, жүйке жүйесі мен психикасының және танымдық пен шығармашылық іс-әрекетінің жетілуіндегі, дүниетанымдық, имандылық, қоғамдық-саяси көзқарастары мен нанымдарындағы бір-біріне кіріге байланысқан сандық және сапалық өзгерістер үрдісін білеміз.

Қалыптасу түсінігіне келетін болсақ, ол жеке адам дамуының, нәтижесі ретінде оның кемелденуі мен тұрақты сапалар мен қасиеттерді иемденуін білдіреді. Мінеки, бұл адам баласының даму процесі күрделі, бірте бірте қалыптасып, дамиды құбылыс. Бұдан келіп түсетін сұрақ, ал тәрбие үрдісі қалай болмақ, қазақ даласы тәрбиеге мән беріп, ғылыми тұрғыда түсінік беріп откенді жөн көрдім.

Тәрбие заңдылықтары туралы түсінік К. Д. Ушинский ескерткендей, тәрбие заңдылықтарын ғылыми тұрғыдан тану өте қажет [4]. Себебі, оның айтуынша, педагогикалық ережелерді қара дүрсін жаттау ешбір пайда бермейді. Сол ережелерді туындататын

ғылыми негіздерді зерттеу міндетті іс. Ұлы педагогтың кеңесі: басқарылуы қажет болған психикалық құбылыстардың заңдарын ашып, өз іс-әрекетінді сол заңдарға және оларды қолданатын жағдайларға орайластырған жөн. Тәрбиенің астарлы терең заңдылықтарын білместен, оны жетілдіруге ұмтылудың өзі бос әрекет, өмір шындығы заңдылықтары мен жеке адамның дамуы және кемелденуіндегі қайшылықтарды тану ғана белгілі бір дәуір тәрбиесіндегі күнделікті шараларды іске асырудың және сол процесті ғылыми тұрғыдан басқарудың теориялық-әдіснамалық негізін бере алады. Міне біз даму, сапа және терең ой толғаныстарды жан –жақты бақыладық. Небір әдемі, әдеби сөздер, пайымдауларды, ұлы ғалымдардың еңбектерінен мысал келтірілді. Мемлекет-жастар үшін ұлы қорған, ғаламат көлемді дүние, әрине сауатты болашақты, дарынды ұрпақты қажет етеді.

Қорыта келгенде көздеген мақсат

та, ойлаған ойларымыз да бір ел, бір тағдыр демекші, ұйыған отбасымыздай мемлекетіміздің жастары беделді, патриотты, ұлтжанды болып өсуіне, тәрбиеленуіне сенімдімін. Бұл ғылыми тұрғыда қарастырылған ой, тұжырым әрине көптеген мәселелерге көз жүгіртіп қоймай әлі де қомақты еңбекті қажет етеді. Қазақ елінің болашағы жарқын, ұлтжанды, өнегелі ұлт екендігі жоғарыда айтып өткендей ғасырдан ғасырға жалғасын табады деген оймен, жастарға жалынды рух, қайсарлы жүрек, отты, жігерлі мінез қанымен келіп, одан әрі осындай педагогикалық тәрбие үрдісімен шындалса нұр үстіне нұр болар. Міне, осыны қазақтың әрі ұлтжанды, әрі ұлы қайсар болашағы мол халық деп білем. Бүгінгі таңда жас ұрпақты өз халқының тарихын, тегін, салт-дәстүрін, тілін, білімін меңгерген мәдениетті, адами қасиеті мол, шығармашыл тұлға етіп тәрбиелеу – өмір талабы, қоғам қажеттілігі.

Әдебиеттер

- 1 Рубинштейн С.Л. Основы общей психологии. – Издательство: Питер, 2002. - 720 с.
- 2 Балаубаева Б.М. Жақсының аты, ғалымның хаты өлмейді // Айқын. – 2013. – №91
- 3 Педагогика / под ред. В.А.Сластенина и др. – М., 2002. – 566 с.
- 4 Подласый И.П. Педагогика. В 2-х кн. Кн.1. – М., 2002. - 573 с.
- 5 Қоянбаев Ж., Қоянбаев Р. Педагогика. – Астана, 1998.

ӘӨЖ 784. 92193:37.01

К.М. Шыныбекова

*М.Х.Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университеті
«Мәдениет және өнер» кафедрасының аға оқытушысы*

ПАТРИОТИЗМДЕГІ КӨРКЕМӨНЕРДІҢ РӨЛІ

Мақалада көтерілген мәселе аса актуалды тақырып. Жас ұрпақтың бойында елсүйгіштікті қалыптастырудағы көркемөнердің орыны жайлы ұтқыр ой айтады. Ақыл айту емес, оны орнықтыруға ұтымды пікір де келтіреді. Оқырманның намысын жанып, қамшылау да бар. Мұндағы айтылған ой- пікірлер қолдайтын, жұрт болып ойланатын мәселе екені анық.

Түйінді сөздер: *Отан, сүйіспеншілік, патриотизм, ұлтжандылық, тәрбие, ғылым, білім, өнер.*

В статье рассмотрена особо актуальная тема. В данной работе высказаны содержательные мысли, раскрывающие роль художественного творчества в формировании патриотизма, чувства любви к Родине. Здесь приводятся мнения, которые позволяют укрепить развитие патриотических чувств. В статье имеются и критические взгляды по данной проблеме. Очевидно, что высказанные в работе мысли, заставляют задуматься об актуальных вопросах.

Ключевые слова: *Родина, патриотизм, воспитание, наука, знание, искусство.*

The actual theme is described in the article. The main ideas, describing the role of art creation in forming patriotism, love to Motherland are considered in this work, there are opinions to strengthen the developing of patriotic feelings. There are the critical points to this problem. Obviously, the data ideas are forced to think about the actual questions.

Keywords: *Motherland, patriotism, education, science, knowledge, art.*

Адамзат баласы үшін ошақтың үш бұты секілді үш тірегі, үш ұстыны болады екен. Әрине, тіршілік қажеттілігі ретінде одан да көп нәрсе керек. Ал біздің сөз етіп отырғанымыз көзге көрінбейтін, қолға ұсталмайтын, алайда онсыз ұлт болып құрала алмайтын, ұлыс болып ұйыса алмайтын аса құнды рухани мызғымас мықтылық. Ол толыққанды өзінді азамат сезінудің үш алып діңгегі - Отаның, Ұлтың, Дінің.

Әгәрәки, сенің шет жерде, шет елде жүріп басыңа бір қиындық орнай қалса, ол мені ұстап тұрар рухани демеуің. Сен кімсің дегенде, сен: «Мен қазақстандықпын, отаным бар - ол Қазақстан дейсің. Мен сұрауы жоқ адам емеспін, ұлтым бар - ол Қазақ ұлты дейсің. Содан соң, дінім Ислам - мұсылманмын, іздеуші қауымым бар дейсің. Бұлай сұрамаса

да, осы үш жауап сенің көкейіңде тұрады. Міне, бұл сенің қашанда сенімді тірегің. Бұл үш діңгекке деген сүйіспеншілігің болмаса тағы да жоғарыдағыдай сенімділікті сезіне алмайсың» [1].

Енді дүниеде еш асыл тең келмейтін осы құндылықты сезіну үшін не керек? Отанға, елге, туған жерге, қандасқа, жерлеске, бауырға деген сүйіспеншілік керек. Мұның бәрін бір сөзбен - патриотизм дейміз. Ал мұны қалыптастыру - оқудан, тоқудан, көруден, сезінуден там-тұлдап құралатын, өзінде сезбей қалатын тылсым құдірет ісі. Міне, осынау аса құнды түсінікті тудыруда көркемөнердің алатын орны орасан. «Әуелі сөз деп құран кәрімде айтылатындай, алғашқы әсер етуші, әрине құдіретті сөз. Яғни, сөз өнері. Оның да аса, әсерлісі өлең,

ұлы Хакім айтқандай, «Өлең сөздің патшасы, сөз сарасы», немесе өнер алды-қызыл тіл».

Отанға, ұлтқа, жерге деген мақтаныш сезімдерді бәріміз осы өлең аталатын құдіреттен сезіндік, серпер ақын Сағи Жиінбаев:

«Мен қазақпын мың өліп, мың тірілген,
Жөргегімде таныстым мұң тіліммен
Жылағанда жүрегім күн тұтылып,
Қуанғанда жүзімнен түн түрілген» дейді.
Отан, Отан! Сен болмасаң нетерем,
Бұл өмірден бақытсыз боп өтер ем.
Жыртқыш інсіз, құс ұясыз болмайды,
Отансыз жан бұл өмірде оңбайды.

Бәрінен де сол қайғы, дейді алып Мұқағали.

Міне, осылай көркемөнер өз қызметін, өз ағынымен жалғастыра береді. Біз оны дұрыс пайдалана білсек, үйлестіре әсемдеп ұрпақ бойына сіңіре білсек болғаны. Мәселен, ардақты ақынымыз, Дихан-баба Әбіловтың сөзіне жазылған Е.Брусиловскийдің «Отан» деп аталатын әнін аға буын арасында білмейтін жан кем де-кем. Ол:

Отаным кең дала орманды,
Болаттан соғылған қорғанды.
Бақыттың, шаттықтың мекені;
Қолдаймыз, қорғаймыз Отанды.
Туған жер алтын тақ,
Кең далам, таулы орман,
Ұл мен қыз қорғаймыз
Бақытты сені – Отан,
Сені- Отан!, – [2] деп шырқалады,

Екпінді, шалқыта орындалатын бұл ән кез-келген адамның Отанға, туған елге деген ұлы мақтаныш сезімін оятады. Бұл ән негізі хорға арналған. Сол хорға іштей қосылып тұрып сезді де. Керемет мақтаныш сезімі баурап алады. Бір құдіретті тылсымның әсерімен желпіне түсесіз. Дәл сол кезде Отан үшін ойланбай отқа түсіп кетуге даяр сезінесіз өзіңізді. Міне, өнердің, орнықтырудағы ғажайып ролі.

Біз сан ғасырлар бойы бабалар аңсаған, арман еткен мемлекеттікке қол жеткіздік. Тәуелсіз ел бодық. Шекарамызды қамтап, еуразия кіндігінен Елорда салып, жаңа

тұрпатты, жалынды тәуелсіз мемлекет құрдық. Өзіміз мақтанышпен айтып жүрген 20 жылда, ғасыр жүгін көтерер алапат істер атқардық. Бұл нағыз – мақтаныш. Міне, нағыз-патриотизм.

Бұл жер бетіндегі қазақ деген ұлттың жалғыз мемлекеті, жалғыз – Отаны. Сондықтан да «қорғаймыз, қолдаймыз Отанды» деп шырқағанымызда жүрегіміз мақтаныштан жылап тұрады.

Осы қол жеткен тарихи бақытты баянды ету үшін, оған деген сүйіспеншілікті беки түсу үшін ұрпақты отансүйгіштікке, елжандылыққа, ұлтжандылыққа тоқтаусыз тәрбиелеп отыруымыз керек.

Ол үшін оны орнатудың ең басты, ең әсерлі тетігі өлең, музыка, би, жалпы бүкіл көркемөнерді бағыттауымыз ләзім.

Жасыратыны жоқ, өзіміз өтпелі кезең атап жүрген мемлекеттілігіміздің алғашқы жылдар кезеңінде бұл үрдіс ескерусіз қалды. Жоғарыда біз тілге тиек еткен туындылар тәуелсіздіктен бұрын туған, дегенмен сол күнді іштей аңсаудан туған дүниелер. Әрине мұны ешкім жоққа шығарып, дауда айта алмайды. Себебі: кез-келген қазір орындалып жүрген, елжандылыққа өлшеусіз қызмет етіп келе жүрген, елжандылыққа өлшеусіз қызмет етіп келе жатқан: Е. Хасанғалиевтің: «Жасыл жайлау, түкті кілем көк кілем, Көк кілемде көп ойнаймын, көп күлем, - деп басталатын әнін іштей шырқап көріңіз, тіпті Қасым Аманжоловтың «Шықшы тауға қарашы кең далаға...» деп басталатын «Туған жер» әнінен бастап аға буын ақын, композиторлардың әндері соған айғақ. Бұған ең бұлтартпас, мызғымас жауап, Ж.Нажмединовтың сөзіне жазылған Ш.Қалдаяковтың «Менің Қазақстаным» әнін Елбасымыз заман, уақыт талабына сай өз қолымен толықтырып, Мемлекетіміздің «Гимні» етіп алуы.

Әрине, біз мұнымен тәуелсіздік алғалы көркем өнерде мұндай туынды мүлде жазылмады деуден аулақпыз. Жазылды. Бір ғана Президентіміз Н.Назарбаевтың сөзіне жазылған А.Қоразбаевтың «Сарыарқа»

әні неге тұрады. Сарыарқа жер екенсің - деп жүректі тербеп, тұла бойынды шымырлатады. Көкірегімізді Сарыарқа төсінде ертегі әлеміндегідей жылдамдықпен бой түзегел ғажайып Астанаға, оның бас бастамашысы, бас сәулетшісі Елбасының жасампаздығына замандастарымыздың ерлігі, жігері көкірекке қуаныш ұялатады. Бұл әрине атқарылған іс, жеңіс, табыс пен ән әлемінің шынайы астасып, нақты суретке және жанды, әуезді көрініске айналуы.

Ия, ұлттық патриотизм осылай туындаса ғана әсерлі және жалпыхалықтық болмақ. Рас, бұл жағынан біздің өнер жасаушылардың әлі ұшан теңіз дер едік.

Дәл осы тақырып біздің елде әлі де болса, кино, театр, ұлттық музыка, дәстүрлі ән өнерінде кемшік түсіп келеді. Жалпы кез-келген дүниені салыстырмалы түрде алып қарау өмірдің өз заңдылығы. Бұл тұрғыда біз көбіне байырғы одақтасымыз Ресейге қарайтынымыз бар.

Олай болса бұрынғы одақ тараған аласапыраннан кейін Ресей осы мәселе бойынша тез, ерте есік жиған сияқты. Бәлкім, бұрыннан партиотизмнің жетпіс жыл бойы қалыптасқан сара жолы болғандықтан ба, олар бұл үрдісті сәл үзіп барып қайта қолға алды. Кейінгі он жыл бедерінде түсірілген кинофильмдерінде, театрларында сахналанған қойылымдарында, классикалық өнерде орыс патриотизмі асқақтай түсті. Сіз бен біз білетін сол баяғы «орыс халқы ұлы», «орыс халқы батыр», «орыс халқы жеңімпаз», «жігіттері жігерлі», «қыздары сұлу», «адамдары ақылды, мейрімді» деген сурет қай өнер түрінде де қалың бояумен берілетін болды.

Тіпті жарнама мәселесінде де біз ескермей, елемей жүрген аса күрделі мәселе бар. Ол Ресей газет - журналдарында жалпы баспа өнімдерінде жарнама арқылы өздерін жарнамалайды. Кез-келген басылымының бірінші бетінен бастап аяғына дейін өз ұлтының әдемі қыздары мен көркем, сымбатты жігіттерінің суретін береді. Қытайда, кәрісте, жапон да солай. Олардың

ондағы ойы әлемде әдемілік бізде, тек біздің қыздар мен жігіттеріміз сұлу дегені.

Осылайша ел, мемлекет араларында айқайлап айтылмайтын, арнайы жарияланған мәдениет «соғысы» үнсіз, бүркеме түрде жүріп жатады. Саясаткерлердің де «Америка қанша қарулы күштері жағынан зор, қуатты болғанымен Қытай мәдениеті алдында құлайды» дейтіні де соны меңзесе керек.

Ал біз бұл орайда не атқардық, не тындырдық?

Әрине, мүлдем мақұрым қалғанымыз жоқ. Жеке мемлекет болуыңызбен шынында да өшкеніміз жанды, өлгеніміз тірілді, өткенімізді іздедік.

Бұрын «аға» ұлтқа жалтақтап атын атауға үрейіміз ұшып тұратын арыстарымызды ардақтай бастадық. Қазақ мемлекеті деп ат үстінде күндері өткен хан төрелерімізді, би батырларымызды іздедік, түгендей бастадық. Міне, осы тұста да әлгі жоғарыда айтқан көзге көрінбейтін «жарнама» ұлттық патриотизмді, еркектік намысты елеусіз қалдырдық. Себеп?... «Көшпенділерді» түсіріп, қазақтың алып перзенті, ұлт айбыны Абылайды – американдық актерге ойнаттық. Қазақ деп, қарқара басын құрбан еткен Мұстафа Шоқайды қырғыз жігітіне ойнаттық. Кезінде қазақтың маңдайына бітіп, алашқа рух болған Бауыржан Момышұлында Бейшеналиев деген қырғыз жігітіне сомдатып едік. Ұлт деп жай отындай жарқылдаған жай оғы Тұрарымыздың әкесі Рысқұлды да Бақтығұл деп атап қырғыздың актері С.Чокморовқа ойнатып едік-ау. Міне, мұнымен біз «біздің ұлтта ондай мықтыларды ойнайтын тұлғалы жігіттер жоқ, өңшең мықырлар» деп тұрғанымыз жоқ па? Өзге қай ұлт осылай жасайды?

Кеше ғана украина сұрапыл соғыста қазақстаннан барып отандарын қорғасқан халық қаһарманы Қасым Қайсенов жайлы «Қасым» деген көп сериялы көркем фильм түсірді. Міне, солар Қасымның рөлін өздерінің бір актеріне ойната салған жоқ, қазаққа ойнатты. Іздеп жүріп, Астана қаласындағы Қ.Қуанышбаев атындағы

академиялық драма театрының актері Қуандық Қыстықбаевты тапты. Бұл кино. Лентаға түсіп қойды. Енді оны ешкім өзгерте алмайды. Алайда, осылар әр деңгейдегі мінберлерде атылуы керек. Содан соң, еңбастысы бұл әр ұлтын сүйетін, отанын сүйетін режиссердің, киносценаристің, драматургтың, композитордың, суретшінің жалпы өнер тұдырушы азаматтарымыздың жеке-жеке жүрек түкпірінде тұратын мәселе [3].

Ал музыка өнеріне келсек, әрине, әлемдік деңгейдегі классикалық туындыларды білуіміз керек. Солай ете тұра, операда, оперетта да ұлттық туындыларымызды сөйлетуіміз қажет. Ал, біз бұл орайда да көбіне шет елдің өнеріне бет бұрамыз. Демек, солардың өнерін насихаттадық. Олар үшін мемлекетімізден қыруар қаржы бөлдік. Бұл да ойланатын жұмыс. Қаржы да, қажыр да ұлт өнеріне, сол арқылы ұлттық патриотизмге қызмет етсе, нұр үстіне нұр!

Әдебиеттер

1 Мәдениеттану: жоғарғы оқу орнындары мен колледж студенттеріне арналған оқулық. – Алматы: Раритет, 2005. - 416 б.

2 Қазақстан тарихы: Аса маңызды кезеңдері мен ғылыми мәселелері. Жалпы білім беретін мектептің қоғамдық - гуманитарлық бағытындағы 11-сыныбына арналған оқулық/М. Қойгелдиев, Ө.Төлеубаев, Ж.Қасымбаев, т.б. – Алматы: «Мектеп» баспасы, 2007.

3 Мәдениеттану: жоғарғы оқу орнындары мен колледж студенттеріне арналған оқулық. Алматы: Раритет, 2005.- 416 бет.

ӘОЖ 811.512.122:811.111:39

А.Т. Тунгушбаева

*Абай атындағы ҚазҰПУ PhD докторантура және
магистратура Институтының 2-курс магистранты*

СӨЗ ӨНЕРІ – ТІЛ ҚҰДЫРЕТІНІҢ АҒЫЛШЫН-ҚАЗАҚ МАҚАЛ- МӘТЕЛДЕРІНДЕГІ РӨЛІ

Бұл мақалада ағылшын-қазақ мақал- мәтелдердің көркемдігі мен мазмұнының тереңдігі және тәрбиедегі рөлі көрсетілді.

Түйінді сөздер: *ауыз әдебиеті, тіл өнері, мақал-мәтел, ағылшын мақал-мәтелдері.*

В этой статье рассматриваются особенности казахских и английских пословиц и поговорок о языке.

Ключевые слова: *фольклор, язык искусство, пословица-поговорка, пословица-поговорки англичанина.*

In the article considered peculiarities of kazak and english proverbs about language.

Keywords: *folklore, language art, proverb-saying, english proverbs about language.*

Кез келген халықтың фольклорымен таныссаң сол халықтың ежелгі рухани мұрасын, ақыл-ойын, арман-тілегін, тұрмыс-салтын, шаруашылық кәсібі мен алдан күткен үміті туралы білуге болады. Басқа

халықтар сияқты қазақ халқының да бай ауыз әдебиеті бар. «Қай халықтың болса да ауыз әдебиетінде мақал мен мәтел көлемі шағын, мазмұны бай, тілі көркем жанрға жатады. Мақал-мәтелдер өзін жасаушы

халықпен бірге жасайды, біреулері ескіріп, қолданудан шығып, екіншілері жасарып, жаңадан туындап жатады.

Мақал мен мәтелдердің өміршеңдігі тілінің көркемдігі мен мазмұнының тереңдігінде, аз сөзбен көп мағына беретіндігінде, еске сақтаудағы қолайлылығында» [1]. Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін айтатын мақал - мәтелдер аз сөзден жасалғанымен көп мағынаны білдіреді. Халық мақалдарының тақырыбы өте көп. Солардың ішіндегі ең күрделі әрі қызықты бір саласы – адам баласының тілі мен сөз өнеріне байланысты мақал – мәтелдер. Қазақстан Республикасының «Тілдер туралы заңында» «Тіл -ұлттың аса ұлы игілігі әрі оның өзіне тән ажырағысыз белгісі, ұлттық мәдениеттің гүлденуі мен адамдардың тарихи қалыптасқан тұрақты қауымдастығы ретінде ұлттың өзінің болашағы - тілдің дамуына, оның қоғамдық қызметінің кеңеюіне тығыз байланысты делінген.

Тілдің көмегімен өнер білімді игереміз, өткен кеткенімізді саралап сабақ аламыз. Тіл арқылы рухани байлығымызды меңгереміз. Өзіміз танып қана қоймай, сол асыл қазыналарымызды әлемге танытамыз. Тіл арқылы әлемді танимыз. Тілдің құдіреттілігін, сөз құдіреттілігін күрделі теңеулер мен эпитеттерді, метафораларды, тілдің мәнерлеу, бейнелеу құралдарының қыр сырының молдығын көрсете, оларды шебер пайдалана білудің мән маңызын ақын Абайдың мына өлең жолдарындағыдай ешкім дөп басып суреттей алмаған болар:

Алыстан сермеп,
Жүректен тербеп,
Шымырлап бойға жайылған
Қиудан шауып,
Қисынын тауып,
Тағыны жетіп қайырған.
Толғау тоқсан қызыл тіл
Сөйлеймін десең өзің біл.
Өткірдің жүзі,
Кестенің бізін
Өрнегін сендей сала алмас.
Білгенге маржан,

Білмеске арзан

Надандар бәһра ала алмас!...

Ұлы Абай бұл өлең жолдарына тілдің бар қасиетін сыйдырған.

«Соңғы жылдары тіларалық қарым – қатынастардың ұлғаюына байланысты әртүрлі тілдік топтарды және типологиялық құрылымы жағынан мүлдем алшақ тілдерді салғастыра, және туыстас тілдерді салыстыра зерттеу тіл білімінде дәстүрге айналып келеді» [2]. Осыған орай сөз өнері мен тіл құдіретіне байланысты қазақ – ағылшын мақал мәтелдерін салыстыра, салғастыра зерттеуді қажет етеді. Мысалы қазақ тілінде тіл мен сөз өнерінің қасиетін жоғары бағалаған мынадай мақалдарды кездестіреміз: «Өнер алды қызыл тіл», «Жақсы сөз - жарым ырыс», «Шебердің қолы ортақ, шешеннің тілі ортақ», «Тіл буынсыз, ой түпсіз», «Тіл қылыштан өткір», «Бас кеспек болса да, тіл кеспек жоқ», «Қаһарлы сөз қамал бұзар», «Көз жеткізер, көз жеткізбегенді, сөз жеткізер», «Шешен сөз бастар, батыр қол бастар». Адам баласының көңілі бір ауыз сөзге марқайып, бір ауыз сөзден жабырқап қалады. Сол себепті де халқымыз әр сөздің өзіндік орнының бар екендігін еске салып отырған. Көңілі жарым адамды да бір ақ ауыз ұтымды сөзбен бір серпілтіп тастаған. Мысалы: «*Жақсы сөз жарым ырыс*» мақалын ағылшындар «**Good words cost nothing and are worth much**» деген мақалымен аударуға болады. Ал, мына келесі ағылшын тіліндегі «**A soft answer turns away wrath**» деген мақалға “*Жақсы сөз жұбатар, жаман сөз жылатар*» деген балама беріп, былайша ой түйіндейміз «Тіл сыйлы етер, құтты қылар, өсірер, бас та жарар қадір құтты ол өшірер»³ деп Жүсіп Баласағұнның тілдің орнымен жұмсалса жақсылыққа, орынсыз жұмсалса жамандыққа апаратынын айтуы осының мән – мағынасын аша түседі.

Салт дәстүрі мен мәдениеті, әдебиеті бір біріннен мүлдем бөлек елдердің дүниетанымы мен өмірге деген көзқарасында ұқсастықтармен бірге айырмашылықтар да

байқалады. Атап айтар болсақ, ауыз әдебиеті жақсы дамыған қазақ халқында сөз өнері жоғары бағаланатын болса, ағылшын халқы көп жағдайда тілден гөрі іске көңіл бөліп, аз сөйлеуді көбірек насихаттайтынын байқадық. Сондықтан да ағылшын тілінде төмендегідей мақалдар көптеп кездеседі. **«A still tongue makes a wise head»** *«Аз сөйлеп, көп тыңда»*. Осы мақалға қарай отырып, біз бүтіндей мақал мәтелдердің анықтамасын көргендей боламыз. Себебі тоқсан ауыз сөзді бір ғана ұтымды сөзбен жеткізу білу мақал мәтелдердің басты қасиеті. **«A tattler is wors than a thief»** сөзбе сөз аудармасы *«Мылжың ұрыдан да қауіпті»*. Ағылшын халқының танымында уақыт адамның ең қымбат қазынасы ретінде бағаланады. Сондықтан мылжың сөзбен уақытын алған адамды олар ұрыдан да қауіпті санайды. Бұл қазақтың *«Жаман жігіт езбе болады»* деген мақалымен мағыналас келеді. Халқымыз екі езуі көпіріп, дәмді сөздің қадірін кетіретін адамды езбе санап, ондайларға теріс қабақ танытқан. **«When three know it all know it»** (тікелей аудармасы: *Үшеу білгенді бәрі біледі*). *«Отыз тістен шыққан сөз отыз рулы елге тарайды»*. Бұл мақалдың астарында үлкен мағына жатыр. Өз кезінде Ескендір Зұлқарнайынның басындағы мүйізін көрген шаштаразды өлтірсе де де, оның аузынан шыққан сөз желмен тарап халық бұл оқиғадан хабардар болғаны жайлы аңыз бар. Сондықтан халқымыз ауыздан шыққан сөздің тез тарайтынын осы мақал арқылы көрсеткен. **«Hard words break no bones»** *«Сөз сүйектен өтеді, таяқ еттен өтеді»*. Ашынғанда дөп айтылған бір ауыз сөздің ессізге ес кіргізіп, ақылсызға ақыл кіргізетін ескерсек, халқымыз сөздің соншалықты құдіреттілігін көрсетіп, бір ауыз сөзбен кейде адамның тағдырының да шешілетінін осы мақалдан байқаймыз.

«The tongue of idle persons is never idle» *«Жалқау істі тілімен тындырады»*. Бұл ма-

қалда жалқау адамның ісінен сөзінің көп екенін, тек ауызбен уәде беріп, нәтижесінде еш нәрсеге қырының жоқ екендігін, тек аузымен орақ оратынын айтқан. **«A close mouth catches no flies»** *«Үндемеген үйдей бәледен құтылады»*. Бұл мақалдан екі халықтың да түсінігінде басқа пәленің тілден келетіндігін, орынсыз сөйлегенше үндемей қалғанның дұрыстығын құп көретіндігі байқалады. **«Words are but wind»** *«Көп сөйлеген білімді емес, дөп сөйлеген білімді»*. *«Көп ойлан, жақсы сөйле – нұсқа болсын, сұраса жауабың да қысқа болсын»*[3]. Қазақтың талай ақыл ой даналары мен билері ел дауын, қырық кісі араласып шешімін таба алмайтын қиын мәселелерін бір - ақ ауыз ұтымды сөзбен шешіп, ел ризашылығына бөленгені белгілі. Бұл мақалға сонымен қатар *«Кісіні сөзінен емес, ісінен таны»* деп екінші балама беруге де болады. **«Great talkers are little does»** *«Сөзі көптің ісі аз»*.

Тіл қай ұлтта болса да, қай елде болса да қастерлі, құдіретті. Ол әрбір адамның бойына ана сүтімен бірге дарып, қалыптасады. Тіл байлығы әр елдің мақтанышы. Адам баласының байлығының бірі сөз өнерін *«Өнер алды қызыл тіл»* деген аталы сөзбен бағалауға болды. Себебі тарихы қағаз бетінде емес, ауыз әдебиетінде сақталып, ұрпаққа бар нәрімен жеткен халқымыздың ең қымбат, бағасыз байлығының бірі мақал – мәтелдері. Осы мақал – мәтелдерді салыстыра, жалғастыра зерттеу болашаққа қарқынды қадам басып, алып елдермен иық тірестіру бағытында *«үш тұғырлы тіл»* ұстанымын басшылыққа алған егемен еліміз үшін өте маңызды. Себебі үш тұғырда тұратын қазақ, ағылшын, орыс тілдерінің бір бірімен салыстырыла қарастырылуы, ұқсастықтары мен айырмашылықтарының анықталуы келелі мәселе. Қазақ ағылшын мақал – мәтелдерін тақырыптарға бөліп зерттеу жан-жақты және терең талдау жасауға септігін тигізеді.

Әдебиеттер

- 1 Адамбаев Б. Халық даналығы. – Алматы, 1976. – 6 б.
- 2 Донбаева А.Б. Даналықтың түбі бір. – Алматы, 2004 – 33 б.
- 3 Жарықбаев Қ. Ақылдың кені. – Алматы, 1991. – 94 б

ӘОЖ 37.091

С.А.Тайманова

Қызылорда қаласының №253 мектеп оқытушысы

БҮГІНГІ ӘЛЕМДЕГІ ҰСТАЗ

Бұл мақалада қазіргі заман талабына сай ұстаз мәртебесі көрсетілді.

Түйінді сөздер: ұстаз, мектеп, тәрбиеші, оқушы, білім, оқу, тәрбие, ғылым.

В этой статье представлены результаты о статусе учителя в новом поколений.

Ключевые слова: наставник, школа, воспитатель, ученик, знание, учеба, воспитание, наука.

In this article are presented results about status of teacher in new generations.

Keywords: teacher, school, educator, student, knowledge, studies, education, science.

Мұғалім. Мектеп. Ұстаз. Осы үш ауыз сөз адамзат баласы мектеп табалдырығын алғаш аттаған сәттен бастап, ғұмырының соңына дейін айнымас серігі болары сөзсіз. Адам ғұмыры осы қасиетті сөздердің нұрына бөленіп, шуағына шомылып өтеді десек артық айтқандық емес.

Ұстаз ардақты ұғым. Адам жанының бағбаны. Ұстаз – кемеліне жеткен сүйікті жан. Осындай сүйікті жандардың жарқын бейнесі, әсіресе, мектеп қабырғасында тәлім алатын балдырғандардың жүрегінде мәңгі қалары анық.

Мектеп – алтын ұя. Ата-ананың аялы құшағынан үлкен өмірге қанаттандырып, нық қадам жасатар – алтын көпір.

Ұрпақ тәрбиесі баршаға ортақ іс. Ұрпақ ғұмыр жалғасы тіршілік көзі. Ендеше сол ұрпақ тәрбиесіндегі жауапты бүгінгі тұлға ұстаз қандай болуы керек?

Ұстаз ауқымы кең, мағынасы терең ғасырлар бойы адамзат тәрбиесінде жетекші қызмет атқаратын заңғартұлға. Алата-анамен ұстаздың болашақ ұрпақ тәрбиесі үшін жауапкершілігі ұрпақтан ұрпаққа жалғаса бермек. Ұстаз жүгі ауыр жауапкершілігі жоғары төзімділіктің биік шыңын қажет ететін заман бейнесі. Ұстаздықтың қасиетті баспалдағы - Аристотель, Аль-Фараби,

Сократтардан басталып, қазақ әлемдегі Ыбырай Байтұрсынов секілді тарихында талайларды бағынышты етіп, бас идірген алып тұлғалармен жалғасын табуда. Ұстаз ұғымын тар мағынада алып қарасақ, мектеп мұғалімі, бала тәрбиесіне жауапты адам. Ал осы мағынаны кеңейтсек, ұстаз – шағын орта мектептен үлкен бір мемлекетті, баладан бастап еңкейген қартқа дейін яғни барша халықтың адамгершілік, тұлғалық, кәсіби біліктілік қасиеттерінің дамуына жауапты бірден-бір жан. Себебі, ұстаздың алдында отырған бүгінгі сары ауыз балапан – ертеңгі ел сенімін арқалаған ер-азамат, отбасының ұйытқысы, мемлекеттің тұтқасын ұстар тұлға. Сондықтан да ұстаздық қызметке келген бүгінгі жастардың еншісінде үлкен жүк тұрғанын естен бір сәтте шығармауымыз қажет.

Бүгінгі ұстаз жаңашылдығымен, заманауи технологияларды жетік меңгеруімен ерекшеленуі тиіс. Мынау ақпараттар ағыны үстемдік алған заманда ұстазға қойылатын талап та, артылар жүк те орасан. Бүгінгі шәкірт пен бұдан 20-30 жыл бұрынғы шәкірт бірдей емес. Бүгінгі баланың ақпарат алу аясы кең. Оған заманауи технология, үлкен мүмкіндік береді. Ендеше қазіргі баланы құр әңгіме, баяндау арқылы тәнті ете алмайтыны

анық. Сондықтан да бүгінгі ұстаз білімді, жанашыл уақыт ағынына ере алатын еңбекқор болуы керек. Елбасының жыл сайынғы халыққа жолдауында да білім беру саласы назардан тыс қалған емес. Биылғы жолдауда да білім беру ісін одан әрі жанғырту бағдарламасы ұсынылды. 12 жылдық білім беруге көшу 2015 жылы басталып, 2020 жылы аяқталуы тиіс. Сонымен қатар елбасы өз жолдауында 2015 жылғы қарай білім беру ұйымдарының 50% электронды оқытуды пайдаланып, 2020 жылға қарай оның көлемі 90% дейін артады деп атап көрсетті. Ал бұл міндетті іске асуы үшін ұстаз көтерер жүк бұрынғыдан да ауырлау болмақ. Ендеше бүгінгі ұстаз үнемі ізденіс үстінде жүретін, зиялы да сауатты жаңа курал-жабдықтармен жұмыс істей алатын жанашыл да еңбекқор тұлға болуы тиіс. Бұл заман талабы. Сонымен қатар ұстаз бала жүрегіне жол таба білуге, оның көңіл күйіндегі кішкене өзгерісінің өзін қалт жібермей, тамырындай дөп баса білетін сезімтал да сергек жан болуы керек.

Ал ондай дәрежеге жету көп оқумен еңбектің жемісі болмақ!

Бүгінгі қоғамдағы ұстздың алатын орны, ұстаз мәртебесін көтеру мәселесі көптен сөз болуда. Міне осы бағытта да он қадам жасала бастаған сияқты. Үкімет үстіміздегі жылдың қыркүйек айынан бастап мұғалімнің біліктілік санатына қосылатын төлемді көтермек. Бұл әрине жақсы хабар. Сонымен қатар ауқымды жаңа міндеттер жүктелетіні де даусыз сондықтан да уақыт ағымынан қалмай, алға ұмтыл әріптес.

«Түйені жел шайқаса, ешкіні аспаннан көр» – деген халық мақалы бар. Ұстаз – ұлтты ұлттық, халықты халықтық бейнесінен алыстамауын қадағалаушы, мемлекет тыныштығын сақтаушы тұлға. Себебі, әлемдегі барлық қозғалыс белгілі тәртіппен жүреді. Сол тәртіптің әліппесін үйрететін жан – ұстаз, мектеп мұғалімі. Қоғамда қандай жағдай орын алмасын, ең бастысы, Ұстаз өз еңбегінен жалықпасын, немқұрайлы қарамасыншы!



«Ұлттық мәдениетке, ана тілге еркіндік беру, оны тәлім-тәрбие құрылымына айналдыру, тәрбие мәселелесінде ұлттық ізгілік пен өркениетті әлемдік имандылық үрдісінің ортақ мүддесін жаппай сезіну және оны кіріктіре пайдалану арқылы іске асыру керек»

Н.Ә.Назарбаев.

ӘОЖ 791.45.072:37.011.331 (075.5)

П.С Куненова

*«Мәдениет және өнер» кафедрасының
аға оқытушысы*

ҰЛТТЫҚ ТӘЛІМ-ТӘРБИЕ АЛМАҒАН ЖАСТЫҢ ҰЛТТЫҚ РУХЫ БОЛМАЙДЫ!

Халқымыздың асыл мұрасын, қазақ дәстүрлі мәдениетін, рухани-материалдық құндылықтарының желісін үзбей, асыл мұра ретінде бағалап, оларды көздің қарашағындай сақтап, ілгері дамыта оқыту бүгінгі күннің өнегелі ісі болмақ. Бізде адамдардың рухани дүниесін байытудан жоғары тұратын ешқандай да маңызды мәселе жоқ. Біз бұл арада тек бір ғана жағдайды – қоғамдағы барлық адамдарды ортақ бір идея мен ортақ бір мақсатқа біріктіріп, бейбіт жағдайда өмір сүріп жатқан және «әдемілік заңы» бойынша өмір сүруді көксейтін өз жастарымыздың ұлттық - рухани мәдениеті жайлы мысалдар келтірген.

Түйінді сөздер: *ұлттық рух, рухани мәдениет, салт-дәстүр, тәрбие, білім, ғылым, асыл мұра.*

В статье рассматриваются проблемы воспитания будущего поколения в национальном духе, с его помощью – воспитание рассудительных, здравомыслящих граждан, формирование сознательных молодых людей. Вместе с тем, обращаясь в качестве примера к молодежи, которая находится вне национального бытия либо находится под влиянием приоритетов западных народов, в статье предложены пути спасения подобной молодежи.

Ключевые слова: *национальный дух, духовная культура, обычай-традиция, воспитание, знание, наука, драгоценное наследие.*

In the article considered the problems of education of the future generations in the national spirit, with his help - education level-headed, sensible citizens, the formation of conscious young people. However, referring as an example to young people, which is out of national existence, or is influenced by the priorities of the Western nations, the article suggests ways of salvation such youth.

Keywords: *national spirit, spiritual culture, custom-tradition, education, knowledge, science, precious heritage.*

Белгілі бір идеялар өмірден туады. Жаңа адамды, болашақ қоғам адамын рухани, интеллектуалдық жағынан дамыта тәрбиелеу ісі бүгінгі күннің күн тәртібіне айрықша қойылған мәселе. Олардың батыл, ер жүрек, барлық жағынан сұлу, жайдарлы әрі кішіпейіл, ақылды боп өсуін қалаймыз. Адам баласы дүниеге келген күннен бастап тәрбиелеуді керек етеді. Қоғамның жаһандану кезеңінде саяси -экономикалық

және рухани дағдарыстарды жеңіп шыға алатын, ізгіленген, іскер, өмірге икемделгіш, жан-жақты ұлттық рухтағы мәдениетті тұлғаны тәрбиелеп қалыптастыру негізінде, халық мәдениетін, әдебиетін, тілін, салт-дәстүрін, тарихын, өнерін сүю арқылы нағыз мәдениетті маман даярлау да бүгінгі күннің көкейкесті мәселесіне айналды.

Жақсыдан қазына пұл қалар,
Солмайтын жасыл гүл қалар,

Сендердей арсыз қулардан

Желге ұшатын күл қалар - деп ақын Шәкәрім жырлағандай, біз жастарымыздың өз өмірлерін текке бос өткізбей, күш қуатын өнер, білімге жұмсап, артында өшпейтұғын із қалдырып, мәнді де, сәнді де бақытты өмір сүруін көргіміз келеді. Өкінішке орай, өмірде бұндай жағдай керісінше де болып келе береді. Кейбір қаракөз қазақтың тамаша қыз –жігіттерінің мінез-құлық, қарым-қатынас мәдениетінен хабарсыз екенін көріп жүрміз [1]. Кей –кезде біз олардың мінез-құлықтары мен жүріс-тұрысында өрескел қылықтары мен дөрекі сөздерін естіп еріксіз куә болып жатамыз. Жастардың мұндай өзіншіл өркөкіректігі қоғамдық орындарда сақталуға тиісті қарапайым адамгершілік нормалары және эстетикалық саналылықпен санасқысы келмейтіндігі бізді еріксіз қынжылтады. Осындай жастармен азаматтық, зиялы қауым құра аламыз ба?

Мысалы, тәрбиелік мәні жоқ, келеңсіз қылықтарға толы телеарналардың көбеюі, онда тұрпайы, зорлық зомбылыққа негізделген фильмдер шектеусіз көрсетіледі. Алды - артын танып білмеген жастарға бұл фильмдердің жағымсыз әсері мен зияндығы өте зор. Сондықтанда жастар бойындағы ұлтжандылық қасиеттің, рухани байлықтың жоғалып бара жатқаны осы факторлармен тікелей байланысты. «Ұлттық тәлім-тәрбие алмаған жастың ұлттық рухы болмайды» -деген қағиданы санамыз бен сенімімізге берік сіндіріп, бүгінгі өмірге шынайы орнықтыру уақыты жетті [2].

Ұрандатылған жалынды сөздер мен үгіт насихатқа қарағанда, ұстаздар мен ата-аналар бірлесе отырып, кешенді түрде тәрбиелік жұмыстар жүргізу қажет. Қазір еліміздегі жастар арасындағы тәрбие мәселесіне тікелей қатысты басты-басты ойлануға тұрарлық мына тәрбиелік жағдайларды атап өтуге болады:

Прагматикалық құндылықтарға негізделген батыстық өркениетке, батыстық мәдениет үлгілеріне талғамсыз еліктеу;

Тәрбие жүйесінің ғылыми - әдіснамалық,

педагогикалық-психологиялық және рухани-әлеуметтік негіздерінің осалдығы;

Тәрбие мәселесіндегі отбасының, социумның, қоғамның рөлінің төмендеуі. Осы және басқа да толып жатқан қоғамдық - әлеуметтік құбылыстардың нәтижесінде біз жасөспірімдер мен жастардың тәрбие мәселесін көп жағдайларда ырқымыздан шығарып алғанымызды мойындауымыз керек.

Мәдениет - ұлттың бейнесі, болмысы. Білімсіз және тәрбиесіз адам еш уақытта мәдениетті бола алмайтыны ақиқат, ендеше білім мен тәрбие барлық халықтар мәдениетінің қайнар бұлағы болып табылады. Француз елінің әйгілі жазушысы Роман Роллан: «Мәдениет дегеніміз - адамдардың өзара қарым-қатынасы, ол – адалдық, ол – жалақорлық пен жалғандықты әшкерелеп, түп-тамырымен құрту деген сөз. Ол – тек тұрмыста ғана емес, адамның ішкі жан дүниесін де тазартып, жаңарту деген сөз. Ол – ең мәртебелі де асқақ мағынадағы достық пен махаббат деген сөз. Ал, ең бастысы, ол – идея мен адамға қызмет етудің ұлылығы деген сөз» – дейді [3].

Тұлғаның ұлттық рухани мәдениеті – қоғамның ұлттық мәдениетін өз бойына сіңірген және толыққанды түрде ондағы процеске қатыса алатын тұлғаны қалыптастыру. Тұлғаның рухани - эстетикалық қарым-қатынасы практикада нақты қандай формада жүзеге асуына байланысты эстетикалық мәдениеттің қалыптасқандығын көреміз. Қарым-қатынас мәдениетінде көркемөнер әрекеттері негізгі рөл атқарады, оған көркемөнердің әр түрлері мен формалары және кәсіби көркемөнер шығармашылығы т.б. жатады. Ұлттық Көркемөнер мәдениеті – эстетикалық рухани мәдениетті қалыптастыру процесінде маңызы зор.

«Өнер таусылмас азық, жұтамас байлық» дейді біздің халық. Өнер адам баласын сан түрлі біліммен қаруландырады, адам жанын нәзік сезімге бөлейді. Өнерді түсіне білген адам, бөтен біреудің жанына жара салғысы

келмейді. Адамның асыл, нәзік қасиетінің бірі –эстетикалық сезімді оятып, өсіртетін, эстетикалық талғаммен көзқарасты қалыптастырып, кісінің эстетикалық мәдениетін дамытатын, жетілдіретін факторлардың ішінде ең үлкен орын алатын, шешуші роль атқаратын әдебиет пен өнер екендігінде дау жоқ. Болашақ маманның эстетикалық мәдениетінің қалыптасуының негізгі және бастапқы ұйымдастыру кезеңі білім берумен қатар, оны студент жастардың шығармашылық қабілеттерінің дамуына бағытталған көпшілік-мәдени шараларымен байланыстыра отыра, яғни мақсатты ұйымдастырылған тәрбие жұмыстары барысындағы эстетикалық жүйеде жүзеге асады. Мақсат – олардың мінез-құлқы мен санасының белгілі бір өзгерісіне бағытталған эстетикалық тәрбиенің өлшемін және ондағы мәдени шаралардың нәтижелі болуын қамтамасыз етеді. Ұлттық эстетикалық тәрбиеде студенттердің белсенділігін арттыру ғана емес, оның рухани- эстетикалық санасын, қажеттілігін ояту, өмірдің барлық саласындағы мәдени құндылықтарды меңгертуге бағытталған әрекеттері, әсіресе, оқуы мен өзінің өміріндегі рухани-эстетикалық аспектілерді саналы түрде ұғынуы – негізгі буын болып табылады. Оның шығармашылық әрекеті қоғамдық пайдалы істері тек ол үшін жай ғана көңіл көтеру ретінде ғана бағаланбауы қажет, керісінше өзі үшін қажеттілігіне сенімі болуы тиіс [4,87].

Өз егемендігіміз өзімізге тиіп, іргелі тәуелсіз еліміздің өркениетті елге айналған кезде қазақ халқы мәдениетінің шынайы рухани қазыналарын ашып көрсетуге негіз қаланды. Сондаған ғасырлар бұрын қазақ жерінде түркі тектес халықтардың ортақ мәдениетінің ошағы болған қалалары, ата-бабамыз жасаған әдебиеті мен мәдениеті, философиялық, психологиялық, педагогикалық тұрғыдан ой мен жазба мұраларымыздың болғаны дәлелденді.

Біздің халқымыз - әсемшіл халық, рухани мәдениет жасауды басты міндеттердің бірі

деп санайтын халық. Сол үшін де жаңа өмірдің жарқын сипатын, сұлу сымбатын, жаңа қоғамның моральдық қасиетін уағыздауымыз керек. Ғасырлар бойы халық туғызған мәдениет, өнер, салт-сана қоғамдық құбылысқа сай өсіп, жетіліп отыратындығы айқын. Ата дәстүрін жалғастырушы өнерлі жастарды дәріптеу қазақ ауыз әдебиетінде де ерекше маңызға ие болып отырған [5]. Оны,

«Атадан ұл тумас болар ма,

Ата жолын кумас болар ма» деген мақал соның куәсі емес пе. Қазіргі қоғамды жаңарту жағдайында жастарымызда батыстың күйкі үлгілеріне еліктеушілік, өз халқының тарихын, мәдениетін әлі де жетік білмеушілік басым. Соның негізінде талғамсыздық пен тұрпайылыққа жастарымыздың бой алдыруы, сырт-бейнесі, жүріс-тұрысы, киім кию үлгісі көзге тіпті оғаш көрінеді. Қызбаланың шылымға, бозбаланың ішкілікке үйірсектігі, не болмаса ерекше болып көрінуге тырысам деп моральдық азғындауға ұшырауы басым болып барады. Батыстың мәнсіз музыкасын тындап, соған бой алдырып, еліріп қисаңдаған ұл-қыздан не тәлім күтесің. Ондайлар қазақтың әсем сазын, асқақ әуенін бағалай ма?

Ерте де қазақ қыздарының сұлулығын суреттеу- әсемдік тану тұрғысында эстетикалық заңмен бейнеленіп отырған. Атап айтсақ, Қызжібек, Баян сұлу, Айман мен Шолпан бейнелері халық туғызған идеал образдардың толық сипаттамасы. Бүгінгі қазақ қыздарымыздың бүгінгі болмысы мен бейнесінен осындай сұлулық пен ізгілік, әсем-мінез құлықты, шынайы махаббат иесін көрсек, соған еліктей білсе, соларды идеал тұтып, өнеге тұтса қандай ғанибет болар еді.

Қызжібекті Төлеген

Ақылменен танып тұр.

Көз мейірі қанып тұр,

Бейіштен жанған шамшырақ,

Көзі ойнап жанып тұр,

Белі нәзік талып тұр,

Тартқан сымнан жіңішке

Үзіліп кетпей неғып тұр –деген үзінді де

парасаттылық пен тұнып тұрған эстетика, ғажап әсемдік пен әдемілік жатқан жоқ па!

Біздің эстетикалық мұратымыз – сырт көріністің әдемілігі мен ішкі рухани байлықтың табиғи түрде біте қайнасып, дене мүшелерінің бір қалыпты түрде жетілуі болып табылады. Өмірге қайта орала бастаған ұлттық үрдістеріміз мен салт-дәстүрлеріміз халқымыздың ғасырлар бойы жинақтаған дәстүрлі бай тәжірибесі сақталған, ұлттық рухани байлықтың қайнар көзіне айналған. Халқымыздың осы асыл мұрасын, қазақ дәстүрлі мәдениетін, рухани-материалдық құндылықтарының желісін үзбей, асыл мұра ретінде бағалап, оларды көздің қарашағындай сақтап, ілгері дамыта оқыту бүгінгі күннің өнегелі ісі болмақ [6].

Бізде адамдардың рухани дүниесін байытудан жоғары тұратын ешқандай да маңызды мәселе жоқ. Біз бұл арада тек бір ғана жағдайды – қоғамдағы барлық адамдарды ортақ бір идея мен ортақ бір мақсатқа біріктіріп, бейбіт жағдайда өмір сүріп жатқан және «әдемілік заңы» бойынша өмір сүруді көксейтін өз жастарымыздың рухани - эстетикалық мәдениеті жайлы әңгіме қозғап отырмыз.

Қандай мемлекеттің болсада бейнесі мен келешегі жастарға байланысты болмақ. Жастар болғанда да талантты жастар. Олай дейтін себебіміз, тағы да айтарымыз «ұлттық тәлім-тәрбие алмаған жастың ұлттық рухы болмайды». Біз келешекте қуатты мемлекет, зиялы қауым құрамыз десек, жастарды инабаттылыққа, мәдениеттілікке тәрбиелеуді қазірден бастап дұрыс қолға алуымыз керек. Ал, ол тәрбиенің негізі – «ата баба жолы», ұлттық салт-дәстүрлері мен ұлттық қасиеттері болуға тиіс. Осы талап, тілектердің орындаудың ең бір пәрменді құралы ретінде – оқу-тәрбие жұмыстарында халықтың қымбат рухани – мәдени қазынасын пайдалану, қаншама уақыт өтсе де, өлмейтін, өшпейтін бабалар өсиетіне сүйену. өйткені, бұл мәселеде алға қарай аяқ басқанда, өткеннен нәр алмай, рухани азық алмай болашаққа қадам басу мүмкін емес.

Адам өмірінің гүлденіп, адам табиғатының әбден көркейетін шағы – оның жастық кезеңі. Олай болса, барлық жастарға ұлттық рухани тәрбие беру, олардың көркемдік-эстетикалық талғамы мен мәдениетін көтеру қаншалықты игі міндет болса, соншалықты қиын әрі күрделі міндет. Оның орындалуы бір күннің немесе бір жылдың жұмысы емес. Сондықтан да, адамзат мәдениетінің өткендегі жақсы дәстүріне сүйене отырып, жаңа заман шындығын шынайы бейнелеу жөнінде еркін ізденіс, батыл жаңалықтар табуға толық мүмкіндік туындап отыр.

Қорыта айтқанда, бұрынғы өткен бабалардың мәдени мұрасындағы олардың өсиеті мен өнегесін дұрыс пайдаланып, ұлттық мәдениет пен рухани мұраны жастарымыздың қажетіне жаратқанда ғана жаңа өмірде салтанатты, салауатты өмір сүріп, жалпы адамзаттық өркениет дәрежесіне көтерілуге мүмкіндік пайда болады. Ол үшін қазақ халқының тарихи-мәдени ерекшеліктеріне сай шынайы өмір сүру салтын насихаттауды, асыл қазыналық рухани мұраларды ақпараттық арналар арқылы жарыққа кеңінен шығарудың тиімді жолдарын қарастыру, оқу-тәрбие жұмыстарында кешенді түрде бағдарламаларға ұлтымыздың әдет-ғұрыптары мен дәстүр-салтын дәріптейтін, эстетикалық мәдениетті одан әрі дамытатын тәрбиелік – танымдық «Руханият», «Шаңырақ», «Алқа», «Айша бибі», «Қыз Жібек» сияқты ұлттық – танымдық, тәрбиелік клубтарын жаңғырту, Еуропалық стилде өтетін «МИСС ТарМУ» конкурсын «Қазақтың арулары» атты әсемдік пен парасаттылыққа тәрбиелейтін арулар байқауына алмастыру тағысын тағылар. Сөзімді қорытындай келе айтарымыз - халықтың даналық мұрасын сақтаудың негізі тәрбиеде. Жан-жақты, білімді, мәдениетті адамды тәрбиелеу жаңа қоғам адамын қалыптастыру мәселесімен тығыз байланысты.

Ал, бұл өз кезегінде, студент жастар, әрбір адамның азаматтығына, адамдығына, адалдығы мен адамгершілігіне байланысты

болмақ. Мынау дүрбелеңі көп өмірде қойнауынан інжу-маржан алып, биікке алмас қылыштай жарқырап көріне алмасаң самғайтын, шырқау шыңнан көрінетін өзіңе сен. Сондықтан да, арман жолында сұңқар болғанға не жетсін! халықтың даналық мұрасынан ілім, ғылым

Әдебиеттер

- 1 Әбенбаев С. «Эстетикалық мәдениет негіздері». – Алматы, 2005.
- 2 Ақылдың кені. Құрастырған Қ. Жарықбаев – Алматы: Қазақстан, 1991. -256.
- 3 Әбенбаев С.Ш. Ұлттық-эстетикалық мәдениет негіздері. – Алматы, 2001.
- 4 Жаңғырған салт-дәстүрлер. – Алматы, 1991.
- 5 Ғабитов Т., Мүтәліпов Ж., Құлсариева А. Мәдениеттану негіздері. – Алматы, 2000.
- 6 Елеукенов Ш. Сұлулыққа іңкәрлік. – Алматы: Білім, 1992. – 328 бб.

ӘОЖ 37.01:39

Ж.А.Орынтаева

*Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің
Информатика және қолданбалы математика кафедрасының
аға әдвайзері*

ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ – ҰЛТ БОЛАШАҒЫ

Мақалада ұлттық тәрбиенің ерекшеліктері мен ұлттық салт-дәстүрдің студенттерді тәрбиелеудегі ролі қарастырылған.

Түйінді сөздер: *ұлттық тәрбие, салт-дәстүр, қарым-қатынас, сана-сезім, болашақ, білім, ғылым, студент.*

В статье рассмотрены особенности национального воспитания и роль национальных традиции в воспитании студентов.

Ключевые слова: *национальное воспитание, обычай-традиция, связь, сознание, будущее, знание, наука, студент.*

The article describes the features of national education and the role of national traditions in the education of students.

Keywords: *national education, custom-tradition, connection, consciousness, future, knowledge, science, student.*

Бүгінгі жастарға ұлттық тәрбие беру керек деген идеяны басшылыққа алған Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінде ұлттық тәрбиеге айрықша мән берілуде. «Жастар біздің болашағымыз» дейтін болсақ, сол жастарымызды ұлтын сүйетін ұлтжанды, Отанын сүйетін патриот, жоғары адамгершілік иесі, ұлттық рухы биік парасатты азамат етіп тәрбиелеу

үшін оларға ұлттық тәрбие қажет екенін өмірдің өзі-ақ көрсетіп отыр. Осыған орай, университетімізде ұлттық тәрбие мәселелерін дәйекті оқыту үшін арнаулы оқу және оқу-әдістемелік құралдар шығарылуда. Информатика және қолданбалы математика кафедрасының оқытушылары «Студенттің бос уақытын ұйымдастыру» атты әдістемелік құрал дайындап шығарды. Сабақ үрдісінде

және тәрбие сағаттарында студент-жастарға тұрмыстық тәрбиеге байланысты салт-дәстүрлер, ырым-тыйымдардың маңызы, бала дүниеге келгеннен өскенге дейінгі аралықта қолданылатын салт-дәстүр, сәлемдесу әдебі, сыйластық, қонақ күту, ас ішу әдебі, сөйлеу әдебі және киім кию тәрбиесі, ұлттық тәрбиедегі еңбек тәрбиесінің орны, қазақ халқының озық мәдениет үлгілері мен олардың тәрбиелік мәні сияқты ұлттық құндылықтарымыз тиянақты оқытылып, үлгі ретінде көрсетілуде десек қателеспейміз. Осыған байланысты «Қош келдің әз-Наурыз» атты ашық тәрбие сағатында студенттеріміздің сөйлеу мәнері мен ұлттық салт-дәстүрлерімізге тоқталуы, бата беру, тұсау кесу, ұлттық тағамдарымыз бен қол өнерін қаншалықты білетіндігін сұрақ-жауап бөлімдерінен көрдік.

Ұлттық қалпымызды сақтап қалу қазіргі жастарымызды әртүрлі діни ағымдардан қорғаштаудың бір амалы десек болады. Осы мәселеге бағытталған ашық дәрістерге кафедра оқытушылары мен студенттері белсене қатысып, ұлттық тәрбие туралы мол мағлұматтар алды. Студенттеріміз діни ағымдардың арбауына түспей, қазақ ұлтының салтымен жүрудің маңызды екенін ұғынды.

Ұлттық тәрбиенің көздеріне халық ауыз әдебиетін, ұлттық әдебиетті, әдет-ғұрыптарды, салт-дәстүрлерді және ұлағатты қағидалар мен шешендік сөздерді, өнеге-өсиеті бар мақал-мәтелдер мен тәрбие қағидаларды жатқызуға болады. Осы орайда,

информатика мамандығының 2 курс студенті Нұрғожа Арайлым «Жайдарман» КВН ойындарына қатысса, Салғараева Ұлжан «Университет аруы» байқауына қатысып өз өнерін көрсете білді. Жатақханамызда ұйымдастырылған «Шаш күту мен өрімдер» атты жарысқа информатика мамандығының студенті Смағұл Жауқазын бас жүлде алды. Сонымен бірге, отбасы тәрбиесінің ұлттық ерекшеліктері, туыстық қарым-қатынас, жеті ата туралы түсінік, перзенттік парыз бен қарыз, ұлттық намыс, сана-сезім, отансүйгіштік, еңбек сүйгіштік қасиеттер ұлттық тәрбиенің негізгі бағыттары екені белгілі. Ал біздің университет студенттері Қазақстанның әртүрлі аймақтарынан келген ару қыздар болғандықтан, ұлттық тәрбиені жиі айтып тәжірибе түрінде көрсетіп отыруымыз керек. Себебі, олар болашақта ұлтымыздың кілтін ұстайтын жандар! Яғни, болашақ ана, болашақ жар, әлем бесігін тербететін тұлға!

Иә, ұлттық тәрбие – ұлттық сана-сезімі жоғары болашақ маман жастарды тәрбиелеуге негізделген білім беру жүйесінің құрамдас бөлігі. Білім беру ісі мен ұлттық тәрбие бірлігіне қол жеткізіп, жаңа ғасырдың жаңа сипаттағы интеллектуалды ұрпағын қалыптастыру ісі басты нысанаға алынып отыр. Ендеше, «Ел боламын десек, бесігінді түзе» демекші, ел болып, ұлт болып қаламыз десек, жоғары оқу орындарында ұлттық тәрбиеге аса көңіл бөлген жөн деп ойлаймыз.

ӘӨЖ 811.512.122

М.М. Увайсова

ТарМУ «Шет тілдері» кафедрасы, ф.ғ.к.
Тараз қ.

ТІЛ – ҰЛТ БАЙЛЫҒЫ

Бұл мақалада мемлекеттік тіл - өзгелерден биік, қолдану аясы кең болуы тиіс екені және әрбір өсіп келе жатқан бала өз ана тілінде тәрбиеленіп, өз ана тілінде ойлап, сөйлеуі керек екені айтылған.

Түйінді сөздер: *ана тілі, тіл мәртебесі, ғылым, білім, мемлекеттік тілді қолдану аясы, тәрбие.*

В этой статье рассматривается что государственный язык должен быть выше всего. Каждый человек должен говорить, воспитан и думать в своем родном языке.

Ключевые слова: *родной язык, статус языка, наука, знание, применения государственного языка, воспитание.*

In this article it is considered that the state language has to be higher than all. Each person has to speak, educated and to think in the native language.

Keywords: *the mother tongue, status of language, science, knowledge, applications of official language, education.*

Мектеп оқушысы болып жүрген кезімде қазақ тілі мұғалімі қазақ тілі сабағында белгілі бір тақырыпқа сай бірнеше мысалдар айтып, үзінділер оқығанда қазақ тілінің ғажап екенінің куәсі болдым. Қазақстанда тұратын барша ұлт өкілдерін осы қазақ тілі ғана біріктірсе екен деймін. Қазақ тілі өз тұғырына қонса екен.

Тіл – халықтың жаны да, сәні де. Ана тілінің топырағында көктеп, ауасынан тыныс алмаған өнер де, білім де өміршең емес.

«Тәуелсіздік алғаннан кейінгі кезеңде небір тар жол, тайғақ кешулерден сүрінбей өтіп, әлеуметтік экономикалық, саяси жаңғыру жолына түскен Қазақстан бүкіл әлемдік қауымдастықтағы өз орны, өз беделі бар абыройлы мемлекетке айналды» – деп Елбасымыз атап өткендей, осы уақыт аралығында Қазақстан да, қазақ баласы да басынан талай жақсы күндер мен өткелі көп өтпелі кезеңді басынан кешірді. Соған қарамастан қазақ елі әлемге өзіндік бет бейнесімен ұлт ретінде, мемлекет ретінде танылды.

1989 жылы тіл жанашырлараның белсенділігінің арқасында мемлекеттік тіл мәртебесін алған қазақ тілі содан бері барынша тұқыртулымен келеді. Содан бергі уақыт ішінде тіліміздің қанатын кеңге жайғаны байқалады.

Елдің ең қастерлі құжаты – Конституция. Ата Заңымыз елдігімізді айқындайды, ұлттығымызды ұлықтайды, тілімізді төрге шығарады. Қазақстан өз тәуелсіздігін жариялағаннан кейін қазақ тілін мемлекеттік тіл деп жариялады. 1995 жылғы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданған Қазақстан Республикасының Конституциясының 7-бабында көрсетілген: «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік тіл – қазақ тілі» [1]. Ата Заңымыз бойынша еліміздің аумағында мекендейтін әр ұлттың өз тілін, өз мәдениетін, өз дәстүрін дамытуға мүмкіндік жасалған. Осы жиырма жыл еліміздің іргетасын қатайтты, тілдік ортаның бедерін өзгертті. Қазақ тілінің қолданылу ауқымы артты. Тіл барлық кезеңде ұлттық идеяның басты діңгегі және мемлекеттік

идеологияның негізгі іргетасы болып саналады. Тіл арқылы тілдесе де, бірлесе де аламыз, біріге де, кіріге де аламыз. Адамзат қоғамының саналы түрде сабақтаса, араласа тіршілік етуінің айрықша белгісі, ұлттық ділінің көрінісі – Тіл. Адам баласы ұлтына, жеріне, тарихи дамуына, қауымдасуына, діліне қарай дербес мемлекеттер болып өмір сүріп жатқанда тіл мәселесінің мазмұны да, мәні де артатындығы белгілі. Бұл арада қазақ халқының саяси тәуелсіздік алып, өз алдына жеке ел болуы – оның тілінің де еркіндік алуымен, кедергісіз өрістеуімен тікелей сабақтасып жатуы керек. Қандай халықтың болсын егемендікке қол жеткізуі – өзінің байырғы ұлттық құндылықтарына оралуын білдіреді. Өйткені тәуелсіздігіміздің мәні қандай болса, тіліміз де соншалықты маңызды.

Елбасымыздың өзі «мемлекеттік тіл – Қазақстан халқын біріктіруші аса маңызды фактор» деп, Ана тіліміздің қоғамдағы орнын айқындап берген болатын.

Менің түсінігім бойынша мемлекеттік тіл – өзгелерден биік, қолдану аясы кең болуы тиіс. Әрине басқа тілдерді білу керек, біздің жастар қазіргі ғаламдану заманында өзінің орнын ойып алуы тиіс. Әрбір өсіп келе жатқан бала өз ана тілінде тәрбиеленіп, өз ана тілінде ойлап, сөйлеуі керек.

М.Әуезов айтып кеткен «әрі бай, әрі көркем тілімізді» мұхиттың арғы бетінен келген өзге ұлт өкілдерінің аузынан есту-біз үшін қуаныш. Яғни, өзге ұлт өкілдерінің қазақ тілін үйренуге деген құлшынысы артып келеді. Демек, еліміз-егемендік, тіліміз мемлекеттік мәртебе алғалы қазақ тілін үйренушілер қатары өсе түсуде. Мемлекеттік тілді меңгеруге өз республикамыздың азаматтары ғана емес, шет елдерден келген адамдардың да ден қою көңілге қуаныш ұялатады.

Тіліміздің осылай шарықтап қанат қағуымен қатар, көңілді су сепкендей басатын көлеңкелі жайттар да кездеседі. Туған тілін шұбарлап сөйлейтіндер, тіпті, туған тілден безетін сорақыларды да кездестіріп жатамыз.

Ана тілі – ар өлшемі. Олай болса, тілді шұбарлауларды шұбарлау, көңіл тұнығын лайлау. Осы тұста ақын Әбділда Тәжібаевтың:

Туған тілім – тірлігімнің айғағы,
Тілім барда айтылар сөз ойдағы.

Өссе тілім, мен де бірге өсемін,

Өссе тілім, мен де бірге өшемін! – деген тамаша жыр жолдары есімізге түседі. Тіліміздің мәртебесі көтерілсе, елдің де мәртебесі биік болатыны хақ.

Тіл қастерлі де, қасиетті ұғым. Ол әрбір адамға ана сүтімен бірге еніп, қалыптасады. Бұл туралы ақын Сұлтанмахмұт Торайғыров:

Сүйемін туған тілді – анам тілін,

Бесікте жатқанымда – ақ берген білім, – деп кесіп айтқан. Ана тілін сүйген адам – туған жерін, елін, отанын, атамекенін сүйеді деген сөз. Ал, бұлардың бәрі-адам баласы үшін ең қасиетті ұғымдар. Өмірдің алмастай қырын, абзал сырын түсіне білуіңе басты себепкер – сол ана тілің.

Мені ата-баба зердесімен байланыстыратын тек қана – ана тілі. Оны ғылымда «филогенетикалық жад» дейді екен. 1989 жылы Францияның екі ғалымы осы саланы зерттеп, Нобель сыйлығын алған.

«Құран Кәрімнің» 49-сүресінде: «Бір-бірінді тануларың үшін сендерді ұлтқа, рухқа бөлдік», – деген аят бар. Ендеше ана тілді бірінші біліп, игеру – аксиомалық заңдылық. Сауатты да мәдениетті, рухы күшті адам өз кәсібіне қарай, мамандығына сай, егер басқа тіл қажет болса, жол-жөнекей үйрене алады. Ілгерінді-кейінді өткен ғалымдар өз ана тілін толық меңгеріп алып, сонан соң ғана өзге тілді үйренген.

Заманымыздың заңғар жазушысы Ғабит Мүсірепов: «Ана тілін ұмытқан адам өз халқының өткенінен де, бүгінінен де, болашағынан да қол үзеді. Ана тілін тек өгей ұлдары ғана менсінбейді, өгей ұлдары ғана аяққа басады», – деген-ді.

Өз тілімізді өзіміз құрметтемесек, сыйламасак, біздің тілімізді кім бағалап, кім сыйлайды? Ал өз тілін сыйлата алмаған ел өзін қалай сыйлата алмақ?

Қазақ тілі осал тіл емес. Ол-әлем мойындаған Абай, Ілияс, Мағжан, Мұхтар секілді алыптарды туғызған тіл.

Қазіргі таңда өзекті жан-жақты қаралып жатқан мәселелердің бірі – мемлекеттік тілді оқыту мәселесі. Сонымен қатар, бұл мәселе тілдік коммуникацияның тікелей зерттеу нысаны бола келіп, қазіргі кезеңде өзекті мәселе болып отырған қазақша сөйлеуге үйретудің тиімді жолдарын табуға көмектеседі. Мемлекеттік тілді оқыту мәселесімен айналысып жүрген ұстаздар, тілшілер, ғалымдар көптеп саналады. Олардың әрқайсысы әр түрлі мәселелерді қарастыра келіп, қазақ тілін оқыту саласының дамып, жетілуіне үлес қосуда.

Жолдауда Елбасымыз: «Қазір біз балаларымыз қазақ тілімен қатар орыс және ағылшын тілдерін де белсенді меңгеру үшін жағдай жаңсауға шаралар қабылдап жатырмыз. Үштілділік мемлекеттік деңгейде ынталандырылуы керек», деп әлемдік деңгейдегі елдердің қатарына жетудегі тілді меңгерудің жоғары талабын қойды [2].

Меніңше, көп тіл білуге ешкім қарсы емес сияқты. Әл-Фараби бабамыздың өзі 76 тіл білген. Үш тіл білу, зерделі азамат екеніміздің дәлелі деп білемін. Яғни біз аз уақыттың ішінде бірнеше тілді зерделеуге қабілетті ұрпақ болып қалыптасамыз. Бәсекелестікке жарамды боламыз. Тіл – сөз жеткісіз құдіретке ие. Францияның каролі бесінші Карла ағылшын тілі – дипломатияның, неміс тілі – соғыстың, италян тілі – сүюдің

тілі деп бағалаған. Ендеше, ұлылардың ұлағатты сөзіне бас ие отырып, осы тілдерді меңгерейік.

Қорыта айтқанда, тілдік ахуал уақыт өткен сайын жақсарып келеді. Тәуелсіздік тілді тығырықтан шығарып қана қойған жоқ, оның ғұмырын ұзартты, тынысын кеңейтті. Кеңестік кезең мен қазіргі уақыттың айырмасы жер мен көктей. Тілдік орта қазақылана бастады, тіл үйренуге ықылас артты. Екі тілде еркін сөйлейтін жастар қатары көбейе бастады, қос тілді қос қанатына айналдырған жас билингвист-журналистер ақпарат саласының ажарын аша түсті.

Мемлекеттік тіл тәуелсіздігіміздің жырын жырлап, мемлекетіміздің бұғанасын қатайтты. «Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы — тіл» деген Ахмет Байтұрсыновтың қасиетті қағидасына сүйенсек, Ата Заң аясында бақ-берекеміздің сақталып отырғаны тіл саясатын да дұрыс жүргізудің жемісі екені анық [3].

Жалпы, тіл жеке адамның шаруасы емес. Мемлекеттік де басыбайлы дүниесі емес. Тіл - халық қазынасы, ұлттық жаны. Тілдің мәселесі – ұлттық мәселесі. Мерейін асыратын да өзіміз, құтын қашыратын да өзіміз. Тіл отбасынан бастау алады, отан аясында дамиды. Отбасы өзіміз де, Отанымыз Қазақстан! Елбасымыз айтқандай, «Қазақстанның болашағы — қазақ тілінде». Ендеше, тілімізді, ұлтымызды отбасымызды қадірлегендей қадірлейік!

Әдебиеттер

- 1 Қазақстан Республикасының Заңы. Қазақстан Республикасындағы тіл туралы 11 шілдедегі 1997 жылғы
- 2 Тілдерді қолдану мен дамытудың 2001-2011 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы.
- 3 «Тілдерді қолдану мен дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы».

МАЗМҰНЫ - СОДЕРЖАНИЕ

Құттықтау	6
Сманов Б.Ө. Ұлтын сүйген азамат.....	8
Нуриев М .А. Көрегендік пен кемеңгерлік иесі – Көбекең.....	13
Нарибаев К.Н. Воспитание экономической культуры специалиста.....	16
Тауланов С.С. Быть патриотом – ценность во все времена.....	21
Наурызбай Ж.Ж. Ұлттық тәрбие – мәдениетті тұлғаны қалыптастыру негізі.....	25
Сабырова З.Қ. Ұлтжандылық – қыз тәрбиесінің негізі.....	29
Даутова С.Б. Қоғамның дамуына қосқан әдебиеттану ғылымының іргелі үлесі.....	33
Қойгелдиев М.Қ. Түркістан халықтары тарихындағы ағартушылық кезеңі және оның ел өміріне ықпалы.....	38
Нуриев М .А. Тұлғаның зияткерлік болмысын қалыптастыруда білім беру үдерісін модернизациялау жағдайы.....	43
Auyelgazina T. National education in system of socialization of the personality.....	47
Бөлеев Қ. Қазақстандағы ұлттық тәрбие мәселелері бойынша зерттеулер.....	54
Оразбаева Ф.Ш. Интеллектуалды тұлға қалыптастыруда үштілді маман дайындаудың басты мәселелері.....	64
Исхан Б.Ж., Оспанова Б.Р. Жастарды отаншылдық рухта тәрбиелеудегі ұлттық құндылықтардың маңызы.....	70
Құламанова З. «Отан, Отан! Бәрінен қымбат екен, мен оны мәңгілікке сүйіп өтем!»	74
Утепова А.Қ. Ұлтжандылық – ұлттық тәрбиенің бастауы.....	79
Шыныбекова К.М. Патриотизмдегі көркемөнердің рөлі.....	83
Тунғұшбаева А.Т. Сөз өнері – тіл құдыретінің ағылшын-қазақ мақал-мәтелдеріндегі рөлі.....	86
Тайманова С.А. Бүгінгі әлемдегі ұстаз.....	89
Куненова П.С. Ұлттық тәлім-тәрбие алмаған жастың ұлттық рухы болмайды!.....	91
Орынтаева Ж.А. Ұлттық тәрбие – ұлт болашағы.....	95
Увайсова М.М. Тіл – ұлт байлығы.....	97

Мақалаларды журналға басып шығарудағы талаптары

Мақаланы «Ұлттық тәрбие» журналына тапсыру үшін журналдың жауапты хатшысына қағаз түрінде басылып шыққан файл көшірмесімен кез келген электронды таратушыда өткізу керек. Дискетадағы ақпарат қағаз түрінде басылып шыққан ақпаратқа сай келуі қажет.

Мәтін Microsoft Word мәтіндік редакторда, Times New Roman шрифтпен, шрифттің өлшемі № 12 терілуі қажет. Мақаланың көлемі 5-беттен кем болмауы тиіс. Беттің параметрлері: үсті – 2 см, асты – 2 см, сол жағы – 3 см, оң жағы – 1,5 см. Жоларалық интервал – дара (одинарный).

Мақала автордың аты-жөні, қызметі, ғылыми лауазымы, мақаланың атын көрсетумен басталады, мақаланың соңында екі тілде түйін беріледі (егер мақала қазақ тілінде жазылса, онда түйін орыс және ағылшын тілдерінде, егер мақала орыс тілінде жазылса, онда түйін қазақ және ағылшын тілдерінде жазылады т.с.с.). Мақала терілгеннен кейін автор өзі тексеріп, қателерін түзеп, соңғы нұсқасын беруі қажет. Мақала мазмұнына автор өзі жауап береді.

Әдебиеттерге сілтеме міндетті түрде жасалсын. Олар мәтінде аталуына қарай таяқшада сан түрінде көрсетіледі. Мақаланың соңында берілетін әдебиеттер тізімінде алдымен автордың аты-жөні, мақаланың немесе кітаптың аты, сонан кейін кітаптың жалпы мәліметтері көрсетіледі.

Мақаланың соңында қызмет және үй телефон нөмірлерін көрсетулеріңіз қажет.

Түп нұсқалар, қойылған талаптарға сай келмеген жағдайда баспаға қабылданбайды. Мақалалар кері қайтарылмайды және өңделмейді.

Мақаланы баспаға шығару ақысы университеттің кассасына төленеді немесе банк арқылы төлеуге болады. *Қойылған талаптарға сәйкес мақаланы журналға шығару бағасы 1500 теңге.

Бір жылға жазылу бағасы 3104 теңге. Журналға жазылу «Қазпошта» бөлімшелері арқылы жыл бойына жүреді. **Индекс 74310**

Требования к оформлению статей, публикуемых в журнале

Материалы для журнала «Ұлттық тәрбие» сдаются ответственному секретарю журнала в распечатанном виде с приложением копии файла на любом электронном носителе. Информация на электронном носителе и в распечатанном виде должна быть идентичной.

Набор должен быть произведен в текстовом редакторе Microsoft Word шрифтом Times New Roman, кегль – 12. Статья должна быть не менее 5 страниц. Параметры страницы: верхнее – 2 см, нижнее – 2 см, слева – 3 см, справа – 1,5 см. Междустрочный интервал – одинарный.

Статья должна начинаться с указания ФИО автора, занимаемой должности, ученой степени, названия статьи. В конце статьи обязательно наличие резюме на двух языках (если статья написана на казахском языке, то резюме должно быть написано на русском и английском, а если статья написана русским языком, то резюме следует писать на казахском и английском). Текст должен быть тщательным образом выверен и отредактирован автором после набора. Автор сам отвечает за содержание статьи.

Ссылки на литературные источники обязательны. Они даются в тексте цифрами в сносках по мере упоминания. В списке литературы, который дается в конце статьи, вслед за фамилией и инициалами автора идут название статьи или книги, а затем остальные выходные данные.

В конце статьи необходимо указать номер служебного и домашнего телефона.

Оригиналы, оформление которых не будет соответствовать указанному требованию, к публикации не принимаются. Статьи не возвращаются и не рецензируются.

Материалы, поступившие в редакцию, в дальнейшем не будут использоваться в других изданиях.

Оплата за публикацию вносится в кассу университета, либо производится по безналичному расчету. *Стоимость статьи в журнал 1500 тенге.

Подписная цена за год 3104 тенге. Подписка на журнал проводится в течение года в отделах «Казпочта». **Индекс 74310**

*Реквизиты: РГП ПХВ Абай атындағы Қаз ҰПУ
ИИН KZ17856000000086696
БИН 031 240 004 969
РНН 600900529562
АГФ ОАО «БанкЦентрКредит»
МФО 190501719, код 16
Свидетельство о постановке на учет по НДС:
Серия 60305 № 0005741 от 13.01.04

Ескерту:

Жекелеген авторлардың журналда жарияланған мақалаларындағы пікір-ұсыныстары редакцияның түбегейлі көзқарасын білдірмейді.

Мазмұнды, әрі мағыналы жазылған мақалалар редакцияда қаралып, ақысыз жарияланатын болады.

Примечание:

Мнения и предложения авторов статей опубликованных в журнале могут не совпадать со взглядами и мнением редакции.

Лучшие статьи по мнению редакции будут печататься в журнале бесплатно.

Құрметті оқырмандар!

«Ұлттық тәрбие» журналын «Қазпошта» АҚ мекемесінің кез келген бөлімшесінен жаздырып ала аласыз. Журналға жазылу жыл бойына жүргізіледі.

«Ұлттық тәрбие» журналын жаздырып алуға және мақала жариялап, өзіндік тың ой қосуға асығыңыз, ағайын!

Мына мекен-жайға хабарласуларыңызға болады: Жамбыл көшесі, 25 үй, 24 каб. Тел: 291-88-83. E-mail: nitso@mail.ru

**050010, Алматы қаласы, Достық даңғылы, 13
Абай атындағы ҚазҰПУ**

Абай атындағы ҚазҰПУ-нің «Ұлағат» баспасының баспаханасында басылды
Издательство «Ұлағат» Казахского национального педагогического
университета имени Абая

*Жауапты редактор/Ответственный редактор – Жанар Сейсенбаева
Жауапты хатшы/Ответственный секретарь – Анар Құрманғали
Беттеген/Верстка – Анар Құрманғали*

Редакция мекен-жайы:

050010, Алматы қ., Жамбыл к-сі 25 үй, Интеллектуалды ұлт қалыптастыру ҒЗИ,
каб. 24.

Тел/факс: 8(727) 291-88-83, 8702 951-87-61,
электрондық мекен-жай: nitso@mail.ru

Басылымға жіберілді: 19.06.2013 ж. Пішімі 60x84 ¹/₈.
Қағазы сықтықар. Басылым – офсет. Көлемі 13,25 б.т.
Таралымы 500. Тапсырыс № 167

ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ
НАЦИОНАЛЬНОЕ ВОСПИТАНИЕ

3 (17)2013
(мамыр - маусым)

